SAMRUK-KAZYNA
CONSTRUCTION



# 2020
## жылдық есеп

## МАЗМҰНЫ


2 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

4 БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

6 ЕСЕП ТУРАЛЫ
8 Жарғылық капиталдың құрылымы
8 Даму стратегиясы және оны жүзеге асыру
9 Топ құрылымы (31.12.2020 ж. жағдай бойынша)
10 2020 жылғы қоғам қызметі нәтижелерінің шолуы
14 Маңызды мәмілелер туралы ақпарат
14 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
15 Маңызды тәуекелдер

16 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
17 Корпоративтік басқару құрылымы
17 «Самұрық-Қазына» ақ корпоративтік басқару кодексі қағидаларының орындалғаны туралы 2020 жылғы есеп
18 Директорлар кеңесі
22 Директорлар кеңесінің қызметін бағалау
23 Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру
24 Директорлар кеңесінің комитеттері
24 Директорлар кеңесі мен басқарма мүшелеріне сыйақы төлеудің негізгі ережелері
25 Басқарма
30 2020 Жылғы басқарма қызметі туралы есеп
31 Ішкі аудит

32 ҚОҒАМДЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУ
33 Тұрақты дамуды басқару
34 Маңызды тақырыптарды анықтау
35 Мүдделі тараптармен өзара тиімді әрекеттесу
38 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы әрекет ету
39 Мемлекеттік саясатқа қолдау көрсету
39 Жеткізілімдердің жауапты тізбегі
40 Қоршаған ортаны қорғауға әсерді басқару
40 Тиімді корпоративтік мәдениет
41 Кадрлар әлеуетін дамыту
42 Оқыту
42 Ынталандыру жүйесі
43 Қызметкерлер мен басшылықтың өзара әрекеттесуі
44 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
45 Демеушілік және қайырымдылық

46 ПРИЛОЖЕНИЯ
47 Қосымша №1. Маңызды операциялар туралы ақпарат
48 Приложение № 2. Индекс содержания GRI
53 Қосымша №3. Шоғырландырылған қаржылық есептілік

110 Байланысқа арналған ақпарат




SAMRUK-KAZYNA CONSTRUCTION

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) «Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы №265 қаулысын орындау үшін құрылған. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - Жалғыз акционер) шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытуға қолдау көрсету Қоғам қызметінің басты мақсаты болып белгіленген. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.

### ПАЙЫМДАУ

Біз қажетті ресурсы, сенімді әріптестер тобы, сонымен қатар жобаларды, құрылыс пен жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруға арналған құзіреті мен тәжірибесі бар ұйымға айналамыз.

### МІНДЕТ

Біз сапалы әрі қолжетімді тұрғын үй ұсыну арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір сапасын жақсартамыз, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрылыс және жобаларды басқару тиімділігін арттырамыз.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті әріптестер, серіктестер!**

Сіздердің назарларыңызға «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ң 2020 жылғы қызметі туралы жылдық есепті қуана ұсынамыз.

2020 жылы Компания өзін Жалғыз акционердің маңызды міндеттерін жүзеге асыратын сенімді ұйым ретінде танита отырып, жаңа Даму стратегиясын жүзеге асыруды жалғастырды. Компанияның сенімділігі мен тұрақтылығы Fitch Ratings Ltd. Халықаралық рейтинг агенттіктерінің «BB» деңгейіндегі рейтингтерімен «Тұрақты» деген болжаммен расталды, ал Аналитикалық кредиттік рейтинг агенттігі «Тұрақты» деген болжаммен «BB+» деңгейіндегі кредит рейтингін берді.

2020 жылды қорытындылай келе, Компания қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша оң динамиканы атап өтуге болады. Осылайша, 2020 жылы Алматы қаласында «VOSTOCHKA.KZ» тұрғын үй кешеніндегі 16 үйдің және Өскемен қаласындағы 3 тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, 2020 жылы компанияның «Самұрық-Қазына» АҚ алдындағы Дағдарысқа қарсы бағдарлама бойынша қарызды толық өтеуімен, «Нұрлы жер» бағдарламасының жалға беру бағыты бойынша және «Жасыл орам» жобасы аясында, сонымен қатар компанияның «Нұрлы жер» бағдарламасының коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша борышты мерзімінен бұрын өтеу үшін Компания шығарған облигациялар бойынша қарыздарды ішінара өтеуімен байланысты алдыңғы жылмен салыстырғанда компания міндеттемелерін 16%-ға төмендетті. Бұл ретте Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында компания Қазақстан Республикасында төтенше жағдайлардың енгізілуімен байланысты есептік жылдың соңына дейін жалға беру төлемдерінің мерзімін кейінге шегеру туралы шешім қабылдады.

2020 жылы Жалғыз акционердің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын және Қоғам жобаларды техникалық қадағалау және басқару жөніндегі инжинирингтік қызметтерді жеткізуші ретінде қатысатын жобаларға басты назар аударылды. Осылайша, 2020 жылы Түркістан қаласында 7000 орындық Стадион, Оқушылар сарайы, Конгресс холл, Х.А. Яссауи атындағы мұражай, Цифрлық кеңсе, сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ драма театры мен Жеңіл атлетика спорт кешені пайдалануға енгізілді.





2020 жылы Компания өзін Жалғыз акционердің маңызды міндеттерін жүзеге асыратын сенімді ұйым ретінде таныта отырып, жаңа Даму стратегиясын жүзеге асыруды жалғастырды.



Жайлы тұрғын үйдің қолжетімділігін әрі қарай арттыру және 2020 жылдың 2-жартысынан бастап тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мақсатында Қоғам Ақтөбе және Нұр-Сұлтан қалаларындағы тұрғын үй кешендерінің құрылысын қаржыландыру жөніндегі корпоративтік шешімдерді қабылдады.

Компания 2028 жылға дейін белгіленген стратегияны жүзеге асыру шеңберінде негізгі қызмет бағыттары бойынша алдына қойған барлық міндеттерін табысты атқарып келеді. Компанияның өзекті үрдістерді және экономиканы дамыту келешегін ескеретіндігіне сенімдімін.

**Е. Жанәділ**



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті әріптестер, серіктестер және оқырмандар!**

Сіздердің назарларыңызға «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ң 2020 жылғы жылдық есебі ұсынылып отыр.

Қоғам 2020 жылды тұрақты өндірістік және қаржылық көрсеткіштермен аяқтады: Түркістан мен Түркістан облысындағы нысандар пайдалануға енгізілді, олардың ішінде: «Оқушылар сарайы», «Конгресс-холл», «Х.А. Яссауи атындағы мұражай», «Түркістан қаласындағы әкімшілік ғимарат (Цифрлық кеңсе)», «7000 орындық стадион», Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақ драма театры», «Жеңіл атлетика спорт кешені» пайдалануға енгізілді, ал Өскемен қаласында І. Есенберлин даңғылының бойында орналасқан тұрғын үй кешені, Алматы қаласында «Vostochka тұрғын үй кешені пайдалануға енгізіліп, 39,1 млрд теңге мөлшеріндегі облигацияларды өтеу және қарыздар бойынша борыш төлемі жөніндегі міндеттемелер орындалды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 12%-ға жоғары. Таза табыс 6,8 млрд теңгеге өсті, бұл өткен жылғы кезең көрсеткішінен сәл жоғары. 2028 жылға дейін бекітілген Даму стратегиясына сәйкес негізгі 4 қызмет бағыты бойынша жұмыс жалғасуда:

- Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау;
- Жылжымайтын мүлікті басқару;
- Құрылысты басқару;
- Жобалау мен құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін сенімді басқару.

2020 жылы Fitch Ratings рейтинг агенттігі қазақстандық «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ң ұлттық және шетелдік валютадағы эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін (ЭДР) «BB+» деңгейінен «BB» деңгейіне дейін қайта қарады. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты». Бұл рейтингтік іс-әрекеттер компанияның қорландыру құрылымындағы күтілетін өзгерістерге орай мемлекет тарапынан Қоғамға қолдау көрсету факторларын бағалаудың шартты түрде қайта қаралуымен байланысты.

2020 жылғы 17 қарашада Аналитикалық кредиттік рейтинг агенттігі Қоғамға «Тұрақты» болжамымен халықаралық шәкіл бойынша BB+ деңгейіндегі кредит рейтингін берді. АКРА баспасөз релизінде жүйеліліктің жоғары маңыздылық деңгейін және мемлекеттің аса күшті ықпал ету деңгейін атап өтті. Қоғамның операциялық көрсеткіштері орта есеппен болжамды әрі тұрақты, бұл бірінші кезекте тұрғын үй және коммерциялық жылжымайтын мүлік жалдауынан түсетін табыстың арқасында. Негізгі мемлекеттік бағдарламалар бойынша объектілерді қаржыландыру және салу қазіргі сәтте аяқталды. Компанияның сәтті жүзеге асырған жобалары әрі осы салада жинаған мол тәжірибесі 2021 жылы стратегиялық мақсаттарға қол жеткіземіз деген үміт ұялатады. Қоғамның 2021 жылғы негізгі қызметі мынадай инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған: үй-жайларды өткізу және Алматы қаласындағы «Vostochka» ТК жобасынан шығу, үй-жайларды іске қосу, өткізу, Ақтөбе қаласындағы «Бавария» ТК жобасынан шығу, құрылыс-құрастыру жұмыстарының басталуы, Нұр-Сұлтан қаласындағы ЭКСПО ауданында ТК жобасы бойынша үй-жайларды іске қосу және өткізу (2021–2022 ж.), Алматы қаласындағы «Ақкент» тұрғын үй ықшам ауданында үй-жайларды ішінара іске қосу және өткізу (2021–2023 ж.).

Мен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жалғыз акционер белгілеген стратегиялық міндеттерді тиімді дамыту мен жүзеге асыруға арналған барлық қажетті құралдардың бізде бар екендігіне сенімдімін.

Мен Қоғам ұжымы мен әріптестерімізге қол жеткізген жетістіктерімізге қосқан үлестері үшін алғыс білдіріп, алдағы жылы жаңа табысқа жетуді тілеймін!

**Б. Сандықбаев**





> Мен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жалғыз акционер белгілеген стратегиялық міндеттерді тиімді дамыту мен жүзеге асыруға арналған барлық қажетті құралдардың бізде бар екендігіне сенімдімін.

2020 жылы «VOSTOCHKA.KZ» тұрғын үй кешенінің **16 үйлерінің** құрылысы аяқталды



# ЕСЕП ТУРАЛЫ



2020 жылы сыртқы ортада маңызды өзгерістер орын алды (коронавирус пандемиясы, мұнай бағасының құлдырауы, валюта бағамының құбылуы), осының нәтижесінде Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның шығындарын оңтайландырып, 2020–2024 жылдарға бекітілген бизнес-жоспарды қайта қарау туралы тапсырма берді. Қоғамның түзетілген бизнес-жоспары 2020 жылғы сәуір айында әзірленіп, бекітілді. Бірақ, коронавирус індетінің таралуымен байланысты карантин шараларының ұзартылуын және қалыптасқан тұрақсыз жағдайды ескере отырып, түзетілген жоспарға жекелеген өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, «Нұрлы жер» бағдарламасының жалдамалы тұрғын үй бағыты аясында жылжымайтын мүлікті өткізу бойынша кейбір ауытқулар орын алды, бұл ретте Борыш/Капитал көрсеткішін қоспағанда, Қоғам барлық ҚНК-не қол жеткізді. Жаңа құрылыс жобасын жүзеге асыру үшін жоспардан тыс қарыз алынғанын атап өту керек, бұл жоба Қоғамның құрылысты басқару қорын іске қосты және болашақта басқарылатын жылжымайтын мүлік пулын арттырады. Қоғамның 2020 жылғы жылдық есебі он екінші есеп болып табылады және корпоративтік есептілікті жыл сайын жариялап отыру тәжірибесін жалғастырады.

Барлық есептер Қоғамның www.skcn.kz ресми сайтында қол жетімді. Бұл есеп Қоғамның 2020 жылғы қаржылық және қаржылық емес есептілігінің қосындысы болып табылады және Компанияның тұрақты дамып отырған корпоративтік басқару жүйелерінің өзара байланысын көрсетеді. Есептің концепциясын әзірлеу сатысында мүдделі тараптармен жүргізілген сұхбат нәтижелерінің, тұрақты даму саласындағы алдыңғы есепке қатысты алынған Директорлар кеңесі ұсынымдарының мониторингі жүргізілді. Бұл есептің мақсаты – оқырмандарды Қоғамның қызметіне әсер ететін барлық маңызды оқиғалар туралы ақпараттандырып отыру. Қоғам мүдделі тараптарға өз стратегиясын қалай құратынын, өз активтерін қалай басқаратынын, қажетті қаржы көрсеткіштеріне қалай қол жеткізетінін, ұзақ мерзімді келешекте тұрақты қызметінің тұрақтылығын қалай қамтамасыз ететінін, акционерлері мен өз қызметіне мүдделі барлық тараптар үшін түрлендіруге тырысатын құнды құруға қатысты қалай жұмыс істейтінін түсіндіруді көздейді. Дәстүрлі түрде Қоғам қызметкерлерін, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесін, өзі орналасқан өңір тұрғындарын, мемлекеттік органдарды, қаржы институттарын, Компанияның клиенттері мен әріптестерін қоса алғанда, Қоғамның мүдделі тараптарының кең тобы жылдық есептің мақсатты аудиториясы болып табылады. Компанияда кері байланыс жасаудың әртүрлі арналары жұмыс істейді. Жылдық есепке қатысты ескертулер мен тілектер «Байланысқа арналған ақпарат» бөлімінде көрсетілген телефон мен электронды пошта арқылы қабылданады. Келіп түскен барлық хабарламалар келесі Есеппен жұмыс істеу барысында қарастырылып, ескеріледі. Барлық қызығушылық тудырған сұрақтар бойынша біздің қызметкерлеріміз консультациялар береді. Кейбір жағдайда Жылдық есепте ақпаратты қайталамау масатында басқа да жария қолжетімді құжаттарға сілтемелер жасалады. Деректерді дайындап, ұсыну барысында Компания GRI Standards, сондай-ақ қаржылық және өндірістік көрсеткіштерге қатысты қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарын қолдануға бағдарланады. Жылдық есептің 1-қосымшасында Қоғамның мәмілелері туралы ақпарат, 2-қосымшасында GRI Standards құрамының индексі, 3-қосымшасында тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен бірге 31.12.2020 жылы аяқталған жылға шоғырландырылған қаржы есептілігі келтірілген. Есеп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей жарияланады. Құжаттармен Қоғамның Интернет-қорынан танысуға болады.

Жылдық есептің құрамына енгізілген Қоғамның тұрақты дамуы саласындағы 2020 жылғы есеп GRI стандарттарына сәйкес әзірленген: негізгі нұсқа. Есеп Қоғам Басқармасында, кейін Директорлар кеңесінің отырысында талқыланып, Жылдық есептің құрамында бекітіледі. Қоғам қызметкерлері мен сыртқы мүдделі тарап өкілдерінің арасында маңызды тақырыптарды көтеру үшін сауалнама жүргізілді. Атқарылған жұмыс нәтижесінде маңызды тақырыптардың матрицасы құрылды. Ең жоғары ұпай жинаған тақырыптар маңызды болып танылды. Маңызды тақырыптар Есепте толығымен ашылған, олардың ашу сілтемесі GRI мазмұнының индексінде келтірілген.

2019 жылғы Есепте ашылған аспектілермен салыстыра отырып, стейкхолдерлермен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша «Экономикалық көрсеткіштер», «Қызметкерлер мен басшылықтың өзара әрекеттесуі» және «Жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздік» тақырыптары маңызды деп белгіленсе, ал «Тура экономикалық әсерлер», «Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі» сияқты тақырыптар 2020 жылғы Есепте ашып көрсететіндей маңыздылығын жоғалтты. Маңызды тақырыптар бойынша ақпарат жинау шекаралары Есепте Қоғамның барлық анағұрлым маңызды әсерлері сипатталатындай етіп белгіленген. Алдыңғы есептік кезеңмен салыстырғанда ақпарат жинау шекаралары елеулі түрде өзгерген жоқ. Бұл есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

**Жылдық есептің құрамына енгізілген Қоғамның тұрақты дамуы саласындағы 2020 жылғы есеп GRI стандарттарына сәйкес әзірленген.**

# ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

31.12.2020 жылғы жағдай бойынша Қоғамның жарғылық капиталы 19 990 162 мың теңгені құрайды.

- Қоғамның 100% акциялары «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на (Жалғыз акционер) тиесілі. Жарияланған және орналастырылған акциялардың жалпы саны – 16 247 541 дана, оның ішінде:
- бір акцияның номиналды құны 1 000 теңгеден 15 000 000 дана;
- бір акцияның номиналды құны 4 000 теңгеден 1 247 540 дана;
- бір акцияның номиналды құны 2 490 теңгеден 1 дана.
- Барлық акциялар жай акция болып табылады.

Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ жүргізеді.

# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

## ПАЙЫМДАУ

Біз қажетті ресурсы, сенімді әріптестер тобы, сонымен қатар жобаларды, құрылыс пен жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруға арналған құзіреті мен тәжірибесі бар ұйымға айналамыз.

## МІНДЕТ

Біз сапалы әрі қолжетімді тұрғын үй ұсыну арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір сапасын жақсартамыз, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының құрылыс және жобаларды басқару тиімділігін арттырамыз.

2018 жылы бекітілген 2018–2028 жылдарға арналған Қоғамды дамыту стратегиясына сәйкес Қоғам Мемлекеттік бағдарламалар операторы функциясын «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына арналған құрылыс пен жылжымайтын мүлікті басқару саласындағы қызметтерді көрсетуге ауыстырды. Даму стратегиясына сәйкес Қоғамның негізгі стратегиялық бағыттары:

**Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау:**

- Мемлекеттік бағдарламалар бойынша жүзеге асырылатын жобалардың құрылысын аяқтау;
- Тікелей сату, қаржылық немесе операциялық жалдау арқылы жобаларды жүзеге асыру;
- Кестеге сәйкес негізгі борыш пен сыйақыны өтеуге қатысты Жалғыз акционердің алдындағы қаржылық міндеттемелерді уақытылы орындау.

**Жылжымайтын мүлікті басқару:**

- Маркетинг;
- Жылжымайтын мүлік объектілерін жалға өткізу немесе сату;
- Қаржылық менеджмент;
- Қаржы ағындары мен тәуекелдерін басқару.

**Құрылысты басқару:**

- Жобалар пулын құру;
- Жобалау тапсырмасы мен техникалық сипаттізімді әзірлеу, объектілерді жобалау мен салуға әлеуетті компанияларды таңдау;
- Баға құрудың, құрылыс барысын бақылаудың, қолданылатын материалдар сапасының, орындалатын жұмыс мерзімдерінің, сонымен қатар объектілердің пайдалануға дер кезінде енгізілу мониторингі арқылы құрылысты Консультант ретінде басқару.

**Жобалау мен салу сатысында компанияның үлестерін сенімді басқару:**

- Құрылыс жобаларын басқарудың біркелкі және тиімді жүйесін енгізу;
- Баға құрудың, құрылыс барысын бақылаудың, қолданылатын материалдар сапасының, орындалатын жұмыс мерзімдерінің, сонымен қатар объектілердің пайдалануға дер кезінде енгізілу мониторингі арқылы құрылысты басқару.



Жылдық есеп I «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

# ТОП ҚҰРЫЛЫМЫ (31.12.2020 ж. жағдай бойынша)

«СҚ Девелопмент» ЖШС 2013 жылғы 20 наурызда «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңы мен ЭСКПО-2017 халықаралық көрмесін өткізуге дайындық шеңберінде коммерциялық құрамдас бөлігі жоғары «жасыл» және экотехнологияларды қолдана отырып, жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысы жөніндегі жобаларды жүзеге асыру мақсатында құрылған.

Негізгі қызмет бағыттары: «Жасыл» технологияларды қолдана отырып, тұрғын үй құрылысының девелопменті; Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі инфрақұрылымдық жобалардың құрылысына инвестиция; индустриялық аймақтар мен бизнес парктердің девелопменті; институционалдық және жеке инвесторларды тарту; мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды орындау сапасы мен мерзімдерін бақылау; құрылыс жүргізілетін ауданда инженерлік желілерді, ғимараттар мен құрылыстарды, көгалдандырылатын аумақтарды салуды ұйымдастырумен байланысты іс-шараларды жүргізу. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасын орындау аясында «СҚ Девелопмент» ЖШС «BI Corporation» ЖШС-мен бірге «жасыл» технологияларды қолдана отырып, «Жасыл орам» жобасын жүзеге асырды. 2018 жылы «Жасыл орам» жобасының құрылысы аяқталды. **Жоба 10 тұрғын үйден, 3 коммерциялық блоктан** және подиумнан тұрады, жер асты паркингі орналасқан. «Жасыл орам» жобасының сәулеттік концепциясын британиялық AHR компаниясы әзірледі. Концепцияда инновациялық жасыл технологияларды қолдану қарастырылған – «Жасыл орам» объектісінің ғимараттары LEED стандарттарына сәйкестігіне қатысты сертификатталған. Аумақта үй маңындағы аумақтың ландшафт дизайні, әдемі көлшік, жүгіруге арналған және велосипедке арналған жолдары бар саябақ, фитнес-клуб, сауықтыру орталығы салынған.

**«СҚ Девелопмент» ЖШС инжинирингтік қызметі.** 02.04.2019 жылы 2 жыл мерзімге сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы жобаларды басқару құқығына № 000025 Аккредитация туралы куәлік алынды, ал 11.04.2019 жылы 2 жыл мерзімге бірінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерді техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына № 01009 Аккредитация туралы куәлік алынды.

***Жүзеге асырылатын жоба:*** Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы. ГТЭС-ң инженерлік қамтамасыз ету объектілері. Инженерлік желі дәлізі. 1-кезең, сыртқы сумен жабдықтау, 1-кезең, Су даярлау және ағынды суларды тазарту қондырғысы, 1-кезең». Тапсырыс беруші: «Karabatan Utility Solutions» ЖШС. Бірінші кезектің аяқталуы: 2021 ж. ақпан.



«Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС-не қатысу үлесінің 49%-на иелік етеді.

# 2020 ЖЫЛҒЫ ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

**Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау және жылжымайтын мүлікті басқару мақсаты шеңберінде.** Дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында 99% пул немесе 576 мың шаршы метр өткізілді. Тікелей сату әдісімен Есіл ТК-де ауданы 43 шаршы метрді құрайтын 2 паркинг және Ақжайық ТК-де ауданы 28,3 шаршы метрді құрайтын 2 паркинг өткізілді; Нұр-Сұлтан қаласында кейіннен сатып алу арқылы жалға 6 107 шаршы метр өткізілді, оның ішінде: «Есіл» ТК-де ауданы 434,1 шаршы метрді құрайтын 22 паркинг, «Ақжайық» ТК-де ауданы 5 355,2 шаршы метрді құрайтын 309 паркинг, «Бөгенбай батыр» ТК-де ауданы 318 шаршы метрді құрайтын 2 коммерциялық үй-жай өткізілді, ал «Ақжайық» ТК-де 53 паркинг бойынша операциялық жалдау шарттары аяқталды. Қорға ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен ұсынылған кредит қаражаты Дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қаржыландыру көздері болып табылады. Осы бағдарлама бойынша 98,4 млрд теңге кредит қаражаты алынып, толығымен өтелді, сонымен қатар 7,3 млрд теңге алынды.

**«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жалдамалы тұрғын үй бағытында** Қоғам 22 тұрғын үй құрылыс шартын жасасты, Қоғамның міндеттемелері 96,2 млрд теңге соманы құрады, жасалған шарттар шеңберінде тұрғын үй құрылысына 96,1 млрд теңге инвестицияланды. Жасалған шарттар бойынша Қоғам 642,5 мың шаршы метр жылжымайтын мүлікті сатып алды, 22 объектінің ішінде 20 объекті, 1 объектінің тұрғын үй тобы пайдалануға енгізілді, 1 объекті құрылыс сатысында жүзеге асырылды, ол бойынша енгізу мониторингі жүзеге асырылған жоқ, жалдамалы тұрғын үй шеңберінде енгізілген жылжымайтын мүліктің жалпы пулы 596,6 мың шаршы метрді құрайды. Осы бағдарлама аясында халыққа 562,2 мың шаршы метр өткізілді, оның ішінде 555,1 мың шаршы метр тұрғын үй ауданы, 4,0 мың шаршы метр коммерциялық жылжымайтын мүлік және 3,1 мың шаршы метр паркинг өткізілді. Қор ұсынған кредит желісінің қаражаты кейіннен сатып алынатын жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша қорландыру көзі болып табылады. Осы бағдарлама бойынша 95,8 млрд теңге кредит қаражаты алынып, оның ішінде кесте бойынша және мерзімінен бұрын 39,2 млрд теңге өтелді. Қарыз қалдығы 56,7 млрд теңгені құрады.

**«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша** Қоғам жалпы сомасы 95,8 млрд теңгеге 11 объекті бойынша қаржыландыру шарттарын жасасты, оның ішінде Қоғамның үлесі – 75,9 млрд теңге. Қоғам нақты коммерцияық бағыт аясында 73,9 млрд теңге көлемінде қаржыландырды. Осы бағыт шеңберіндегі жылжымайтын мүлік пулы 323,52 мың шаршы метрді құрады. 10 объектіде және бір объектінің тұрғын үй топтарында 285,8 мың шаршы метр пайдалануға енгізілді. Жалғыз акционер ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен бөлген кредит желісі бұл бағдарламаның қаржыландыру көзі болып табылады және оның аясында Қоғам 73,6 млрд теңге алды.

**«Vostochka.kz» ТК жобасын аяқтау** және «Berkut Development» ЖШС-нен 2020 жылы бұрын салынған қаражатты қайтару мақсатында Алматы қ. Vostochka.kz жобасы бойынша құрылысқа инвестициялау шарты жасалды. 2020 жылғы 4 маусымдағы, 2020 жылғы 31 шілдедегі, 2020 жылғы 14 қыркүйектегі, 15 қазандағы және 30 қарашадағы пайдалануға енгізу актілеріне сәйкес Алматы қ. «Vostochka» ТК-де ауданы 52 510 шаршы метрді құрайтын 16 үй енгізілді.

**«Жасыл орам» жобасы** Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен Мәжіліс хаттамасының 4-тармағының 1-тармақшасын орындау үшін жүзеге асырылады. Бұл жобаға дағдарысқа қарсы іс-шаралар шеңберінде бөлінген қаражатты қайталап пайдалану есебінен ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі аясында бастама жасалды. Жобаны «СҚ Девелопмент» ЖШС еншілес компаниясы жүзеге асырды, жалпы инвестициялар құны 44 млрд теңгені құрады, оның ішінде Қоғамның жарғылық капиталы 15 млрд теңге және ол «СҚ Девелопмент» ЖШС капиталдандыру үшін жұмсалды, ал 29 млрд теңге дағдарысқа қарсы қаражатты қайталап пайдалану есебінен кредит желісі түрінде тартылды. Жоба «АТФ Банк» АҚ-на мақсатты депозитті орналастыру механизмі бойынша жүзеге асырылады, оның есебінен жоба құрылысын жүзеге асыратын жобалау компаниясына және осы жобадағы жылжымайтын мүлікті сатып алушыларға кредит беріледі. 2018 жылы жобадағы барлық объектілердің құрылысы аяқталды.

**Бас мердігерлер осы объектілер бойынша құрылыс-құрастыру жұмыстарын аяқтады. Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ драма театры және Жеңіл атлетика спорт кешені пайдалануға енгізілді.**





**Жылжымайтын мүлікті басқару мақсаты аясында** Қоғам келесі активтерді басқару функциясын жүзеге асырады:

1. «Жасыл орам» бизнес-орталығы бойынша Қоғам бизнес-орталықтағы үй-жайды тегін пайдалану түріндегі сыйақыға сенімді басқару қызметтерін көрсетті. Үй-жайлардың жалдауынан түсетін табыс және ғимараттарды күтіп ұстау шығындары мен сенімді басқару шартының талаптарына сәйкес келетін басқа да шығындар есебі жеке бухгалтерлік баланста жүргізілді;
2. «Қазына Тауэр» бизнес-орталығы үшінші тұлғаларға операциялық жалға берілді;
3. Сондай-ақ, Қоғамға меншік құқығы бойынша тиесілі басқа да жылжымайтын мүлік объектілері операциялық жалға берілді.
4. Жалғыз акционер 2015 жылы Қоғамға кейіннен сатып алу арқылы жылжымайтын мүлікті өткізу үшін сенімді басқаруға табыстаған объектілер бойынша төлемдерді жинау мен бақылау жүзеге асырылды.

Қоғамның есептік кезең ішінде коронавирус пандемиясымен және төтеше жағдаймен байланысты кейіннен сатып алу арқылы жалдау шарттары бойынша төлем мерзімдерін шегеру және есептік жылдың соңына дейін операциялық жалдау шарттарын уақытша тоқтату туралы шешім қабылдағанын атап өту керек.

**Құрылысты басқару мақсатында** Қоғам белгіленген бюджет, мерзім мен тиісті сапа шегінде құрылыс жобаларын жүзеге асыру үшін жинақталған тәжірибесі мен ресурстарын пайдалана отырып, құрылыс жобаларын басқару жөніндегі кеңесші және/немесе құрылысқа, техникалық қадағалауға тапсырыс беруші ретінде әрекет етеді. Құрылысты басқаруды жүзеге асыратын жобалар «Самұрық-Қазына» АҚ-ң Басқарма Төрағасының және Үкіметтің тікелей тапсырмасымен беріледі.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Үкіметтің қаулысына сәйкес Түркістан қаласының облыс орталығына айналуымен байланысты «Самұрық-Қазына» АҚ-на Түркістан қаласындағы бірқатар объектілердің құрылысын қаржыландыруды жүргізу тапсырылды. «Самұрық-Қазына» АҚ-на қаржыландыруы тапсырылған объектілердің қатарында мыналар бар:

1. 7000 орындық стадион,
2. Оқушылар сарайы,
3. Қожа Ахмет Яссауи мұражайы,
4. Цифрлық кеңсе,
5. Конгресс-орталық.

Осы жобаларды қаржыландыру «Самұрық-Қазына» АҚ «Объектілерді құрылысы жөніндегі компания» корпоративтік қоры арқылы және Қоғам құрылысты басқару мен техникалық қадағалау жөніндегі қызметті көрсетіп жатқанда тапсырыс беруші ретінде әрекет еткен «Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы өзге компаниялар арқылы жүзеге асырылды. Жоғарыда көрсетілгендердің ішінде барлық объектілер пайдалануға енгізілген. Барлық объектілер бойынша объектіні Түркістан облысының коммуналдық меншігіне сыйға тарту шарттары жасалып, Түркістан қаласы Әкімдігінің атына меншік құқығы тіркелді.

Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес салынған Нұр-Сұлтан қаласындағы Жеңіл атлетика спорт кешені және Қазақ драма театры сияқты нысандар бойынша құрылысты басқару жөніндегі ұқсас шарттарды жасасты. Бас мердігерлер осы объектілер бойынша құрылыс-құрастыру жұмыстарын аяқтады. Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ драма театры және Жеңіл атлетика спорт кешені пайдалануға енгізілді. Спорт кешені IAAFB Халықаралық жеңіл атлетика федерациясы қауымдастығы тарапынан сертификаттаудан өтті.

Осы стратегиялық мақсаттың аясында 2019 жылы «СҚ Девелопмент» ЖШС өз қызметін жүзеге асыра бастады және оның жарғысына қызмет түрлерін кеңейтуге қатысты сәйкес толықтырулар енгізілді: монополияға қарсы органдардың 2025 жылға дейін инженерлік зерттеулер саласындағы қызметті жүзеге асыруға және осы салада техникалық консультациялар беруге рұқсаттар алынды. «СҚ Девелопмент» ЖШС қазіргі уақытқа дейін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының келесі жобалары бойынша техникалық қадағалау қызметтерін көрсетіп келеді:

- ГТЭС инженерлік қамтамасыз ету объектілері: Инженерлік желілер дәлізі. Сыртқы сумен жабдықтау, су дайындау және су ағындарын тазарту қондырғысы.

**Жобалау мен салу сатысында компанияның үлестерін басқару мақсатында** Қоғам объектілер/жобалар пайдалануға енгізілгенше жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу сатысындағы жобалау компанияларының үлестерін/акцияларын басқарады.

2018 жылдың желтоқсан айында «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ-ң еншілес компаниясы – «Бірлескен химия компаниясы» ЖШС өзінің келесі компанияларының жарғылық капиталындағы үлестерін Қоғамның сенімді басқаруына табыстады – «Хим-плюс» ЖШС мен «Karabatan Utility Solutions» ЖШС.

**«Тараз химия паркі» АЭА аумағындағы «ХИМ-плюс» ЖШС-ң жобалары.** Сенімді басқару мерзімі объектілерді пайдалануға табыстайтын сәтке дейін, бірақ 31.03.2021 жылдан кеш емес.

**«Karabatan Utility Solutions» ЖШС жобалары – «ҰИМТ» АЭА инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы**. Сенімді басқару мерзімі объектілерді пайдалануға табыстайтын сәтке дейін, бірақ 2021 жылғы 30 маусымнан кеш емес.

Төмендегі кестеде 2020 жылғы «Самұрық-Қазына» АҚ 2020–2024 жылғы Бизнес-жоспарда белгіленген өндірістік, сондай-ақ стратегиялық ҚНК мәндері келтірілген:

## *Өндірістік ҚНК*

| № | Көрсеткіштің атауы | Өлш.бір | 2020 ж. | 2019 ж. | Өзгеріс (+/-) | Өзгеріс, % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жыл сайын жылжымайтын мүлікті пайдалануға енгізу | мың шаршы м. | 67,1 | 58,7 | +8,5 | 14,5 |
| 1.1 | «Нұрлы жер» жалдамалы тұрғын үйі | мың шаршы м. | 14,6 | 58,7 | –44,0 | –75,1 |
| 1.2 | Алматы қ. «Vostohka.kz» ТК | мың шаршы м. | 52,5 | – | +52,5 | – |
| 2 | «Нұрлы жер» бағдарламасының жалдамалы тұрғын үйінің өткізілген жылжымайтын мүлкі | мың шаршы м. | 83,1 | 141,3 | –58,2 | –41,2 |
| 2.1 | Сату | мың шаршы м. | 43,9 | 14,9 | +29,0 | 194 |
| 2.2 | Кейіннен сатып алу арқылы жалға беру | мың шаршы м. | 39,2 | 124,5 | –85,4 | –68,5 |
| 3 | «Нұрлы жер» бағдарламасының коммерциялық тұрғын үйдегі өткізілген жылжымайтын мүлкі | мың шаршы м. | 1,4 | 48,1 | –46,7 | –97 |
| 4 | Басқа жобалар бойынша, сонымен қатар «Vostochka.kz» ТК-де өткізілген жылжымайтын мүлік | мың шаршы м. | 36,4 | – | +36,4 | – |
| 5 | «Нұрлы жер» жалдамалы тұрғын үйлері бойынша инвестицияларды игеру | млн теңге | 1 117,2 | 3 311,5 | –2 194,3 | –66,3 |
| 6 | «Нұрлы жер» коммерциялық тұрғын үйлері бойынша инвестицияларды игеру | млн теңге | 109,4 | 466,2 | –356,8 | –76,5 |
| 7 | Өзге жобалар бойынша, сонымен қатар «Алматы қ. Vostochka ТК» бойынша инвестицияларды игеру | млн теңге | 11 593,6 | – | +11 593,6 | – |
| 8 | Нұрлы жер жалдамалы тұрғын үйлері бойынша пул | мың шаршы м. | 642,5 | 642,5 | – | – |

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның шоғырландырылған таза табысы өткен жылдың деңгейінде қалып, 6 798 510 мың теңгені құрады.







*млн. теңге*

| № | Көрсеткіштің атауы | 2020 ж. | 2019 ж. | Өзгеріс (+/-) | Өзгеріс (%-да) |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Жалпы табыс** | **23 110** | **27 078** | **–3 967** | **–15 %** |
| ***1.1*** | ***Операциялық қызметтен түсетін табыс*** | ***20 670*** | ***22 641*** | ***–1 971*** | ***–9 %*** |
| 1.1.1 | Өткізуден (сатудан) түсетін табыс | 10 046 | 12 515 | –2 470 | –20 % |
| 1.1.2 | Пайыздық табыстар | 8 913 | 8 594 | +319 | 4 % |
| 1.1.3 | Өзге операциялық табыстар | 637 | 794 | –157 | –20 % |
| 1.1.4 | Қажылық емес активтердің құнсыздануына арналған резервті қалпына келтіру/есептеу | 1 074 | 738 | +336 | 46 % |
| ***1.2*** | ***Қаржыландырудан түсетін табыс*** | ***2 028*** | ***1 367*** | ***+661*** | ***48 %*** |
| ***1.3*** | ***Өзге операциялық емес табыстар*** | ***412*** | ***3 069*** | ***–2 658*** | ***–87 %*** |
| **2** | **Жалпы шығын** | **14 207** | **19 139** | **–4 932** | **–26 %** |
| 2.1 | Өзіндік құн | 8 018 | 12 482 | –4 464 | –36 % |
| 2.2 | Жалпы және әкімшілік шығындар | 1 778 | 2 169 | –391 | –18 % |
| 2.3 | Қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервті есептеу/қалпына келтіру | 2 115 | 1 779 | +336 | 19 % |
| 2.4 | Қаржылық шығындар | 2 115 | 2 646 | –531 | –20 % |
| 2.5 | Өзге операциялық емес шығындар | 52 | 62 | –10 | –16 % |
| 2.6 | Бағам айырмашылығынан келетін залал | 1 | – | +1 | – |
| 2.7 | Еншілес ұйымдардың шығып қалуынан келетін залал | 127 | – | +127 | – |
| **3** | **Табыс салығы бойынша шығындар** | **2 105** | **1 149** | **+956** | **83 %** |
| **4** | **Таза табыс** | **6 799** | **6 791** | **+8** | **0 %** |

Қоғамның есептік кезең ішіндегі шоғырландырылған **жалпы табысы** 23,1 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 15 %-ға төмен. Негізгі өзгеру факторлары:

- есептік кезең ішінде өткізуден түсетін табыс 2019 жылы жер телімі мен «Berkut Development» ЖШС-ң аяқталмаған құрылысын өткізумен байланысты 2019 жылмен салыстырғанда 2,5 млрд теңгеге төмен болды;
- есептік кезең ішіндегі өзге операциялық шығындар 2,7 млрд теңгеге төмен болды, өйткені 2019 жылы тиісті шарттар бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін коммерциялық тұрғын үй шеңберінде оларды салушылар ұсынған өсімақылар мен айыппұлдар, сонымен қатар тиісті шарттың бұзылуымен байланысты «Baur Development» ЖШС ұсынған айыппұл түріндегі табыстар және облигацияларды орналастыру мерзімінің анағұрлым ұзағырақ болуымен байланысты облигациялар бойынша шығындарды өтеуден түскен табыстар есепке алынды.

Сонымен қатар депозиттерге орналастырылған ақша қаражаты көлемінің өзгеруімен байланысты, сондай-ақ 2019 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда қаражаттың анағұрлым жоғары мөлшерлеме бойынша орналастырылуымен байланысты есептік кезең ішіндегі қаржылық табыстар 2019 жылмен салыстырғанда 0,7 млрд теңгеге жоғары болды.

Қоғамның есептік кезең ішіндегі шоғырландырылған **жалпы шығындары** 14,2 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 26 %-ға төмен. Жалпы шығындардың өзгеруі төмендегілермен байланысты:

- тікелей сату әдісімен «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша өткізу көлемінің ерекшеленуімен байланысты есептік кезең ішінде сатылған үй-жайлардың өзіндік құны 2019 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 4,5 млрд теңгеге төмен болды, сондай-ақ коммуналдық қызметтердің шығындарды қайта есептеуімен байланысты жылжымайтын мүлікті өткізгенге дейін жылжымайтын мүлікті күтіп ұстау шығындары есептік кезең ішінде төмен болды;
- есептік кезең ішіндегі жалпы әкімшілік шығындар 0,4 млрд теңгеге төмен, бұл қызметкерлер санының өзгеруімен байланысты. Сондай-ақ 2019 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда ЖӘШ-ң өзгеруіне Қоғамның 2019 жылғы осындай кезең ішінде көтерген мемлекеттік баж салығының шығындары және басшылықтың сыйақысына шыққан шығындар әсер етті;
- есептік кезең ішіндегі қаржылық шығындар міндеттемелер көлемінің өзгеруімен байланысты 2019 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 0,5 млрд теңгеге төмен болды.

# МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2020 жылы жасалған және жасалуына қызығушылық танытылған мәмілелер туралы ақпарат № 1 қосымшада келтірілген.

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қоғамда тәуекелдерді басқару тұрақты әрі үздіксіз процесс болып табылады және әлеуетті түрде тәуекелді оқиғаларды дер кезінде сәйкестендіруді және Қоғам қызметіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралардың қолданылуын қамтамасыз етуді және алға қойған мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Бұндай оқиғаларды алдын алу мүмкін болмаған жағдайда, Қоғам теріс зардаптарды барынша азайтуға қажетті барлық іс-шараларды жүзеге асырады.

Қоғамда тәуекелдерді басқарудың жалпылай қабылданған концептуалды үлгілеріне және Тредвей комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті әзірлеген ұсынымдарға негізделген тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі әрекет етеді (COSO ERM «Ұйымның тәуекелдерін басқару: қызмет стратегиясымен және тиімділігімен интеграция»).

Қоғамда ТБКЖ негізгі қағидалары Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатында белгіленген, ол Қоғамның ресми сайтында орналастырылған және ашық қолжетімді болып табылады. Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қоғамның келесі органдары мен бөлімшелерін қатыстыра отырып, бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқарудан тұрады: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекелдерді басқару комитеті, Ішкі аудит қызметі, комплаенс-бақылаушы, тәуекедерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше. Қоғамда ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді, ол менеджментке тәуекелдерді жедел анықтап, олардың алдын алуға бағытталған шешімдерді қабылдауға және компанияның стратегиялық мақсаттарына жету жолында ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады.

Қоғамда тұрақты негізде Тәуекелдерді басқару комитетінің отырыстары ұйымдастырылып отырады, есептер тыңдалып, маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар талқыланады, ТБКЖ жетілдіру жөніндегі өткізілген іс-шаралар туралы есептер ұсынылады. Жүзеге асырылған тәуекелдер туралы ақпарат Басқармаға және Қоғамның Директорлар кеңесіне дер кезінде жеткізіледі.

# ТБКЖ ЖЕТІЛДІРУ ШАРАЛАРЫ

Қоғамның ТБКЖ тұтас бір процеске біріктірілген өзара байланысты элементтер жиынтығы болып табылады, оның шеңберінде Директорлар кеңесі, менеджмент және қызметкерлер Компанияның қызметіне ықпал етуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды анықтауға, сонымен қатар қолайлы тәуекел деңгейі аясында осы оқиғаларды басқаруға қатысады. Қоғам жыл сайын ТБКЖ тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асырады. 2020 жылы ТБКЖ жетілдіру шеңберінде тиісті іс-шаралар жүргізілді, оның ішінде:

- Қоғамның тәуекел-тәбетін анықтау және оның мониторингі саясаты, тәуекелдерді басқару іс-шараларының тиімділігін талдау жөніндегі нұсқаулық бекітілді;
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберінде өзге құжаттар жаңартылды;
- Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Қоғам басшылығына арналған стратегиялық сессия өткізілді;
- Тәуекел мәдениетін арттыру үшін жаңа қабылданған қызметкерлерге тәуекелдер бойынша кіріспе тренингтер өткізіледі;
- Қызметкерлердің тәуекелдерді басқару жүйесінің қағидаларына қатысты білімін бағалау үшін тұрақты негізде тестілеу жүргізіліп, сауалнама алынады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жұмысы 2021 жылы жалғасады.





*Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы*




# МАҢЫЗДЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Қоғамда жыл сайынғы негізде тәуекелдерді кешенді сәйкестендіру мен бағалау жүргізіліп, оның нәтижелері бойынша тәуекелдер тіркелімі мен картасы құрылады. Қоғамның негізгі тәуекелдері құрылыс қызметінің сипаттізімімен байланысты.

Қоғамның 2020 жылғы тәуекелдер тіркелімі мен картасы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген. 2020 жылы Қоғам регистр мен маңызды тәуекелдер картасына 25 тәуекелді енгізді, олардың ішінде мыналар сыни тәуекелдер болып табылады:

- **Жылжымайтын мүлік объектілерінің пайдалануға дер кезінде енгізілмеуі;**
- **«КАОNTECH International» ЖШС мен «Шар-құрылыс» ЖШС медиативті келісімдері бойынша міндеттемелерді орындамау тәуекелі;**
- **Covid-19 індетін жұқтыру тәуекелі.**

2020 жыл ішінде осы тәуекелдер жүзеге асырылды, сондай-ақ Қоғам Covid-19 індетін жұқтыру тәуекелі және активтердің құнсыздану тәуекелі сияқты маңызды тәуекелдерді сәйкестендіруді назарға ала отырып, тәуекелдер тізімін жаңартты. Қоғам тәуекелдердің жүзеге асырылуын және олардың жүзеге асырылу зардаптарын барынша азайту шараларын қолданды, оның ішінде:

- Объектілерді өткізудің тұрақты мониторингі, объектілерге шығу, жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға енгізу мен жекеменшікке қабылдау мерзімдері жаңартылған шарттарға объектілерді салушылармен қосымша келісімдер жасау;
- Кейіннен жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алушыларға табыстау үшін анықталған ақаулардың жойылуын бақылау және оның мониторингі;
- Тұрғын үй және тұрғын үйлік емес жылжымайтын мүлікті өткізудің ағымдағы бағаларын талдауды жүзеге асыру. Жылжымайтын мүлік нарығы конъюктурасының өзгеруімен байланысты өткізу әдісі мен өткізу бағасының өзгеруі;
- Проблемалық дебиторлық берешекті қайтару жұмысы жүргізілді, кездесулер мен келіссөздер ұйымдастырылды, медиативтік келісімдер шеңберіндегі міндеттемелердің орындалу мәселелері бойынша контрагенттерден келіп түскен ұсыныстар қарастырылды, берешекті белгіленген тәртіппен өндіріп алу үшін жеке және мемлекеттік сот орындаушыларына атқару парақтары жолданды;
- Қоғам қызметкерлерінің бір бөлігі тұрақты негізде қашықтан жұмыс істеуге көшірілді, қызметкерлер офистегі жұмысқа шыққан кезде COVID-19 вирусының РНҚ анықтау тестінен өтеді, офистерді өңдеу жүзеге асырылады.

Өзге тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі жоспарда көзделген іс-шаралар тұрақты негізде жүзеге асырылады. Қоғамның 2021 жылғы тәуекелдер тіркелімі мен картасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 09.11.2020 жылғы № 154 шешімімен бекітілген.




# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Жарғыға сәйкес Қоғам органдарына мыналар жатады:**

- **ЖОҒАРҒЫ ОРГАН – Жалғыз акционер**
- **БАСҚАРУШЫ ОРГАН – Директорлар кеңесі**
- **АТҚАРУШЫ ОРГАН – Басқарма**

Қоғам Директорлар кеңесі, Басқарма, Жалғыз акционер мен басқа да мүдделі тараптар арасында өзара қарым-қатынас орнататын тиімді копоративтік басқару жүйесін енгізу шараларын қолданады. Осы жүйенің арқасында Қоғам Жалғыз акционер мен қызметіне қатысты болатын өзге тараптардың мүдделерін біруақытта қорғай отырып, оның құнын барынша арттыру жолында үздіксіз жұмыс жүргізеді.

## «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ 2020 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП

Қоғам ең үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, дәстүрлі түрде корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға басты назар аударады. Қоғам Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаларын орындауды Компанияны ұзақ мерзімді табысты дамытудың, оның инвестициялық тартымдылығын арттырудың қажетті талабы деп есептейді.

Корпоративтік басқару кодексінде тұжырымдалған қағидалар Компания үшін өзінің меншікті ішкі құжаттарын әзірлеудің маңызды көзі және ең үздік корпоративтік басқару тәжірибесін қалыптастырудың бағдары болып табылады.

Қоғам корпоративтік басқару құрылымын Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкестендіруге, басқару органдары арасында міндеттемелерді нақты бөлуге тырысады.

Корпоративтік басқару қағидаларын ұстану компания қызметінің әділ талдауын жүргізуге қатысты тиімді ұстанымды құруға ықпал етеді.

Корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, есептілік, мөлдірлік, кәсіпқойлық пен құзіреттілік негіздеріне құрылған. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін сыйлауды көздейді, Компанияның табысты қызметіне, сонымен қатар оның құндылықтарын арттырып, нарықтық құнын ұлғайтуға, қаржы тұрақтылығы мен кірістілікті сақтап қалуға ықпал етеді.

Қоғам тұрақты негізде корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шараларын қолданып отырады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі қағидаларының орындалғаны туралы есеппен Қоғамның интернет-сайтында танысуға болады: https://skcn.kz/ru/news/otchet-o-sledovanii-principam.

Қоғам тұрақты негізде корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шараларын қолданып отырады.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады. Қоғамның даму стратегиясын, Бизнес-жоспарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру және т. б. Директорлар кеңесінің функциялары болып табылады. 2020 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 32/20 шешімі бойынша Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер болды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін танытатын «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы Тұтқышев Ержан Бексұлтанұлының уәкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Жанәділ Ернар Бейсенұлы «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін танытатын «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды;
- Әният Қайыпбергенұлы Мұратбаев «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін танытатын «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында 3 мүше бар, олардың ішінде біреуі – тәуелсіз директор, екеуі – Жалғыз акционердің мүдделерін танытушылар.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ (31.12.2020 ж. жағдай бойынша)



### ТҰТҚЫШЕВ ЕРЖАН БЕКСҰЛТАНҰЛЫ

*Директорлар кеңесінің Төрағасы, 7.09.2020 ж. дейін*
*Жалғыз акционердің өкілі*

**Туған күні:** 10.12.1981 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күн:** 26.09.2016 жыл.
**Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланған күн:** 23.04.2018 жыл (7.09.2020 жылға дейін).

**Білімі:**
- Санкт-Петербург Экономика және қаржы Мемлекеттік Университеті, РФ, «Қаржылық талдау және бухгалтерлік есепке алу», 2004 ж.;
- Иллинойс университеті, Урбана-Шампейн, АҚШ, «Қаржы магистрі», 2007 ж.

**Жұмыс орны, соңғы бес жылда ұйымдарда атқарған лауазымдары:**
- 2020–2021 жылдары Логистика және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.
- 2019–2020 жылдары Активтерді дамыту мен жекешелендіру жөніндегі бірлескен басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.
- 2018–2019 жылдары – Активтерді дамыту жөніндегі департамент директоры – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.
- 2017–2018 жылдары – «Самұрық-Қазына» АҚ Жаңа салаларды дамыту жөніндегі басқарушы директоры.
- 2016–2017 жылдары – «Самұрық-Қазына» АҚ Жаңа салаларды дамыту жөніндегі бірлескен басқарушы директоры.
- 2014–2016 жылдары – «Самұрық-Қазына» АҚ Бизнесті дамыту жөніндегі Бас директордың орынбасары.

**Қосарлап жұмыс істеу және Директорлар кеңесіндегі мүшелік:** «Самұрық-Қазына» АҚ өзге еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің құрамында.

Компанияның, Компанияның өнім берушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.







### ЖАНӘДІЛ ЕРНАР БЕЙСЕНҰЛЫ

*Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі,*
*Директорлар кеңесінің Төрағасы*

**Туған күні:** 15.12.1984 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.
**Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күн:** 23.04.2018 жыл.
**Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланған күн:** 7.09.2020 жыл.

**Білімі:**
- Жоғары экономикалық білімі және Ұлыбританиядағы Манчестер Университетінің Манчестер бизнес мектебінің қаржы және есеп жөніндегі магистр дәрежесі бар.
- Әртүрлі халықаралық кәсіби сертификаттары, соның ішінде АҚШ-тағы Басқарушылық бухгалтерлер институтының (CMA), Швейцариядағы Халықаралық жобаларды басқару қауымдастығының (IPMA), Ұлыбританиядағы Айрықша құқықты бухгалтерлер қауымдастығының (ACCA) сертификаттары бар.
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудиторлық лицензиясы бар.

**Жұмыс орны, соңғы бес жылда ұйымдарда атқарған лауазымдары:**
- Әр жылдары Philip Morris Kazakhstan, «ЭлитСтрой» ЖШС-да, «PricewaterhouseCoopers» халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеді.
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ға (бұдан әрі – Қор) келгеннен кейін Ішкі аудит қызметінің жұмысына жауап берді, Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет пен Трансформацияны бақылау комитеті хатшысының міндетін атқарды және Қордың бірқатар еншілес ұйымының Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитеттердің мүшесі болды.
- 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ қаржы бақылаушысы лауазымына тағайындалып, кейіннен қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директор лауазымына бекітілді. Қазіргі уақытта Экономика және қаржы жөніндегі бірлесіп басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.

**Директорлар кеңесіндегі мүшелік және қызметті қосарлап атқару бойынша жұмыс:** «Самұрық-Қазына» АҚ өзге еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің құрамында.

Компанияның, Компанияның өнім берушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.





## ЛАРИОНОВ ДМИТРИЙ ВЛАДИМИРОВИЧ

*Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор.*

**Туған күні:** 22.11.1973 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.
**Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күн:** 8.11.2017 жыл

**Білімі:**
- 1999 ж. – ҚМЭБИ-ді тәмамдады, Іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA). Мамандығы: бухгалтерлік есеп және қаржы.
- 1995 ж. – Қазақ Мемлекеттік Халықаралық қатынастар және Әлем Тілдері Университетін аудармашы-референт мамандығы бойынша тәмамдады.

Қосымша өткен тренингтері, курстары, семинарлары және соңғы уақыттағы тағылымдамалары:
- Мемлекет қатысатын компаниялардың Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған корпоративтік басқару, Дүниежүзілік банк, 2019 ж.;
- 2007–2018 жылдары – ҚМЭБИ университеті, Іскерлік әкімшілендіру докторы бағдарламасы бойынша курстар. Мамандығы: бухгалтерлік есепке алу.
- Корпоративтік басқару– басшыларға арналған біліктілікті арттыру бағдарламасы, Гарвард бизнес-мектебі, 2013 ж.;
- 2015 ж. – Дипломды директор (Dip IoD), Ұлыбританияның Директорлар институты;
- 2013 ж. – Сертификатталған директор (Cert IoD), Ұлыбританияның Директорлар институты;
- 2013 ж. – Корпоративтік басқару жөніндегі сертификатталған директор (CCGD), Қазақстандық тәуелсіз директорлар қауымдастығы;
- Сертификатталған бухгалтер-практик (CAP), ICCAA, 2003 ж.;
- 2005–2006 жылдары – ҚР «Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бойынша қорытынды дайындайтын жұмыс тобының мүшесі, ҚР Үкіметінің Мәжілісі;
- 2009–2011 жылдары –ХҚЕС-ң орыс тіліне ресми аудармасын шолу комитетінің мүшесі;
- 2009, 2008 және 2006 жылдары – Халықаралық Аудит стандарттарының орыс тіліне ресми аудармасының бірлескен редакторы және жетекшісі, ҚР аудиторлар палатасы.

**Жұмыс тәжірибесі:**
- 2015 ж. – қазіргі уақытта – Консультант, Қаржы есептілігі, аудит және корпоративтік басқару саласындағы реформалар орталығы, Дүниежүзілік банк;
- 2015–2005 жылдары – Әріптес, «BDO Қазақстан аудит» ЖШС;
- 2012, 2005 ж. – Консультант, Дүниежүзілік банк;
- 2011/2012 академиялық жыл, ҚМЭБИ университеті, қаржы кафедрасының оқытушысы;
- 2010–2003 жылдары – Халықаралық қатынастар жөніндегі комитет Төрағасы, БКҰ Төрағасының орынбасары, Кеңес мүшесі, «Қазақстан Республикасының Кәсіби бухгалтерлер палатасы» БКҰ;
- 2010–2008 жылдары – Дамушы ұлттар комитеті мүшесі, Халықаралық бухгалтерлер федерациясы;
- 2009 ж. – қазіргі уақытта – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудиторлық қызмет мәселелері жөніндегі консультативтік органының мүшесі.

**Директорлар кеңесіндегі мүшелік:**
- 2013 ж. – қазіргі уақытта – Тәуелсіз директор, «Астана ЭКСПО-2017 ұлттық компаниясы» АҚ
- 2008 ж. – 2020 ж. – Тәуелсіз директор, «Эйр Астана» АҚ;
- 2017–2015 жылдары– Тәуелсіз директор, «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ;
- 2015–2008 жылдары – Тәуелсіз директор, «Қазақтелеком» АҚ.

Компанияның, Компанияның өнім берушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.







## МҰРАТБАЕВ ӘНИЯТ ҚАЙЫПБЕРГЕНҰЛЫ

*Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі*

**Туған күні:** 21.07.1978 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Директорлар кеңесінің құрамына алғаш сайланған күн:** 7 қыркүйек 2020 жыл.

**Білімі:**
- «Назарбаев Университеті» ДБҰ Жоғары Бизнес мектебі, «Executive MBA» бағдарламасы, 2019 ж. – қазіргі уақытта;
- Ұлыбританияның директорлар институты (IoD), Сертификатталған директор, 2018 ж.;
- М.С. Нарықбаев атындағы ҚазГЗУ, Астана қ., мамандығы «Қаржы», 2018 ж.;
- Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ, Алматы қ., мамандығы «Құқықтану», 1999 ж.

**Жұмыс орны, соңғы бес жылда ұйымдарда атқарған лауазымдары:**
- 2020 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді дамыту департаментінің Жаңа компанияларды дамыту секторының басшысы;
- 2018 – 2020 жылдары – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді дамыту департаментінің аға менеджері;
- 2016–2018 жылдары – «Самұрық-Қазына» АҚ Жаңа жобаларды дамыту департаментінің аға менеджері;
- 2014–2016 жылдары – «Самұрық-Қазына» АҚ Мұнай газ және индустриалды активтер дирекциясының бас сарапшысы;
- 2011–2014 жылдары –«Самұрық-Қазына» АҚ Индустриалды активтер дирекциясының аға сарапшысы;
- 2009–2011 жылдары –«Самұрық-Қазына» АҚ Тау-кен өнеркәсібі активтері дирекциясының бас сарапшысы;
- 2009 ж. – «Самұрық-Қазына» АҚ Өнеркәсіптік активтер дирекциясының бас сарапшысы;
- 2008–2009 жылдары – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ Өнеркәсіптік активтерді басқару Дирекциясының сарапшысы;
- 2008 ж. «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ көлік және өнеркәсіптік активтерін басқару тобының сарапшысы;
- 2007–2008 жылдары – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Өнеркәсіптік активтерін басқару тобының сарапшысы.

**Қосарлар жұмыс істеу және ДК-гі мүшелік:**
- «SSAP» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі (бұрынғы «Қазатомөнеркәсібі» ҚКЗ БК» ЖШС);
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі («Самұрық-Қазына» АҚ өкілі), 2017–2018 жылдары.

Компанияның, Компанияның өнім берушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



**Директорлардың тәуелсіздік межелері**

«Акционерлік қоғамдар туралы» заңның 1-бабының 20-тармақшасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес «тәуелсіз директор» Директорлар кеңесінің мүшесі болып белгіленеді, ол:

- Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды;
- Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл ішінде қоғамның үлестес тұлғасы болған жоқ (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);
- Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болған жоқ; Қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын ұйымдармен бағыныштылығы бойынша байланыста болған жоқ;
- Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныштылығы бойынша байланысқан жоқ;
- Қоғамның аудиторы емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл ішінде болған жоқ;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитына қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитқа қатысқан жоқ;
- мемлекеттік қызметкер емес;
- Қоғам органдарының отырыстарында жалғыз акционердің өкілі емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл ішінде болған жоқ.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне алдын ала Директорлар кеңесі мүшелерінің өзге ұйымдардағы жұмыстар мен лауазымдарды қосарлап атқаратыны туралы алдын ала хабарлайды.

Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамға бәсекелес ұйымдардағы Директорлар кеңесінің құрамына кіре алмайды және атқарушылық лауазымдарды алмастыра алмайды.

Қоғамның Тәуелсіз директоры осы есепті құрастыратын күні Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында, жарғыда және Корпоративтік басқару кодексінде келтірілген тәуелсіздік межелеріне толығымен сәйкес келеді.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2017 жылғы 27 ақпандағы № 130 шешімімен бекітілген Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау Саясатына сәйкес жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 9 қарашадағы шешімімен сауалнама және сұхбат алу жолымен Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Директорлар кеңесі мүшелерінің және корпоративтік хатшының қызметіне 2019–2020 жылдар қорытындысы бойынша баға беру туралы шешім қабылданды. Жұмыс көлемі жалпы Директорлар кеңесінің қызметін, Директорлар кеңесі Төрағасының қызметін бағалауды, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі мен Корпоративтік хатшының қызметін жеке-жеке бағалауды қамтыды. Директорлар кеңесінің, Төрағаның, Директорлар кеңесі мүшелерінің және корпоративтік хатшының қызметін бағалау қорытындысы бойынша атқарушы органның қысқа мерзімді НҚК, белгілі бір уақыт өткеннен кейін Директорлар кеңесінің не дұрыс, не бұрыс шешім қабылдағанын бағалау үшін стратегияға қатысты Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің ретроспективті талдауын жүргізу сияқты сұрақтар бойынша елеулі түрде жақсарту талап етіледі.

Тұрақты даму қағидаларын насихаттау, Директорлар кеңесіне материалдарды ұсыну сапасын арттыру сияқты бағыттарда корпоративтік басқару тәжірибесін жалғастыру талап етіледі.

> Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 09 қарашадағы шешімімен сауалнама және сұхбат алу жолымен Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Директорлар кеңесі мүшелерінің және корпоративтік хатшының қызметіне 2019–2020 жылдар қорытындысы бойынша баға беру туралы шешім қабылданды.





# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Қоғамда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Қоғамның Директорлар кеңесінің сыртқы сарапшыларды тарту саясаты қолданылады, ол Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тартуға қатысты Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді. 2020–2021 жылдары Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарына сәйкес 2020 жылғы қыркүйек айында Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері «Risk management» («Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС Бизнес академиясы) стратегиялық сессиясының оқыту семинарына қатысты. 2020 жылғы қазан айында Директорлар кеңесінің мүшелері Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті басшысының бірінші орынбасары өткізген «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы жаңалықтар және әдептілік идеологиясын қалыптастыру» семинарына қатысты. Анықталған қажеттіліктерді ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 155 шешімімен 2021 жылға Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жоспары бекітіліп, оған Директорлар кеңесінің бүкіл құрамы үшін «Қазақстандағы құрылыс қызметінің кіріспесі» тақырыбына семинардан өту, сонымен қатар Ұлыбританияның Директорлар институтының тәуелсіз директорларға арналған 3-сертификаттау деңгейін аяқтау енгізілді. Директорлар кеңесінің қызметі бекітілген жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Қоғамда 2020 жылы Қоғамның директорлар кеңесінің 8 бетпе-бет отырысы өткізілді. Қоғам қызметінің негізгі аспектілері бойынша барлығы 104 сұрақ қарастырылды.

**2020 жылдың сәуір айынан бастап COVID-19 пандемиясы салдарынан әлемдегі экономикалық және қаржылық жағдайдың нашарлауымен байланысты шығындарды оңтайландыру мақсатында 2020 және 2021 жыл ішінде Директорлар кеңесінің сыртқа шығып өткізілетін отырыстары тәжірибесін қысқарту жөніндегі «Самұрық-Қазына» АҚ шешімі негізінде Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысы бейнеконференция арқылы өткізілді.**

***Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы отырыстарына қатысуы:***

| Директорлар кеңесінің мүшелері | Тәуелсіз | ДК |
|---|---|---|
| Тұтқышев Е.Б. | жоқ | 5/5* |
| Жанәділ Е.Б. | жоқ | 8/8 |
| Ларионов Д.В. | иә | 8/8 |
| Мұратбаев Ә.Қ. | жоқ | 3/3** |

** «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 32/20 шешіміне сәйкес уәкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.*

***«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 32/20 шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.*

**Корпоративтік басқару**

- Қоғамда корпоративтік мәдениеттің диагностикасын өткізу шеңберінде «Samruk-Kazyna Construction» АҚ корпоративтік құндылықтары бекітілді.
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2019 жылғы жылдық есебі, сонымен қатар GRI Нұсқаулығына сәйкес әзірленген тұрақты даму саласындағы есеп бекітілді;
- Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерінің орындалуы туралы 2019 жылғы есеп бекітілді.
- Қоғамның Директорлар кеңесі мен корпоративтік хатшысының 2019 жылғы қызметі туралы 2019 жылғы есеп, сонымен қатар Директорлар кеңесі тапсырмаларының жүйелі мониторингі қарастырылды.
- Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің, комплаенс-бақылаушысының, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшысының 2020 жылғы уәждемелік негізгі қызмет көрсеткіштері және олардың қызметінің бағалауы бекітілді.
- Қоғамның орталық аппаратының жаңа редакциядағы ұйымдастыру құрылымы бекітілді;
- Басқарманың сандық құрамы белгіленіп, Қоғамның Басқарма мүшелері Сатып алу жөніндегі Басқарушы директорды және Операциялық қызмет жөніндегі Басқарушы директорды сайлады.
- Бағалау шеңберінде лауазымдардың сипаты мен бағалауын ұйымдастыру құрылымындағы өзгерістерді ескере отырып қайта бағалау және бекіту, сонымен қатар басқарушы қызметкерлер мен Директорлар кеңесіне бағынышты қызметкерлердің лауазымды жалақы мөлшерін белгілеу.

**Тәуекелдерді басқару**

- Тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсан сайынғы Есептерді қарастыру.
- Қоғамның контрагент банктерінің міндеттемелері бойынша лимит белгілеу.
- Тәуекелдер регистрін, Қоғамның тәуекелдер картасын және ондағы өзгерістерді бекіту.

- Тәуекел-тәбетін, толеранттылық деңгейлерін және болжанған жылға негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту.
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ң контрагент банктеріне лимит белгілеу саясатын жаңа редакцияда бекіту.
- Тәуекел-тәбетін және толеранттылық деңгейлерін анықтау және мониторинг жүргізу саясатын бекіту.
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту.
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» заңын жүзеге асыру бойынша Қоғамның 2021 жылғы Іс-шаралар жоспарын бекіту.
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-да жобалау мен құрылыс сатысындағы комплаенс тәуекелдер туралы есепті қарастыру.

**Ішкі аудит**
- Жылдық аудиторлық жоспарды және оның өзгерістерін бекіту.
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің бюджетін бекіту.
- Ішкі аудит қызметінің есептерін бекіту.
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит қызметімен жабық кездесуін өткізу.
- Бұл кездесулер Директорлар кеңесінің күн тәртібі аясында жоспарланған.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің қызметіне қолдау көрсету мақсатында Компанияда келесі комитеттер құрылған және олардың міндетіне өздерінің функционалдық міндеттері аясында қайсы бір мәселе бойынша ұсынымдарды әзірлеу және сұрақтарды қарастыру кіреді:
- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық және инвестициялық сұрақтар жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер туралы ережелерге сәйкес комитеттердің әрқайсысы Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде атқарылған жұмыс туралы есепті ұсынады. 2020 жыл ішінде Директорлар кеңесі мүшелері санының өзгеруімен байланысты Комитеттердің отырыстары өткізілген жоқ.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін ақысыз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялары директорлар кеңесінің құрамын құру Қағидаларына сәйкес белгіленеді. 2020 жылы тәуелсіз директорға төленген сыйақы 6 млн теңгені құрады. Қоғамның басқарушы қызметкерлері (Басқарма мүшелері) қызметінің тиімділігін бағалау Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін және функционалды қызмет бағыттары бойынша Басқарма мүшелерінің нәтижелерге қол жеткізу деңгейін сипаттайтын негізгі қызмет көрсеткіштерін орындау негізінде жүзеге асырылады.

Негізгі қызмет көрсеткіштері карталарын әзірлеу, бекіту және оның мониторингін жүргізу процесі, сонымен қатар сыйақы сомасын есептеу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің қызметі мен сыйақысын бағалау ережелерімен белгіленген.





# БАСҚАРМА

Қоғамның ағымдағы басшылығын басқаруды Басқарма түріндегі алқалық орган жүзеге асырады, оны Басқарма Төрағасы басқарады. Басқарма қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтауға, сонымен қатар Қоғамның міндеттерін орындап, оның стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған. Басқарманың жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақырып, өткізу тәртібі, шешім қабылдау тәртібі Қоғам Басқармасы туралы ережемен белгіленеді. Басқарма қызметінің негізгі қағидалары: адалдық, әділдік, парасаттылық, қырағылық және тұрақтылық. Басқарма жүйелі отырыстарды бетпе-бет нысанда дауыс беру арқылы өткізеді. Басқарма жанында 4 комитет жұмыс істейді: Қызметті жоспарлау мен бағалау комитеті, Инвестициялық комитет, Тәуекелдерді басқару комитеті, Тұрақты даму комитеті.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ (31.12.2020 ж. жағдайы бойынша)



### САНДЫҚБАЕВ БОЛАТҚАН АЙТҚОЖАҰЛЫ
*Басқарма Төрағасы*

**Туған күні:** 06.05.1960 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Басқарма құрамына сайланған күн:** 27.11.2018 ж.

**Білімі:**
- «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» Алматы сәулет-құрылыс институты, 1986 ж.

**Жұмыс тәжірибесі:**
- 2018 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2018 ж. – «Объектілердің құрылысы жөніндегі компания» корпоративтік қорының Бас директоры.
- 2016–2018 жылдары – «ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ «ЭКСПО-2017 Астана Құрылысы Дирекциясының» Бас директоры.
- 2009–2016 жылдары – «Астана-Құрылыс» ҮҚК» АҚ Президенті.

Компанияның, Компания өнім берушілердің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



## ҚҰСАЙЫНОВ АСҚАР АЙТБОЛАТҰЛЫ

*Басқарма мүшесі, Жобалау және құрылыс жөніндегі басқарушы директор*

**Туған күні:** 20.04.1978 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Басқарма құрамына сайланған күн:** 25.12.2019 ж.

**Білімі:**

- Қарағанды политехникалық институты, инженерлік-құрылыс факультеті, 1997 ж.
- Жезқазған университеті, инженерлік-механика факультеті, 2000 ж.
- Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, 2017 ж.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Жобалау және құрылыс жөніндегі басқарушы директоры.
- 2019 ж. – Басқарушы директор – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Құрылыс департаментінің директоры.
- 2019 ж. – Басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Құрылыс департаментінің директоры.
- 2018 ж. – «Объектілердің құрылысы жөніндегі компания» КҚ Құрылыс департаментінің директоры.
- 2016–2018 жылдары – «Астана ЭСКПО-2017» АҚ Құрылыс департаментінің директоры.
- 2012–2016 жылдары «Orda Glass ltd» ЖШС жобасының Бас менеджері.

Компанияның, Компания өнім берушілердің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.







## МҰСАНОВ ДАРХАН ҚАЛҚАБАЙҰЛЫ

*Сатып алулар және объектілерді басқару жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі/ Сатып алулар және объектілерді басқару департаментінің директоры*

**Туған күні:** 28.01.1984 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Басқарма құрамына сайланған күн:** 25.08.2020 ж.

**Білімі:**

- Абай атындағы ҚазҰПУ (Қазақ ұлттық педагогикалық университеті), заң факультеті, 2006 ж.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2020 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарушы директор – Сатып алу және объектілерді басқару департаментінің директоры.
- 2019–2020 жылдары – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Сатып алулар және объектілерді басқару департаментінің директоры.
- 2018 – 2019 жылдары – «Объектілердің құрылысы жөніндегі компания» корпоративтік қорының Материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаментінің директоры.
- 2016–2018 жылдары – «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы» филиалы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаментінің директоры.
- 2011–2016 жылдары – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясы» РМҚК Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің бастығы.
- 2009–2011 жылдары – «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ Құқықтық және кадр жұмысы басқармасы Заң бөлімінің бас маманы.
- 2009 ж. – «Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы.
- 2007–2009 жылдары – «Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ Заң бөлімінің бас маманы, заң мәселелері жөніндегі кеңесші.

**Қоғамдық жұмысы** – Нұр-Сұлтан қ. Велосипед спорт федерациясының президенті.

Компанияның, Компания өнім берушілердің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.





## ІЛИЯС МАРАТ ЖАҒЫПАРҰЛЫ

*Операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі/ Әкімшілік-құқықтық департамент директоры*

**Туған күні:** 10.03.1985 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Басқарма құрамына сайланған күн:** 25.08.2020 ж.

**Білімі:**
- Қазақ гуманитарлық-заң университеті, заң факультеті – 2007 ж., мамандығы – құқықтану.
- Қарағанды «Болашақ» университеті, академиялық дәрежесі – заң ғылымдарының магистрі – 2012 ж.

**Жұмыс тәжірибесі:**
- 2020 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі/ Әкімшілік-құқықтық департамент директоры.
- 2018–2020 жылдары – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Әкімшілік-құқықтық департамент директоры.
- 2018 ж. – «Объектілердің құрылысы жөніндегі компания» КҚ Әкімшілік-құқықтық департамент директоры.
- 2017–2018 жылдары – «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы» филиалының Құқықтық қамтамасыз ету және еңбекті қорғау қызметінің басшысы.
- 2016–2017 жылдары – «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы» филиалының Әкімшілік-құқықтық департамент бас менеджері.
- 2015–2016 жылдары – «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы» филиалының Әкімшілік-құқықтық департамент менеджері.
- 2014–2015 жылдары – Алматы қ. Прокуратурасы, Әуезов ауданы прокурорының көмекшісі.
- 2012–2014 жылдары – Алматы қ. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің (қаржы полициясы) Сыбайлас жемқорлық жөніндегі істерді ашу және алдын алу басқармасы 2-бөлімінің аға инспекторы, Көлеңкелі экономика саласындағы қылмыстарды ашу басқармасының аға инспекторы, аса маңызды істер жөніндегі аға инспектор.
- 2009–2012 жылдары – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті Кадрлар және өзіндік қауіпсіздік басқармасының сарапшысы (бастықтың міндетін атқарушы).
- 2009 ж. – Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау басқармасының сарапшысы.
- 2008–2009 жылдары – «BET and Com» ЖШС директорының заң мәселелері жөніндегі орынбасары.
- 2007–2008 жылдары – «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты әкімшілік ғимаратының дирекциясы» РМҚК Ұйымдастыру – кадр басқармасының сарапшысы, құқықтық жұмыс, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету секторының меңгерушісі, кеңесшісі.

Компанияның, Компания өнім берушілердің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.







## ДОСЖАНОВ ДАНИЯР ҚУАНДЫҚҰЛЫ

*Басқарма мүшесі, Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор*

**Туған күні:** 09.03.1983 ж.
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Басқарма құрамына сайланған күн:** 27.11.2018 ж.

**Білімі:**
- Aberdeen University, MA in Econometrics and International Relations, 2006 ж. – бакалавриат және магистратура.

**Жұмыс тәжірибесі:**
- 2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.
- 2018–2019 жылдары – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры;
- 2016–2018 жылдары – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Стратегия және трансформация департаментінің директоры;
- 2014–2016 жылдары – «Қалаэлектржелісі» ЖШС Төрағасының экономика жөніндегі орынбасары, «Қаласуканалы» РМКК инвестициялар жөніндегі директор кеңесшісі.

Компанияның, Компания өнім берушілердің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



# 2020 ЖЫЛҒЫ БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылы Басқарманың 44 отырысы бетпе-бет өткізіліп, 257 мәселе бойынша шешім қабылданды.

**Басқарма 2020 жылы қабылдаған негізгі шешімдер:**

- 2019–2023 жылдарға Қоғамның Бизнес-жоспарының орындалғаны туралы есептерге, сонымен қатар 2019 жылғы Жылдық бюджеттің орындалғаны туралы есепке және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Қаржы есептілігінің егжей-тегжейлі талдауына қатысты сұрақтар бойынша;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ң 2021–2025 жылдарға Бизнес-жоспарын мақұлдау мәселесі бойынша;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ң аудит жүргізілген жылдық қаржы есептілігін (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекіту мәселесі бойынша;
- құрылыс жобаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша;
- Қазақстан Республикасында төтенше жағдайдың енгізілуімен байланысты халыққа және бизнеске қолдау көрсету шаралары;
- инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелер бойынша;
- уақытша бос ақшаны орналастыру туралы;
- тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлер мен коммерциялық үй-жайларды жалдау бағасы мен құнын бекіту бойынша;
- «СҚ Девелопмент» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 51 % өткізуді алдын ала мақұлдау бойынша;
- «Нұр-Сұлтан қ. Мыңжылдық аллеясындағы көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы», «Ақтөбе қаласындағы «Бавария» тұрғын үй кешенінің құрылысы», Алматы қ. «Аққент» ықшам ауданындағы тұрғын үй кварталының құрылысы» инвестициялық жобаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша;
- кейіннен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына жолданған сұрақтар мен ішкі нормативтік құжаттарды алдын ала қарастырып, мақұлдау бойынша;
- ұйымға қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жататын қызмет мәселелері бойынша акциялары «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ң сенімді басқаруына табысталған жарғылық капиталдағы қатысу үлестері;
- Қоғам мен оның еншілес компанияларының қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту және мақұлдау, сонымен қатар: штаттық кесте мен ұйымдастыру құрылымы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма құрамын өзгерту мәселелесі бойынша;
- 2021–2025 жылдарға негізгі ұлттық индикаторларды бөлшектеп байланыстыру жөніндегі болжамды ақпаратты бекіту мәселесі бойынша;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ қазынашылық портфелінің негізгі параметрлерін мақұлдау сұрағы бойынша;
- Қоғамның құрылымды бөлімшелері туралы ереже;
- Дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім;
- Еңбек тәртібінің ережелері;
- Әкімшілік-басқарушы қызметкерлерді іздеу мен іріктеу ережелері;
- Комплаенс-тәуекелді басқару саясаты;
- Жобаларды басқарғаны үшін сыйақы төлеу саясаты;
- Іс жүргізу жөніндегі нұсқаулық;
- Жалғыз акционердің күткенін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- Ай сайынғы негізде негізгі тәуекелді көрсеткіштер мониторингі;
- 2020 жылы Бірінші кезекте сатып алынатын заттардың тізімін бекіту және т. б.





# ІШКІ АУДИТ

Қоғамда ішкі аудиттің жалпылай мойындалған үлгісі қолданылады, ол бойынша ішкі аудит функциясы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару функциясынан ажыратылған. Ішкі аудит әділдік пен дербестікті қамтамасыз ететін арнайы функционалды-әкімшілік бағыныштылық пен есептілік режимінде орналасқан. Ішкі аудит қызметі аудиторлық тексерулер мен консультациялар барысында тәуекелдерді ішкі бақылау мен басқару жүйесінің тиімділігін бағалауға және оны арттыруға жүйелі әрі бірізді ұстанымды қолдану жолымен стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге ықпал ету үшін құрылған және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Ішкі аудит қызметі келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігіне баға береді;
- Қоғамдағы тәуекелдерді және тәуекелдерді басқару рәсімдерін бағалау әдістемесінің толық қолданылуы мен тиімділігіне баға береді;
- Қоғамның этикалық стандарттары мен құндылықтарына сәйкес қабылданған корпоративтік басқару қағидаларының енгізілуі мен сақталуына баға береді және т. б.

Директорлар кеңесі жыл сайын Ішкі аудит қызметінің тәуекелге бағдарланған Жылдық аудиторлық жоспарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының негізгі қызмет көрсеткіштерін бекітеді. Қоғамның Директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы және жыл сайынғы есебі ұсынылады. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде қолданыстағы Халықаралық ішкі аудит стандарттарын және Ішкі аудиторлардың халықаралық институты қабылдаған Ішкі аудиторлардың этика кодексін ескереді және Қоғамда бекітілген ішкі аудит жөніндегі жергілікті нормативтік актілерді басшылыққа алады. Ішкі аудит қызметі 2020 жыл ішінде 11 жоспарлы тапсырманы және 3 жоспардан тыс аудиторлық тапсырманы орындап, консультациялар өткізді. Өткізілген бағалаулар мен тексеру нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі өз құзырындағы кез келген мәселе бойынша сәйкес ұсынымдар мен түсіндірмелерді әзірлейді. Жылдық біліктілікті арттыру жоспарына сәйкес Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері өз біліктілігін жетілдіріп, арттыру мақсатында семинарлар мен тренингтерден өтті. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері жыл сайын ҚР Ішкі аудит институты мүшелерінің кездесуіне қатысып отырады.






# ҚОҒАМДЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУ



## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларда тұрақты дамуына Қоғамның қосар үлесін арттыру; мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді дамыту және олардың тарапынан Қоғамға деген сенімді арттыру; Қоғам қызметкерлерінің әлеуетін жүзеге асырып, еңбек тиімділігін арттыруға қалыпты жағдай жасау; корпоративтік басқару жүйесін дамыту; бизнес-процестердің жүргізілу мөлдірлігін арттыру Қоғамда Тұрақты даму саясатын жүзеге асыру мақсаттары болып табылады. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаларын мойындай отырып,

| Қоғам өз қызметінде келесі қағидаларды ұстанатыны туралы мәлімдейді: | |
|---|---|
| **адам құқықтарын қорғау саласында** | • халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және сыйлайды;<br>• адам құқықтарының бұзылуына қатысты болмауды қамтамасыз етеді. |
| **еңбек арақатынастары саласында** | • жиналу еркіндігін қолдайды және ұжымдық шарттарды жасау құқығын мойындайды;<br>• міндетті немесе мәжбүрлі еңбекті түп-тамырымен құртуға ықпал етеді;<br>• балалар еңбегін түп-тамырымен құртуға ықпал етеді;<br>• еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті түп-тамырымен жоюға ықпал етеді. |
| **қоршаған ортаны қорғау саласында** | • қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алуға ықпал етеді;<br>• экологиялық жауапкершілікті кеңінен таратуға ықпал етіп, бастамашылдықты қолға алады;<br>• экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуға ықпал етеді. |
| **сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында** | • бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне және басқа да заңсыз әрекеттерге төзбейтіні туралы мәлімдейді. |

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, Тұрақты даму саласындағы саясатқа сәйкес Қоғамда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылған, ол мыналарды қамтиды:

- Директорлар кеңесі, атқарушылық орган мен қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаларына бейілділік;
- үш құрамдас бөлік бойынша (экономика, экология, әлеуметтік сұрақтар) ішкі және сыртқы жағдайды талдау;
- әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді анықтау;
- мүдделі тараптартың картасын құру;
- тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНК анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жауапты тұлғаларды анықтау;
- тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, тұрақты дамытуды негізгі процестерге, сонымен қатар даму стратегиясы мен шешім қабылдау процестеріне интеграциялау;
- тұрақты даму саласындағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың тұрақты мониторингі және оларды бағалау, мақсаттар мен ҚНК бағалау, түзетуші іс-шараларды қолдану, тұрақты жақсартулар мәдениетін енгізу.

2020 жылы тұрақты дамудың 8 бастамасы анықталды: Корпоративтік басқаруды жетілдіру; Экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету; Тұрақты даму жүйесін енгізу; Кадрлық әлеуетті дамыту; Жоғары этикалық стандарттарды сақтау; Тұрақты даму саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру; Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз ету; Мөлдірлік деңгейін арттыру.

Сондай-ақ осы саладағы 9 НҚК анықталды, 2020 жылы басқарушы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін Директорлар кеңесінің төменде аталған ҚНК бекіткенін атап өту керек: Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарында көрсетілген іс-шаралардың жүзеге асырылу деңгейі; Таза табыс; Қолданылған капиталдың табыстылығы (ROACE); Таза активтер құны (NAV); Борыш/капитал; EBITDA; Әрбір тұрғын үй кешені бойынша қызмет сапасына қанағаттану деңгейі; Қызметкерлердің қатысу индексі; Имиджді арттыруға арналған ақпараттық белсенділік.

Директорлар кеңесі мен Басқарма тұрақты даму мен оны енгізу саласында тиісті жүйенің құрылуын қамтамасыз етеді. Барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар барлық деңгейде тұрақты дамуға өз үлесін қосады. Қоғам Басқармасы жанында консультациялық-кеңесші орган – Тұрақты дамыту комитеті құрылған, оның басты міндеті тұрақты даму саласындағы саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу, сонымен қатар тұрақты даму

жүйесін жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды Басқарманың қарауына шығару болып табылады. Комитет Төрағасы болып тұрақты дамуға жетекшілік жүргізетін басқарушы директор табылады. Тұрақты даму саласындағы есепте біз қоршаған ортаға, қоғам мен экономикаға өз әсеріміз (оң, сондай-ақ теріс) туралы ақпаратты ашуға тырысамыз. Осы бағытта қолданылған іс-шаралар ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізу, Компанияның экономикалық тиімділігі мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан анағұрлым оңтайлы әсерімен сипатталады. Тұрақты даму саясатын жүзеге асыра отырып, Қоғам корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспары шеңберінде тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың жүзеге асырылуын қарастырады. Тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру мәселелері тоқсан сайын Директорлар кеңесінің отырыстарында талқыланып отырды. 2021 жылы жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру жалғасады.

# МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ

Тұрақты даму саласындағы есептің мазмұнын анықтау үшін жыл сайын тұрақты даму саласындағы мүдделі тараптармен сауалнамасы өткізіледі. 2020 жылғы қазан айында GRI Standards сәйкес сауалнама жолымен акционер өкілінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, қызметкерлердің, еншілес ұйымдардың, инвесторлардың, тапсырыс берушілердің, бас мердігерлердің өкілдері, сенімді басқарудағы кәсіпорындардың, сатып алушылардың, орталық мемлекеттік орган мен жергілікті атқарушы орган өкілдерінің, БАҚ, жеткізушілердің, әлеуметтік желі пайдаланушыларының, қаржы институттарының танытуындағы стейкхолдерлердің пікірі сұратылды. Сауалнама қорытындысы бойынша Қоғам мен стейкхолдерлерге арналған акпектілердің маңыздылық қатынасын көрсететін анықталған аспектілердің маңыздылық Матрицасы әзірленді. Матрицаның горизонтальді осі бойынша аспектілер Қоғам үшін маңыздылығы жағынан, ал вертикальді осі бойынша мүдделі тараптардың бағалауы бойынша сараланады. Маңызды аспектілерді саралау стейкхолдерлердің басты мақсаттарын анық түсіну негізінде олармен қарым-қатынасты конструктивті түрде құруға мүмкіндік береді. Анықталған аспектілердің нәтижелеріне орай ақпарат мынадай тақырыптар бойынша ашылады:

**Экономикалық:**

- Экономикалық нәтижелілік;
- Сатып алу тәжірибесі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету.

**Экологиялық:**

- Талаптарға сәйкестік.

**Әлеуметтік:**

- Жұмыс орнындағы/тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі;
- Дайындық және білім алу;
- Әйелдер мен еркектерге тең сыйақы;
- Кемсітушілікке жол бермеу;
- Мемлекеттік саясат.

### АНЫҚТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР МАТРИЦАСЫ








### «SAMRUK-KAZYNA CONSTRUCTION» АҚ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР КАРТАСЫ




# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ТИІМДІ ӘРЕКЕТТЕСУ

Қоғам мүдделі тараптармен ынтымақтастық пен сый-құрметке негізделген өзара әрекеттесудің тиімді жүйесін құруға тырысады. Қоғам өз қызметі барысында өзара әрекеттесетін стейкхолдерлердің толық тізімін белгілеп, стейкхолдерлердің салымы мен олардың мүдделерін сипаттайды. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалайтын кезде стейкхолдерлер Қоғам үшін екі фактор бойынша сараланады: Қоғамға мүдделі тараптың әсер ету күші және стейкхолдердің Қоғам қызметіне қызығушылық деңгейі. Қоғамның мүдделі тараптары (стейкхолдерлер) болып Қоғамның тұрғын үй жайларын сатып алушылар мен жалдаушылар, Қоғам қызметкерлері, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі, еншілес және тәуелді ұйымдар, бас мердігерлер мен құрылысшылар, сенімді басқарудағы кәсіпорындар, тапсырыс берушілер, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік органдар, қаржы институттары, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерді пайдаланушылар табылады. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу қағидалары мен рәсімдері Мінез-құлық кодексін және Тұрақты даму саясатын құрады. Қоғам корпоративтік коммуникациялар тәртібін басшылыққа алады, онда әртүрлі коммуникациялық арналармен және мақсатты топтармен жұмыс істеу тетігі белгіленген:

| № | Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы | Өзара әрекеттесу әдістері мен тетіктері |
|---|---|---|
| 1 | ***Жалғыз акционер*** | |
| | **Негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидалары негізінде Жалғыз акционердің құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.** | Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына, Жарғыға, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты, Компанияның жоспарлары, жетістіктері туралы қосымша мәліметті, есептерді, таныстырылымдарды орналастыру үшін корпоративтік сайт пен Қоғамның әлеуметтік желілері қолданылуы мүмкін. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Кездесулер. Интернет-сайт. Хат-хабар алысу және сұратулар. |

| № | Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы | Өзара әрекеттесу әдістері мен тетіктері |
|---|---|---|
| **2** | **Директорлар кеңесі** | |
| | **Біріншілік қызмет бағыттарын, Қоғамды дамыту стратегиясын белгілеу.** | Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына (қажет болған жағдайда) сәйкес интернет-қорға, атап айтанда Қоғамның корпоративтік сайтына жалпы ақпаратты орналастыру. Директорлар кеңесінің отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. |
| **3** | **Басқарма** | |
| | **Қоғамның ағымдағы қызметін басқару.** | Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына (қажет болған жағдайда) сәйкес интернет-қорға, атап айтанда Қоғамның корпоративтік сайтына жалпы ақпаратты орналастыру. Басқарма отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Хат-хабар алысу және сұратулар. |
| **4** | **Қызметкерлер** | |
| | **Білікті және уәжді қызметкерлерді қалыптастыруға бағытталған ашық, мөлдір кадрлық саясатты жүргізу. Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін жүзеге асыруға, олардың нәтижелерін адал әрі әділ бағалауға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, қызметкерлерді іріктеу мен мансап жолында өсіру олардың кәсіби қабілеті, білімі мен дағдысы негізінде ғана жүзеге асырылады.** | Қоғамның кадрлық саясатының жүзеге асырылуын ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлерді конкурстық іріктеу нәтижелерін баяндау үшін интернет-қорлар, атап айтқанда корпоративтік сайт қолданылуы мүмкін. Басшылықтың қызметкерлермен кездесуі. Тренингтер мен семинарлар. Корпоративтік іс-шаралар. Нәтижелердің жыл сайынғы шолуы. Сауалнама мен сұхбаттар. Корпоративтік БАҚ. |
| **5** | **Қосарлы инвесторлар** | |
| | **Пайда алу мақсатында жобаларды жүзеге асыруға инвестициялар тарту.** | Құрылысқа жеке секторды тартудың шетелдік және отандық тәжірибесі туралы ақпарат тарату, Қоғамның мемлекеттік жеке әріптестікті дамытуы, интернет-қорлар, атап айтқанда корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер, корпоративтік БАҚ арқылы іскерлік іс-шараларға қатысу (бизнес-форумдар, конференциялар, іскерлік кеңестер, көрмелер және т. б.).Жобалау сұрақтары. Шарттар. |
| **6** | **Бас мердігерлер** | |
| | **Шарттар жасасу, құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру шеңберінде шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.** | Баспасөз релиздерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды корпоративтік сайтқа, әлеуметтік желілерге, БАҚ-қа орналастыру арқылы Қоғам жобаларының жүзеге асырылғаны туралы мақсатты аудиторияны ақпараттандыру. Жобалау сұрақтары. Іскерік әріптестермен және өнім берушілермен кездесулер. Конференциялар мен іс-шараларға қатысу. |
| **7** | **Сенімді басқарудағы кәсіпорындар** | |
| | **Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.** | Корпоративтік сайтқа, әлеуметтік желілерге, БАҚ-қа баспасөз-релиздерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттар мен басқа да материалдарды орналастыру арқылы Қоғам жобаларының жүзеге асырылғаны туралы мақсатты аудиторияны ақпараттандыру. Жобалау сұрақтары. Есептер мен хат-хабар алмасу. |





| № | Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы | Өзара әрекеттесу әдістері мен тетіктері |
|---|---|---|
| **8** | **Тапсырыс берушілер** | |
| | **Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.** | Корпоративтік сайтқа, әлеуметтік желілерге, БАҚ-қа баспасөз-релиздерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттар мен басқа да материалдарды орналастыру арқылы Қоғам жобаларының жүзеге асырылғаны туралы мақсатты аудиторияны ақпараттандыру. Шарттар. Есептер мен хат-хабар алмасу. |
| **9** | **Өнім берушілер** | |
| | **Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.** | Өткізілетін сатып алулар, олардың нәтижелері туралы ақпараттық хабарлама интернет-қорларға, атап айтқанда, Қоғамның корпоративтік сайтына орналастырылады. Шарттар. Сатып алу ережелері және өткізілген сатып алулар туралы ақпарат. Өнім берушілердің өтініштерін қарастыру. |
| **10** | **Сатып алушылар/ жалға алушылар** | |
| | **ҚР СНменЕ сәйкес сапалы әрі қолжетімді тұрғын үйді сатып алудағы Сатып алушылардың/жалға алушылардың үміттеріне сәйкестікті, жайлылық, қауіпсіздік пен үнемділік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.** | Корпоративтік сайтты, әлеуметтік желілерді, e-mail жолдамаларды, мессенджерлерді, Басқарма Төрағасының блогын пайдалану арқылы баспасөз релиздерін, мақалаларды, есептерді, сауалнамаларды және басқа да ақпараттық хабарламаларды жариялау жолымен мақсатты аудиторияның арасында Қоғамның қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы, сонымен қатар колл-орталық арқылы консультациялар көрсету, арнайы іс-шаралар, акциялар, жарнама кампанияларын және т. б. өткізу. Жалдау/Сатып алумен жалдау/сату шарттары. Клиенттердің қанағаттану деңгейін шолу. Үй-жайларды жалға алушылардың қанағаттану деңгейін анықтау. |
| **11** | **Мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар** | |
| | **Тұрғын үй құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты басқару, объектілер құрылысының мониторингі, техникалық аудит өткізу, мемлекеттік сараптама өткізу, объектілерді пайдалануға қабылдау мәселелері бойынша өзара әрекеттесуді жүзеге асыру.**<br>**Пайдалануға енгізілген тұрғын үйді жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарға өткізу туралы келісімдерді жасау.** | Мемлекеттік тұрғын үй құрылыс бағдарламаларын жүзеге асыруда Қоғам қызметінің ақпараттық таныстырылымы үшін (мәжілістер, кездесулер, жария тыңдаулар, есептер, сұхбаттар, сөйлеген сөздер, жұмыс топтары. Форумдар, конференциялар және т. б.) интернет қорлар, атап айтқанда корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер қолданылуы мүмкін. Хат-хабар алмасу мен сұратулар. Заңнамалық және нормативтік реттеу мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдармен жұмыс істеу. Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу. |
| **12** | **БАҚ, Қоғамның әлеуметтік желілерін пайдаланушылар** | |
| | **Қоғам қызметі туралы оң қоғамдық пікірді қалыптастыру.** | Корпоративтік сайт пен әлеуметтік желілерде баспасөз релиздерін, басылымдарды, есептерді, сұхбаттарды, фото және бейне материалдарды, БАҚ-ғы таныстырылымдарды тарату арқылы PR-бағдарламаларды жүзеге асыру, мақсатты аудиторияға Қоғамның күшті жақтары мен мүмкіндіктерін жеткізу арқылы ақпараттық қызметті ұйымдастыру. Интернет-сайт. Баспасөз релизі, баспасөз-конференциялары мен брифингтер. Жылдық есеп. Конференциялар мен саммиттер. |
| **13** | **Қаржы институттары** | |
| | **Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау (депозиттік шоттарға ақша қаражатын орналастыру, банктік қызмет көрсету, арнайы шоттарға қызмет көрсету).** | Интернет қорларына, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтына шоғырландырылған қаржы есептілігін, бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басқа да ақпаратты жариялау. Шарттар. Қаржы институтына ақша қаражатын орналастыру. |

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ

2018 жылғы 17 мамырда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Комплаенс-бақылаушы тағайындалды. Оның қызметінің басты мақсаты сыбайлас жемқорыққа қарсы әрекет ету, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау мәселелері жөніндегі саясатты белгілеу. Комплаенс-бақылаушы қажет болған жағдайда Қоғамның құрылымды бөлімшелерімен бірлесіп ішкі нормативтік құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің талдауын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мәселелері жөніндегі ҚР заңнамасына сәйкестендіруді қамтамасыз етеді. Жыл сайын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі агенттігінің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының өкілдерін қатыстыра отырып, Қоғам қызметкерлерінің арасында семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мәдениетін қалыптастыру жұмысы жалғасып отырады; Қоғам қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын тұрақты негізде жүргізіліп отырады, сонымен қатар жоғары тәуекелді процестерге қатысатын Қоғам қызметкерлерінің арасында тестілеу өткізілді; Қоғам контрагенттерін кешенді тексеру жүргізілді. 2020 жылдың бірінші жартысында Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты әзірленді, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» Заңына сәйкес қызметкерлерді жалдайтын, бағалайтын, алға ілгерілетіп, жұмыстан шығаратын кезде сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ өзге бизнес-процестерінің талдауы өткізілді. 2020 жылдың 2-тоқсанында қызметтерді сатып алу туралы шарттар бойынша 10 млн теңгеден жоғары сомадан асатын Қоғам контрагенттерінің кешенді тексеруі жүргізілді. 2020 жылғы шілде мен 2020 жылғы қыркүйек аралығындағы кезең ішінде жүргізілген тексерулер саны www.zakup.sk.kz веб-сайтының негізгіне сатып алулар саласындағы 5 шартты құрады. 2020 жылы Қоғамның «жедел желісіне» 18 өтініш келіп түсті, оның ішінде 2020 жылдың 2-жарты-жылдығында 14 өтініш келіп түсті. Фактілер расталған жоқ, келіп түскен өтініштер шеңберінде Қоғамға келтірілген залал жоқ. **2020 жылдың 4-тоқсанында Нұр-Сұлтан қ. бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті басшысының Бірінші орынбасары Ж. Жылқышиеваның қатысуымен семинар өткізілді. Кездесу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы жаңалықтар және әдептілік идеологиясын қалыптастыру» тақырыбына «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес кәсіпорындарының ұжымдарымен өтті: «Samruk-Kazyna Construction» АҚ, «SK Development» ЖШС, «Объектілердің құрылысы жөніндегі компания» корпоративтік қор.**





# МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТҚА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

2018–2028 жылдарға бекітілген Даму стратегиясына сәйкес Қоғам жеткілікті ресурсы, сенімді әріптестерінің кең тобы, сондай-ақ жобаларды, құрылыс пен жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруға қажетті құзіреті мен тәжірибесі бар ұйымға айналуға тырысады. Осыған байланысты Қоғам мемлекеттің тұрғын үй құрылысы саласында жүзеге асыратын саясатты қолдайды. Қоғам бизнес әрекет ететін экономика салаларына бұл сектордың араласпауы туралы жариялайтын Yellow Pages Rule қағидаларын ұстанады. Квазимемлекеттік компания ретінде Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2015 жылғы № 1095 қаулысымен бекітілген қызмет түрлерінің тізіміне сәйкес жүргізеді.

# ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІҢ ЖАУАПТЫ ТІЗБЕГІ

Қоғамның сатып алу қызметі саласындағы басты мақсаты – сатып алуға оңтайлы жағдай жасай отырып, барлық бөлімшелердің тұрақты жұмысы үшін ресурстардағы қажеттілікті дер кезінде, тиімді әрі толық қамтамасыз ету. Қоғамда ақпараттық ашықтық, мөлдірлік, тең құқылық және адал бәсекелестікті дамыту қағидаларына негізделген тиімді сатып алу жүйесі құрылған. Сатып алу рәсімдері мөлдір, стандартты және қарапайым. Қоғамның сатып алу қызметінің басты міндеті: *«Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар Тобының Мүгедектердің ұйымдары тізілімінде тұрған мүгедектердің ұйымдарынан тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу; «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар Тобының Тауар өндірушілер тізілімінде тұрған сатып алынатын тауар өндірушілерден тауар сатып алу; білікті әлеуетті жеткізушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру; Қоғамда жеткізушіні таңдау мынадай әдістермен жүзеге асырылады: ашық тендер өткізу (оның ішінде төмендету сауда-саттығын қолдана отырып); баға ұсынымдарын сұрату (төмендету сауда-саттығы); бәсекелес келіссөздер өткізу; бір көзден алу жолымен тендер өткізу. Әкімшілік ғимараттарды пайдалану Қоғам қызметі бағыттарының бірі болып табылады. Жасыл квартал Т4 БО әкімшілік ғимараты Қоғамның сенімді басқаруында. Ғимараттың жалпы ауданы 32 706,8 шаршы м. Мәңгілік ел, 10 мекенжайы бойынша орналасқан Қазына Тауэр БО әкімшілік ғимараты Қоғам меншігінде.* Жалпы ауданы: 15 121 ш. м.



# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

Қоғам экологиялық теңгерімді сақтау және қоршаған ортаға күтіммен қарау қажеттілігін түсіне отырып, қоршаған ортаны қорғау қызметін өзінің ағымдағы жұмысының маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Құрылыс сапасын бақылау шеңберінде Қоғам құрылыс жүргізушілердің құрылыс алаңдарында түзілетін қоршаған ортаға жанама шығарындылар мониторигін жүргізеді. Құрылыс объектісінен әуе ортасына ауқымды теріс әсер беріледі. Құрылыс алаңдары құрылыс жүргізілген аумақтардың атмосфералық ауасы мен халық денсаулығына теріс әсер ету көздерін түзеді, олар тұрғын үй құрылысына тікелей жақын орналасқандықтан жағдай жиі қиындай түседі. Атмосфераға ластаушы шығарындылар құрылыс алаңының аумағын инженерлік дайындаудан бастап аумақты апаттандыру мен көгалдандыруға дейінгі құрылыс процесінің барлық сатысында түзіледі. Құрылыс алаңдарындағы атмосфераны ластандыру көздері болып құрылыс машиналары мен механизмдер – автокрандар, экскаваторлар, грейдерлер, өзі аударғыш машиналар, борттық автомобильдер, бетон сорғылары мен бетон араластырғыштар, домалатқыштар, асфальт төсегіштер, автогудронаторлар, дизельді генераторлар, дәнекерлеуші аппараттар, кескіш станоктар, тегістегіш машиналар және т. б. табылады.

Қоғамның құрылыс объектілері атмосфераға әртүрлі деңгейде әсер етеді және бірінші кезекте бұл орындалатын құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлеміне байланысты болады. Қоршаған ортаға зиянды заттар эмиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. ҚР Салық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға эмиссия үшін ақы алынады. Қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтері шегінде және (немесе) одан жоғары болатын қоршаған ортаға эмиссиялардың нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады: ластандырғыш заттардың шығарындылары; ластандырғыш заттардың төгінділері; орналастырылған өндіріс және тұтыну қалдықтары. Қоғам объектінің құрылысы кезінде және өзіне арған міндеттемелер мен нормативтерді орындайтын кезде құрылыс жүргізушілердің ластануларын кешенді бағалауын міндетті түрде жүргізуін қадағалайды. Жұмыс жобаларын зерттейтін кезде қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі ақпарат және экологиялық зардаптар туралы мәлімдемелер талданады. Сондай-ақ, құрылыс салушылардың объектілерді салатын кезде облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алуын тексеру.

# ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

***Қоғамда келесі корпоративтік құндылықтар қалыптасқан:***




ТОВАРИЩЕСТВО -ПАРТНЁРСТВО/ СЕРІКТЕСТІК-ӘРІПТЕСТІК / PARTNERSHIP

- Біз команданың мүддесін өз мүддемізден жоғары қоямыз және бір-біріміздің пікірімізді сыйлаймыз.
- Біз барлық мүдделі тараптар үшін өзара тиімді шешім таба білеміз.
- Сіз мөлдірлік қағидаларына сүйене отырып, ұзақ мерзімді қарым-қатынас құрамыз.

РЕШИТЕЛЬНОСТЬ / ТАБАНДЫЛЫҚ / DETERMINATION

- Біз үнемі даму жолындамыз және озық тәжірибені пайдаланамыз.
- Біз алдымызға өршіл мақсаттар қойып, оларға қол жеткіземіз.
- Біз барлық тәуекелді ескере отырып, шешім қабылдаймыз.

САМОДИСЦИПЛИНА / ТӘРТІП / SELF-DISCIPLINE

- Біз өзімізге және өзгелерге қатаң талап қоя отырып, жоғары тиімділікке қол жеткіземіз.
- Біз қатаң түрде компанияның нормалары мен қағидаларына сәйкес әрекет етеміз.
- Біз өз сөзімізге сенімдіміз және айтқан сөзімізде тұрамыз.

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ / ЖАУАПКЕРШІЛІК / RESPONSIBILITY

- Біз әрқайсыңызға мүмкіндік береміз, бірақ ең үздіктерді алға жетелейміз.
- Біз әділ және конструктивті түрде әрекет етеміз.
- Біз өзімізге жауапкершілік аламыз.





Көрсетілген корпоративтік құндылықтар корпоративтік мәдениет нормасына және жүріс-тұрыс моделін дамыту тиімділігінің негізгі факторларына айналуы тиіс. Қоғам басшылығы бағыт-бағдар беріп, қызметкерлер Қоғамның стратегиялық мақсаттарының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында өзгерістерге дайын болып, акционерлермен бірге табыс пен залалды қатар бөлісе отырып, актив иегерлері ретінде ойналып, әрекет ететіндей жоғары өнімділік, жауапкершілік пен нәтижеліліктің корпоративтік мәдениетін сақтауы тиіс.

# КАДРЛАР ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ

Қызметкерлер тұрақты даму мақсатына қол жеткізу жолындағы Қоғамның негізгі активі, оның стратегиялық әріптесі болып табылады. 2020 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның 2018–2028 жылғы кадрлық саясатына корпоративтік құндылықтарды бекіту және өнімділігі жоғары корпоративтік мәдениетті жетілдіруге қатысты енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітті. Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт негізінде портфельдік компанияларда референстік үлгіге сәйкес адам ресурстарын басқаруға қатысты негізгі бизнес-процестер жаңартылып жатыр. Жыл сайын қызметкерлердің қатысуы бағаланады. 2020 жылғы қатысу индексі 63 %-ды құрады (2019 ж. – 61 %). Бұл көрсеткіш 2 %-ға жақсарып, оңтайлы аймақта орналасқан. Қоғам алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін Қоғамның сәйкес кәсіби құзіреттілігі бар мамандардағы қажеттіліктерін қамтамасыз ету, жобаларды басқару саласындағы құзіреттілікті дамыту, инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру Қоғамның адам ресурстарын басқаруға қатысты біріншілік бағыттары болып табылады. Қызметкерлерді дамыту және қызметкерлерге кәсіби және мансап жолында өсу мүмкіндіктерін беру Қоғамның кадр саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Цифрлық технологиялардың дамуын ескере отырып, қашықтан оқыту курстары, вебинарлар және жұмыс орнында оқыту, қызметкерлердің бағдарламалық өнімдермен жұмыс істеу дағдысын дамыту, сонымен қатар құрылыс саласындағы BIM технологиялар бойынша оқыту сияқты оқыту әдістерін белсенді пайдаланады.

***Ұйым ауқымы:***

| Көрсеткіш атауы | 01.01.2020 ж. | 01.01.2021 ж. | 2020 жылға қатысты %-да |
|---|---|---|---|
| **Қызметкерлер штатының саны, барлығы (бір.), сонымен қатар:** | **134** | **95** | **70,9** |
| Корпоративтік орталығы | 118 | 95 | 80,5 |
| «СҚ Девелопмент» ЖШС | 16 | -- | -- |
| **Нақты саны, барлығы (бір.) сонымен қатар:** | **119** | **83** | **69,7** |
| Корпоративтік орталығы | 104 | 83 | 79,8 |
| «СҚ Девелопмент» ЖШС | 15 | -- | -- |
| **Тізім бойынша орташа саны, барлығы (бір.) сонымен қатар:** | **114,9** | **109,5** | **95,3** |
| Корпоративтік орталығы | 100,3 | 97,5 | 97,2 |
| «СҚ Девелопмент» ЖШС | 14,6 | 12 | 82,2 |

2020 жылы КО деңгейінде 14 қызметкер қабылданды, 35 еңбек шарты бұзылды, оның ішінде: 14 – штатты қысқарту бойынша, 5 адам – тараптардың келісімі бойынша, өз еркімен – 10 және ЕШ мерзімінің аяқталуы бойынша – 6. «СҚ Девелопмент» ЖШС-де 2020 жылы 8 еңбек шарты бұзылды, оның ішінде 2 – штатты қысқарту бойынша, 5 – қызметкер қабылданды. Қатысу үлесінің 51 %-ң өткізілуімен байланысты «СҚ Девелопмент» ЖШС қызметкерлер саны есептік кезеңнің соңында шоғырландырылған жоқ. 01.01.2021 жылғы жағдайы бойынша 12 әйел бала күтіміне байланысты демалыста.

# ОҚЫТУ

Кәсіби оқыту процесіне қойылатын талаптар Кәсіби оқыту және Қоғам қызметкерлерін дамыту ережелерінде реттелген.

Қызмет тиімділігінің ұдайы шолулары – 100%, мансаптың даму шолулары – 94,7% қызметкерлер. Басқарушы қызметкерлер (Басқарма мүшелері) бойынша бір жылдағы негізгі қызмет көрсеткіштерін (НҚК) Директорлар кеңесі бекітеді, сондай-ақ жыл аяқталғаннан кейін НҚК-ң орындалуы бағаланады. Директорлар кеңесіне бағынатын қызметкерлердің (4 қызметкер) қызметін бағалауды Директорлар кеңесі жыл басында бекітілетін НҚК негізінде жүзеге асырады. Әкімшілік қызметкерлер бойынша жыл сайынғы негізде қызметті бағалау тиімділігі мен жеке даму жоспарларының шолуы жүргізіледі.

Мансаптың даму шолулары

**94,7%**

**қызметкерлер**

*Қызметкерлерді оқыту туралы 2020 жылғы ақпарат (сағаттар)*

| Көрсеткіш | 2020 |
|---|---|
| **Қызметкерлерді бір жылдағы орташа жылдық оқыту саны** | 664 |
| Әйелдер | 160 |
| Еркектер | 504 |
| Жетекші және басқарушы қызметкерлер | 208 |
| **Орта буынның жетекшілері** | 352 |
| Бас менеджерлер мен менеджерлер | 104 |

# ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

Қоғамдағы еңбекақы төлеу жүйесі Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу ережелерімен реттеледі, оның басты мақсаты – көздеген мақсаттарға жету жолында қызметкерлердің тиімділігін бағалау және есептік кезең ішіндегі қызмет нәтижелері үшін қызметкерлерді көтермелеуге мүмкіндік беретін еңбекақы төлемі жүйесін белгілеу арқылы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қолдау көрсету. 2019 жылы Қоғам қызметкерлері жалақысының бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін жалақы нарығын талдау және лауазымдарды топтастыру жүргізілді, 2020 жылы басқарушы және әкімшілік қызметкерлерді лауазымдары бойынша топтастыруды ескере отырып, еңбекақы төлемінің жүйесі енгізілген. 2009 жылдан бастап Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережелері күшке енген, онда қызметкерлерге көрсетілетін әлеуметтік қолдау түрлері мен талаптары белгіленген. Қоғам қызметкерлеріне келесі әлеуметтік қолдау түрлері көрсетіледі: Материалдық көмек; Өтемақылық шығындар; Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру. Қоғамда еркектер мен әйелдердің еңбегі үшін тең сыйақы қарастырылған. Қызметкерлердің қызметін бағалау тәртібіне сәйкес жыл сайын есептік жылдың 31 желтоқсанына дейін әкімшілік және басқарушылық қызметкерлердің кешенді бағалауы жүргізіледі. Осылайша, 2020 жылы қызметінің тиімділігі мен мансабының өрлеуіне қатысты шолуды алған әкімшілік қызметкерлер саны 96% құрады. Басқарушы қызметкерлер Қоғамның негізгі қызмет көрсеткішіне қол жеткізуі бойынша бағаланады.







# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Қоғамда жүргізілетін барлық маңызды жобалар бойынша Басқарма Төрағасының қызметкерлерге үндеуі құрылады. Осылайша, 2020 жылы Қоғам қызметкерлеріне үндеуде корпоративтік мәдениетті дамыту мен диагностика жобалары, сонымен қатар лауазымдарды топтастыру жүйесін енгізу жобасы туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар, қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы шеңберінде Қоғамда төмендегілер ұдайы өткізіліп отырады:

- басқарушы қызметкерлер мен құрылымды бөлімше басшыларының қатысуымен операциялық қызмет мәселелері бойынша апта сайынғы аппараттық мәжілістер;
- Басқарма Төрағасының құрылымды бөлімше қызметкерлерімен функционалдық міндеттерді орындау және есептік кезең ішінде бекітілген Мақсаттар картасына қол жеткізу мәселелері бойынша тоқсан сайынғы кездесулері.

Қоғамда Басқарма Төрағасымен қызметкерлердің сұрақтарын, проблемаларын және ұсыныстарын бейресми жағдайда талқылау үшін «галстуксіз» форматта кездесулер өткізу тәжірибесі енгізілген. Апта сайынғы негізде басшылықтың қызметкерлерді жеке сұрақтар бойынша қабылдау сағаттары белгіленген.






# ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Қоғам қызметкерлердің денсаулығына, еңбек жағдайына және жұмыс орындарында қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге ерекше назар аударады. **Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің жеке денсаулық әлеуетін арттыру үшін Қоғам:**

- тәулік бойы консультациялық-диспетчерлік қызметті (call-centre) қамтитын медициналық сақтандыру қызметіне (аурулар жағдайына сақтандыру) қол жеткізу мүмкіндігін, жедел көмек қызметін, стационарлық емді, амбулаториялық-емхана қызметін, қызметкерлер үшін медициналық профилактикалық тексеруді, үйде қарайтын отбасылық дәрігер, мейірбике қызметін, стоматология қызметін, тұмауға қарсы вакциналау және т. б. қызметтерді ұсынады;
- еңбек демалысына сауықтыру жәрдемақысын ұсыну түрінде қаржылық қолдау көрсетеді;
- әкімшілік ғимаратта спорттық керек-жарақтармен жасақталған бөлмелерді ұсыну және спорттық мекемелерге баруға жеңілдік алу мүмкіндігін ұсыну жолымен қызметкерлердің салауатты өмір салтын ұстануын нығайтып, ынталандыру бойынша жүргізетін саясатқа қолдау көрсетеді.

Сондай-ақ Қоғам қызметкерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдасқан жұмысты жүргізеді:

- қызметкерлердің қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша міндетті нұсқаулықтан өткізіп, білімін тексеру арқылы қызметкерлерді оқыту жүргізіледі, нұсқаулықпен таныстыру бірінші кезекте жаңа қабылданған қызметкерлер үшін қауіпсіздік және еңбекті қорғау тақырыптары бойынша өткізіледі;
- әкімшілік ғимараттағы офистік жайлардағы жабдық пен инженерлік желілердің, қызметкерлердің жұмыс орындарындағы компьютерлер мен ұйымдастыру техникасының регламенттелген профилактикалық жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Қоғам қызметкерлері «Жасыл квартал» блок Т4 БО-ң (бұдан әрі – Ғимарат) 14-15-қабаттарында және «Қазына» Тауэр БО-да орналасқан. Әрбір жұмыс орны функционалды мақсатына және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес ұйымдастыру техникасымен жабдықталған. Апат кезінде ғимарат жайынан шығатын жолдар мен есіктер таңбалармен белгіленген. Ғимараттың өртке қарсы автоматикасының жұмысқа жарамдылығы және қызметкерлердің жұмыс орнында болған кездегі өрт қауіпсіздігін мамандандырылған қызмет көрсетуші ұйым қызмет көрсету шарты бойынша қамтамасыз етеді. Тексеру жарты жылда 1 рет техникалық регламентке сәйкес жүргізіледі. Апат, өрт кезінде техникалық жұмыскерлердің әрекет дағдыларын қалыптастыру Жаттықтыру жоспарына сәйкес жүргізіледі (карантин шараларының енгізілуімен байланысты оқу жаттығулары қызметкерлерді Ғимараттан көшірмей өткізіледі). Жаңа қабылданған қызметкерлер өрт қауіпсіздігі жөніндегі кіріспе нұсқаулықпен танысады. Жұмыс уақыты ішінде жұмыс орындары орналасқан Ғимарат жайындағы температура, жарықтандыру, сонымен қатар микроклимат санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді және регламенттелген мерзімді техникалық қызмет көрсету, жоспарлы-алдын алу жөндеулері және Ғимараттың инженерлік жүйелері мен жабдықтарын қарап, тексеру қамтамасыз етіледі. Енгізілген карантин шараларына сәйкес Ғимараттарда: ғимаратқа кіретін қызметкерлердің, келушілердің және жұмыскерлердің температурасын телеметриялық тексеру; зарарсыздандырғыш құралдарды пайдалана отырып, үй-жайды күн сайын санитарлық өңдеу жүргізіледі, ортақ пайдалану орындарында және жұмыс орындарында бетперде режімі мен қашықтық сақталады.





# ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясаты мен Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылық және демеушілік қызмет «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бірыңғай операторы «Samruk-Kazyna Trust» АҚ әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асырылады. 2020 жылғы Қоғам бюджетінде осы бағыттағы қызметке қаражат қарастырылмаған. Волонтерлік қозғалысты дамыту шеңберінде «Самұрық-Қазына» компаниялар тобында Қоғам қызметкерлері мынадай әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған волонтерлік қозғалысқа, акциялар мен іс-шараларға белсенді қатысады: экожобаларды; білім беру жобаларын жүзеге асыру; Донор күні; сенбіліктер-қоқысты, қарды тазарту, көшеттер егу; офистің айналасындағы аумақты, Есіл ауданындағы үй маңындағы аумақты абаттандыру. Сонымен қатар соғыс ардагерлеріне, онкологиялық стационарда емделіп жатқан балаларға, көп балалы отбасыларына, мүгедектерге, қайырымдылық акциялары мен шараларына белсенді қатысқан Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау мен көмек көрсетілді.





# ҚОСЫМШАЛАР

## ҚОСЫМША №1. МАҢЫЗДЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2020 жылы Компания келесі мүдделі мәмілелерді жасады:

- 2020 жылы 20 қарашада «Бавария Констракшн» ЖШС-мен 1 616 000 000 теңге көлемінде инвестиция салуға келісімшарт жасалды. *Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 9 қарашадағы No 154 шешімі.*
- «Базис-Астана» ЖШС-мен 20 476 000 000 теңге сомасында 2020 жылы 25 желтоқсанда құрылысқа инвестиция салу туралы келісімшарт жасалды. *Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 тамыздағы No 152 шешімі.*
- «СК Девелопмент» ЖШС жарғылық капиталындағы үлесті сату-сатып алу туралы келісімшарт 2020 жылы 29 желтоқсанда «ВентКаркараСервис» ЖШС-мен 13 982 000 теңгеге жасалды. *Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы No 155 қаулысы.*
- Forte bank АҚ-мен 4 970 000 000 теңге сомасында жасалған 2020 жылғы 18 мамырдағы No K-03-10-2020 несиелік желіні ашу туралы келісім. *«Самұрық-Қазына Құрылыс» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 14 мамырдағы No 16/2020 шешімі.*
- «Forte bank» АҚ-мен 4 970 000 000 теңге сомасында жасалған 2020 жылғы 18 мамырдағы NoZK-03-10-2020 / 1 ақшалай кепіл (кепіл) шарты. *«Самұрық-Қазына Құрылыс» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 14 мамырдағы No 16/2020 шешімі.*
- 2020 жылғы 20 желтоқсандағы «SKKN Finance» (жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен) 2 500 000 000 ресей рублі мөлшерінде жасалған несиелік келісім. *«Самұрық-Қазына Құрылыс» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы No 42/2020 шешімі.*
- 2020 жылғы 6 қаңтардағы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ »АҚ-мен 2 130 000 000 теңгеге дейінгі сомаға несиелік келісім. *«Самұрық-Қазына Құрылыс» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 09 сәуірдегі No 13/2020 шешімі.*
- 22 708 119 теңге сомасында объектілерді салуға «Корпоративтік қор» компаниясымен жасалған Нұр-Сұлтан қаласындағы «Жеңіл атлетикалық спорт кешені» құрылыс жобасын басқару бойынша қызметтерді сатып алу туралы келісімшарт. *«Самұрық-Қазына Құрылыс» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 07 қазандағы No 34/2020 шешімі.*

# ҚОСЫМША № 2. GRI МАЗМҰНЫНЫҢ ИНДЕКСІ

2020 жылдың ішіндегі Байланыс ақпараты саласындағы есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған: негізгі нұсқа

***Әмбебап стандарттар***

| GRI стан-дарттары | Ашылатын мәліметтер | Ескертпе, сілтемелер, ерекшеліктер |
|---|---|---|
| | **101 Негізгі ережелер** | |
| | **102 Есептіліктің жалпы стандартты элементтері** | |
| **1** | **Ұйымның бейіні** | |
| 102-1 | Ұйымның атауы | Компания туралы |
| 102-2 | Компанияның негізгі брендтері, өнімдері, сондай-ақ көрсететін қызметтері | Компания туралы |
| 102-3 | Ұйым штаб-пәтерінің орналасқан жері | Байланыс ақпараты |
| 102-4 | Ұйымның өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттерінің саны және атауы | Компания туралы |
| 102-5 | Меншіктің сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны | Компания туралы |
| 102-6 | Ұйым жұмыс істейтін нарықтар (оған қоса географиялық бөлінісі, қызмет көрсететін салалары, сондай-ақ тұтынушылар мен бенефициарлар санаттары) | Даму стратегиясы және оны іске асыру |
| 102-7 | Ұйымның масштабы:<br>1) қызметкерлерінің жалпы саны;<br>2) бөлімшелерінің жалпы саны;<br>3) таза кірістер;<br>4) қарыз капиталы мен меншікті капиталға бөлінгендегі жалпы капитал;<br>5) жеткізілетін өнімдердің немесе қызметтердің көлемі. | Тұрақты даму:<br>Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер |
| 102-8 | Қызметкерлер және басқа да жұмыскерлер туралы ақпарат. Еңбек шарты (тұрақты және уақытша) бойынша қызметкерлердің жынысы бойынша жалпы саны.<br>Еңбек шарты (тұрақты және уақытша) өңірлер бойынша қызметкерлердің жалпы саны. | Тұрақты даму:<br>Кадрлық әлеуеттің дамуы |
| 102-9 | Ұйымның жеткізілімдер тізбегі | Тұрақты даму:<br>Жеткізілімдердің жауапты тізбегі |
| 102-10 | Жеткізілімдерді ұйымдастырудағы және олардың тізбегіндегі елеулі өзгерістер | Есепті кезеңнің ішінде бәсекелі келіссөздерді жүргізу арқылы «тендер» сатып алу тәсілімен толықтырылып түрды |
| 102-11 | Сақтық немесе қағидаты немесе тәсіл | Тәуекелдерді басқару |
| 102-12 | Сыртқы бастамалар<br>Сыртқы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жарғылар, қағидаттар тізбесі, немесе ұйым қосылатын не мақұлдай тын басқа бастамалар. | Қазіргі уақытта Қоғам ресми түрде мұндай бастамалардың ешқайсысына қосылмаған. Бұл ретте Қоғам ISO 26000 (Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық) халықаралық стандартында және Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген қағидаттарды басшылыққа алады, сондай-ақ GRI стандарттарын пайдаланып, тұрақты даму туралы есептілікті жариялайды. |
| 102-13 | Қауымдастықтардағы мүшелігі:<br>а. Салалық немесе басқа қауымдастықтардың, сондай-ақ ұлттық немесе халықаралық насихат ұйымдарының негізгі мүшелерінің тізімі. | Қазіргі уақытта Қоғам ресми түрде қауымдастықтың мүшесі болып табылмайды. |





| GRI стан-дарттары | Ашылатын мәліметтер | Ескертпе, сілтемелер, ерекшеліктер |
|---|---|---|
| **2** | **Стратегия** | |
| 102-14 | Ұйымда шешім қабылдайтын ең жоғары тұлғаның мәлімдемесі | Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі<br>Басқарма Төрағасының үндеуі |
| 102-15 | Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер | Тәуекелдерді басқару |
| **3** | **Әдеп және адалдық** | Тұрақты даму:<br>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл |
| 102-16 | Құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және мінез-құлық нормалары | Тұрақты даму:<br>Тұрақты даму саласындағы есеп туралы<br>Тұрақты дамуды басқару |
| 102-17 | Әдеп жөнінде кеңес беруге және қауіптенуге арналған механизмдер | Тұрақты даму:<br>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл |
| **4** | **Басқару** | |
| 102-18 | Басқару құрылымы | Корпоративтік басқару |
| 102-19 | Өкілеттіктерді басқаға беру | Қоғамның тұрақты дамуы |
| 102-20 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар үшін атқарушылық билік деңгейіндегі жауапкершілік | Қоғамның тұрақты дамуы |
| 102-21 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша мүдделі тараптарға кеңес беру | Есеп туралы<br>Тұрақты дамуды басқару<br>Байланыс ақпараты |
| 102-22 | Жоғарғы басқару органының және оның комитеттерінің құрамы | Директорлар кеңесі |
| 102-23 | Жоғарғы басқару органының төрағасы | Жоғарғы басқару органының төрағасы ұйымда атқарушы лауазымды тұлға болып табылмайды |
| 102-24 | Жоғарғы басқау органын ілгері шығару және таңдау | Директорлар кеңесі |
| 102-25 | Мүдделер шиелінісі | Мүдделер шиеленісін реттеу бірқатар ішкі нормативтік құжаттарда: Қоғамның Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы ережеде, Мінез-құлық кодексінде көзделген. |
| 102-26 | Жоғарғы басқару органының мақсатты, құндылықтарды және стратегияны анықтаудағы рөлі | Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау; Қоғамның даму стратегиясын бекіту және оны іске асыруды мониторингтеу мәселелері Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады |
| 102-27 | Жоғарғы басқару органының ұжымдық білімдері | Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру |
| 102-28 | Жоғарғы басқару органының жұмысын бағалау | Директорлар кеңесінің қызметін бағалау |
| 102-29 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді айқындау және басқару | Қоғамның тұрақты дамуы |
| 102-30 | Тәуекелдерді басқару үдерістерінің тиімділігі | Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау |
| 102-31 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды шолу | Қоғамның тұрақты дамуы |
| 102-32 | Жоғарғы басқару органының тұрақты даму бойынша есептіліктегі рөлі | Тұрақты даму саласындағы есеп туралы<br>Тұрақты дамуды басқару |
| 102-33 | Сыни проблемаларды хабарлау | Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау<br>Маңызды тақырыптарды анықтау |
| 102-34 | Сыни проблемалардың сипаты және жалпы саны | Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау<br>Маңызды тақырыптарды анықтау |

| GRI стандарттары | Ашылатын мәліметтер | Ескертпе, сілтемелер, ерекшеліктер |
|---|---|---|
| 102-35 | Сыйақы беру саясаты | Директорлар кеңесіне және Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі ережелері |
| 102-36 | Сыйақыны анықтау үдерісі | Директорлар кеңесіне және Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі ережелері |
| **5** | **Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу** | |
| 102-40 | Мүдделі тараптар тізбесі | Қоғамның тұрақты дамуы Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу |
| 102-41 | Ұжымдық шарттар | Қоғамның тұрақты дамуы Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу |
| 102-42 | Мүдделі тараптарды айқындау және іріктеп алу | Қоғамның тұрақты дамуы Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу Толығырақ ақпарат Қоғамның 2020 жылдың ішіндегі тұрақты даму саласындағы Есебінде келтірілген: www.skcn.kz |
| 102-43 | Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің тәсілі | Қоғамның тұрақты дамуы Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу |
| 102-44 | Ұйыммен өзара әрекеттесу шеңберінде мүдделі тараптардың көтерген негізгі тақырыптары және қауіптенулері | Маңызды тақырыптарды анықтау |
| **6** | **Есептілік практикасы** | |
| 102-45 | Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған кәсіпорындар | Топтың құрылымы:<br>«Samruk-Kazyna Construction» АҚ<br>«Девелопмент БК» ЖШС |
| 102-46 | Есептік мазмұнын және Шекараның тақырыбын анықтау | Қоғамның тұрақты дамуы:<br>Тұрақты даму саласындағы есеп туралы |
| 102-47 | Материалдық тақырыптардың тізімі | Қоғамның тұрақты дамуы Маңызды тақырыптарды анықтау |
| 102-48 | Ақпаратты қайта қарау | Қоғамның тұрақты дамуы:<br>Тұрақты даму саласындағы есеп туралы |
| 102-49 | Есептіліктегі өзгерістер | Қоғамның тұрақты дамуы:<br>Тұрақты даму саласындағы есеп туралы |
| 102-50 | Есептілік кезеңі | Жылдық есепте Компанияның 01.01.2020 ж. бастап 31.12.2020 ж. дейінгі кезең ігіндегі тұрақты даму мәнмәтініндегі негізгі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік қызметі көрсетілген. |
| 102-51 | Соңғы есеп беру күні | 2019 жылға арналған жылдық есеп 2020 ж. сәуірінде жарияланды |
| 102-52 | Есептік цикл | Жылына 1 рет |
| 102-53 | Есепке қатысты мәселелерге арналған байланыс ақпараты | Қоғамның тұрақты дамуы:<br>Байланыс ақпараты:<br>«Samruk-Kazyna Construction» АҚ<br>010000, Нұр-Сұлтан қ., «Есіл» ауданы,<br>Е 10 көшесі, 17/10 үй<br>Тел.: +7 7172 570210 (қабылдау бөлмесі),<br>факс +7 7172 575522, astana@fnsk.kz. |
| 102-54 | GRI стандарттарына сәйкес есептілікті дайындаудың таңдап алынған нұсқасы туралы ақпарат | Қоғамның тұрақты дамуы:<br>2020 жылдың ішіндегі тұрақты даму саласындағы есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған: негізгі нұсқа |
| 102-55 | GRI мазмұнының индексі | 35-бет |
| 102-56 | Сыртқы кепілдік | Тұрақты даму саласындағы есеп туралы |



Жылдық есеп I «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

*Тақырыптамалық стандарттар*

| GRI стандарттары | Ашылатын мәліметтер | Ескертпе, сілтемелер, ерекшеліктер |
|---|---|---|
| | **GRI 200 Экономикалық тақырыптар** | |
| GRI 103 – Менедж мент саласындағы тәсіл | GRI 103-1- Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Есеп туралы<br>Маңызды тақырыптарды анықтау |
| | GRI 103-2 – Менеджмент саласындағы тәсіл және оның компоненттері | Басқарма Төрағасының үндеуі<br>Біздің қызметіміз<br>Тұрақты дамуды басқару<br>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл |
| | GRI 103-3 – Менеджмент саласындағы тәсілді бағалау | Ішкі аудит |
| GRI 201 –Экономикалық көрсеткіштер | GRI 201-1<br>Құрылған және үлестірілген тікелей экономикалық құн | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер |
| | GRI 201-4 Үкіметтен алынған қаржылық көмек | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер |
| GRI 203 –Тікелей емес экономикалық көрсеткіштер | 203-2 Елеулі жанама экономикалық салдар | Қоғамның тұрақты дамуы Жеткізілімдердің жауапты тізбегі Орналасқан өңірлердегі экономикалық әсер |
| GRI 205 –Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | GRI 205-1<br>Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдер бойынша бағаланатын операциялар | Қоғамның тұрақты дамуы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен әдістер туралы ақпараттандыру және оларды үйрету |
| | **GRI 300 Экологиялық тақырыптар** | |
| GRI 103 – Менеджмент саласындағы тәсіл | GRI 103-1- Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Маңызды тақырыптарды анықтау |
| | GRI 103-2 – Менеджмент саласындағы тәсіл және оның компоненттері | Қоғамның тұрақты дамуы Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл |
| | GRI 103-3 – Менеджмент саласындағы тәсілді бағалау | Қоғамның тұрақты дамуы |
| GRI 305 - Шығарындылар | GRI 103-1- Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Маңызды тақырыптарды анықтау |
| | GRI 103-2 – Менеджмент саласындағы тәсіл және оның компоненттері | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Қоршаған ортаны қорғауға әсерді бағалау<br>Тұрақты дамуды бағалау Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл |
| | GRI 103-3 – Менеджмент саласындағы тәсілді бағалау | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Қоршаған ортаны қорғауға әсерді басқару |
| GRI 307 –Экологиялық нормаларға сәйкестік | GRI 307-1 – Экологиялық заңдар мен ережелерді сақтамау | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Тұрақты дамуды басқару<br>Есепті кезеңнің ішінде Қоғамды мұндай оқиғалар болған жоқ. |
| | **GRI 400 Әлеуметтік тақырыптар** | |
| | *Оқыту және білім беру* | |
| GRI 103 – Менеджмент саласындағы тәсіл | GRI 103-1- Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Маңызды тақырыптарды анықтау<br>Кадрлық әлеуеттің дамуы |

| GRI стандарттары | Ашылатын мәліметтер | Ескертпе, сілтемелер, ерекшеліктер |
|---|---|---|
| | GRI 103-2 – Менеджмент саласындағы тәсіл және оның компоненттері | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Кадрлық әлеуеттің дамуы<br>Тұрақты дамуды басқару<br>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл |
| | *Оқыту және білім беру* | |
| GRI 404 – Оқыту және білім беру | GRI 404-1 – Бір қызметкерді оқытудың қызметкерлерді жынысы мен санаттары бойынша бөле отырып есептелген орташа жылдық сағаттар саны | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Кадрлық әлеуеттің дамуы |
| | GRI 404-3 – Тиімділіктің және мансаптың дамуының жүйелі шолуларын алып отыратын қызметкерлердің пайызы | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Кадрлық әлеуеттің дамуы |
| | *Мемлекеттік саясат* | |
| GRI 415- Мемлекеттік саясат | GRI 103-1- Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Маңызды тақырыптарды анықтау |
| | GRI 103-2 – Менеджмент саласындағы тәсіл және оның компоненттері | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Мемлекеттік саясатты қолдау Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл |
| | GRI 103-3 – Менеджмент саласындағы тәсілді бағалау | Қоғамның тұрақты дамуы<br>Мемлекеттік саясатты қолдау |
| | *Мемлекеттік саясат* | |
| GRI 415- Мемлекеттік саясат | GRI 415-1 – Мемлекеттер және алушы/бенефициарлар бойынша саяси мақсаттарға көрсетілген қайырымдылықтың жалпы ақшалай шамасы | Қоғам мемлекеттер және алушы/бенефициарлар бойынша саяси мақсаттарға қайырымдылық көмек көрсетпейді |





# ҚОСЫМША №3. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

***2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен бірге***

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік**


| | |
|---|---|
| Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | 58-59 |
| Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | 60 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп | 61 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп | 62-63 |
| Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер | 64-109 |

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның Акционері мен Директорлар Кеңесіне

***Пікір***

Біз «Samruk - Kazyna Construction» АҚ мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік. Оған 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын барлық елеулі қатынастарда шынайы бейнелейді. Сондай-ақ жыл ішіндегі көрсетілген күнге аяқталған ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс көрсетеді.

***Пікір білдіруге негіз***

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің *«Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі Кеңестің (*БХЭСК) кәсіби бухгалтерлер этикасының Халықаралық кодексіне* (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) *(БХЭСК Кодексі)* сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті әрі орынды болып табылады деп пайымдаймыз.

A member firm of Ernst & Young Global Limited





EY
Building a better working world

***Топтың 2020 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат***

Басқа да ақпаратқа Топтың 2020 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін басшылық жауапты болып табылады. Топтың 2020 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу болып табылады. Сондай-ақ, басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар-жоқтығын және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалаушылықтарды қамтымайтындығын қарастыру болып табылады.

***Басшылықтың және Директорлар Кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі***

Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін адал емес іс-әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтарды қамтымайтын қаржылық есептіліктің шоғырландырылған нысандарын дайындауды қамтамасыз ету мақсатында қажетті ішкі бақылау рәсімдері үшін жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда Топ қызметінің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу үшін және Топ басшылығы Топты таратуды, оның қызметін тоқтатуды көздеген жағдайда немесе басшылықтың мұндай әрекеттерге нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасау үшін жауапты болып табылады.

Директорлар Кеңесі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапты болып табылады.

***Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардың болмайтындығына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта түрде пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қабылданған экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізгі түрде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.
Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданып, бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі іс- әрекеттерді орындаймыз:

A member firm of Ernst & Young Global Limited

EY
Building a better working world

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз; пікірімізді білдіру үшін негіз ретінде жеткілікті әрі орынды болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі жоғары, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана өткізіп жіберу, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту амалдары кіруі мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының орындылығын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі орынды болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде болған операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуін қамтамасыз ететін түрде ұсынылатындығын бағалаймыз.
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Біз Топтың жалпы басқару бағытына, бақылау және аудитінің жүргізілуі үшін жауапты болып табыламыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

A member firm of Ernst & Young Global Limited



Жылдық есеп I «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

EY
Building a better working world

Біз Директорлар Кеңесіне кіретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит барысында ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, өзара ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

| | |
|---|---|
| Адиль Сыздыков<br>Аудитор | Рустамжан Саттаров<br>«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің<br>Бас директоры |
| Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № МФ-0000172 біліктілік куәлігі | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия |

Әл-Фараби д-лы, 77/7, «Есентай тауэр» ғимараты,
050060, Алматы қ, Қазақстан Республикасы

2021 жылғы 25 ақпан

A member firm of Ernst & Young Global Limited

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| Мың теңгемен | Ескерт. | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Айналымнан тыс активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 5 | **202.838** | 244.152 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 6 | **3.898.890** | 4.004.550 |
| Қауымдасқан компанияға инвестиция | 12 | **13.434** | – |
| Құрылыс компанияларына берілген аванстар | 8 | **–** | 4.439.252 |
| Материалдық емес активтер | | **44.135** | 52.029 |
| Ұзақ мерзімді қаржы активтері | 9 | **59.552.076** | 53.436.693 |
| Несиелік мекемелердегі қаражат | 10 | **35.913.990** | 37.629.383 |
| Басқа да айналымнан тыс активтер | 13 | **834.347** | 6.754.759 |
| | | **100.459.710** | 106.560.818 |
| | | | |
| **Айналымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | | **6.832** | 4.065 |
| Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік | 7 | **72.630** | 7.151.461 |
| Сауда дебиторлық берешек | 14 | **275.445** | 6.164.853 |
| Берілген қарыздар | 15 | **7.882.384** | 9.549.482 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **216.828** | 379.294 |
| Ағымдағы қаржы активтері | 16 | **10.882.398** | 12.372.753 |
| Несиелік мекемелердегі қаражат | 10 | **5.052.698** | 139.332 |
| Басқа да айналымдағы активтер | 11 | **428.808** | 394.327 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 17 | **25.805.120** | 23.347.106 |
| | | **50.623.143** | 59.502.673 |
| | | | |
| Есептен шығарылуға арналған активтер | 18 | **1.000.000** | – |
| **Активтердің жиыны** | | **152.082.853** | 166.063.491 |

*64-109 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*





| Мың теңгемен | Ескерт. | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|---|
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 19 | **19.990.162** | 19.990.162 |
| Қосымша төленген капитал | 19 | **3.437.245** | 3.437.245 |
| БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының резерві | | **194.441** | 103.955 |
| Бөлінбеген пайда | | **28.325.877** | 21.527.367 |
| **Капитал жиыны** | | **51.947.725** | 45.058.729 |
| | | | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 20 | **14.125.000** | – |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 21 | **2.544.648** | 2.531.928 |
| Келешек кезеңдер кірістері | | **122.452** | 137.758 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 29 | **350.910** | 23.288 |
| | | **17.143.010** | 2.692.974 |
| | | | |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 20 | **80.456.167** | 108.657.480 |
| Кредиторлық берешек | 22 | **85.668** | 198.299 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 23 | **2.450.283** | 3.968.763 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 24 | **–** | 5.487.246 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны** | | **82.992.118** | 118.311.788 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **100.135.128** | 121.004.762 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **152.082.853** | 166.063.491 |
| | | | |
| **Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)** | 19 | **3.194,55** | 2.788,92 |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі Д.К. Досжанов

Бас бухгалтер Б.К. Сипульдина

*64-109 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| Мың теңгемен | Ескер. | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|---|
| Түсім | 25 | **19.596.629** | 21.902.246 |
| Өзіндік құны | 26 | **(8.018.221)** | (12.482.293) |
| Мемлекеттік субсидия | | **–** | 1.341 |
| **Жалпы пайда** | | **11.578.408** | 9.421.294 |
| | | | |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 27 | **(1.778.496)** | (2.169.159) |
| Қаржы активтері бойынша күтілетін несие залалдарының резервін есептеу | 10, 11, 15, 17 | **(2.115.354)** | (1.779.290) |
| Қаржылық емес активтердің құнсыздануы бойынша резервті қалпына келтіру | 13 | **1.073.610** | 737.713 |
| **Операциялық кірістер** | | **8.758.168** | 6.210.558 |
| | | | |
| Қаржыландырудан болған кірістер | 28 | **2.028.284** | 1.366.971 |
| Қаржыландыру шығыстары | 28 | **(2.114.873)** | (2.646.271) |
| Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес | 12 | **–** | 903 |
| Еншілес ұйымдардың шығуынан болған зиян | 12 | **(126.634)** | – |
| Бағамдық айырма бойынша шығыс | | **(949)** | – |
| Басқа да кірістер | | **411.831** | 3.069.485 |
| Басқа да шығыстар | | **(52.147)** | (62.080) |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | | **8.903.680** | 7.939.566 |
| | | | |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 29 | **(2.105.170)** | (1.148.977) |
| **Есепті жылғы пайда** | | **6.798.510** | 6.790.589 |
| | | | |
| **Акцияға пайда** | | | |
| Жай акцияларды ұстаушыларға келетін жылғы базалық пайда (теңгемен) | 19 | **418,43** | 417,95 |
| **Есепті жылғы пайда** | | **6.798.510** | 6.790.589 |
| | | | |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс** | | | |
| Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша таза кірістер | | **90.486** | 31.554 |
| **Салықтар шегерілген есепті жылғы өзге жиынтық кіріс** | | **90.486** | 31.554 |
| **Салықтар шегерілген есепті жылғы жиынтық кірістің жиыны** | | **6.888.996** | 6.822.143 |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі Д.К. Досжанов

Бас бухгалтер Б.К. Сипульдина

*64-109 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*





# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| Мың теңгемен | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының резерві | Бөлінбеген пайда | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | 19.990.162 | 3.437.245 | 72.401 | 16.068.014 | 39.567.822 |
| | | | | | |
| Бір жылғы пайда | – | – | – | 6.790.589 | 6.790.589 |
| Басқа да жиынтық кіріс | – | – | 31.554 | – | 31.554 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | – | – | 31.554 | 6.790.589 | 6.822.143 |
| | | | | | |
| Дивидендтер (19-ескертпе) | – | – | – | (1.331.236) | (1.331.236) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 19.990.162 | 3.437.245 | 103.955 | 21.527.367 | 45.058.729 |
| | | | | | |
| Бір жылғы пайда | **–** | **–** | **–** | **6.798.510** | **6.798.510** |
| Басқа да жиынтық кіріс | **–** | **–** | **90.486** | **–** | **90.486** |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | **–** | **–** | **90.486** | **6.798.510** | **6.888.996** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **19.990.162** | **3.437.245** | **194.441** | **28.325.877** | **51.947.725** |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі Д.К. Досжанов

Бас бухгалтер Б.К. Сипульдина

*64-109 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| Мың теңгемен | Ескерт. | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Өнім мен тауарларды өткізу | | **10.047.521** | 1.005.190 |
| Алынған пайыздар | | **5.073.106** | 3.798.385 |
| Жалдаудан түсімдер | | **10.842.279** | 14.177.890 |
| «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша түсімдер | | **–** | 1.963.312 |
| Басқа да түсімдер | | **10.365.681** | 3.415.980 |
| Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер | | **(754.819)** | (1.193.787) |
| Берілген аванстар | | **(84.717)** | (48.501) |
| Жалақы бойынша төлемдер | | **(1.219.650)** | (1.129.765) |
| Алынған қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақыны төлеу | | **(4.362.757)** | (2.891.302) |
| Корпоративтік табыс салығы | | **(1.742.377)** | (1.719.946) |
| Бюджетке төленетін басқа да төлемдер | | **(540.566)** | (667.374) |
| Басқа да төлемдер | | **(2.338.397)** | (4.149.955) |
| **Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары** | | **25.285.304** | 12.560.127 |
| | | | |
| **Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары** | | | |
| Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға алдын ала төлем | | **(1.109.063)** | (3.165.321) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | | **(1.323)** | (96.307) |
| Банк салымдарын орналастыру | | **(4.970.000)** | – |
| Банк салымдарын алу | | **1.835.524** | 2.742.537 |
| Үшінші тараптарға берілген қарыздар | | **(11.702.998)** | (424.496) |
| Үшінші тараптардан қарыздарды қайтару | | **4.089.466** | 27.213.777 |
| Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу | | **(53.940)** | – |
| Борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер | | **1.690.000** | – |
| Басқа да түсімдер | | **4.994.684** | 2.214.745 |
| **Инвестициялық қызметте (пайдаланылған) / алынған таза ақша ағындары** | | **(5.227.650)** | 28.484.935 |

*64-109 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*





| Мың теңгемен | Ескерт. | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары** | | | |
| Алынған қарыздар бойынша түсімдер | 20 | **21.825.145** | 2.280.184 |
| Облигацияларды шығару | 24 | **–** | 5.203.442 |
| Алынған қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу | | **(34.371.093)** | (15.154.644) |
| Шығарылған облигацияларды өтеу | 32 | **(5.203.442)** | (20.000.000) |
| Төленген дивидендтер | 19 | **–** | (1.331.236) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(17.749.390)** | (29.002.254) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс** | | **2.308.264** | 12.042.808 |
| | | | |
| Күтілетін несие залалдары бойынша резервтегі өзгеріс | 17 | **101** | (951) |
| Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | | **149.649** | – |
| 1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары | | **23.347.106** | 11.305.249 |
| **31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары** | 17 | **25.805.120** | 23.347.106 |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі Д.К. Досжанов

Бас бухгалтер Б.К. Сипульдина

*64-109 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

## 1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 265 қаулысымен құрылды.

Компанияның кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Е 10, 17/10-үй.

Мемлекет Компанияның жалғыз акционері болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Бас компания») арқылы Компанияға бақылау жасайды.

Компания миссиясы сапалы әрі қолжетімді тұрғын үйді ұсыну арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір жағдайларын жақсарту, сондай-ақ құрылыс тиімділігін арттыру және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Компаниясы тобының жобаларын басқару болып табылады.

Компанияның негізгі қызметіне мыналар кіреді:
- мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау;
- жылжымайтын мүлікті басқару;
- құрылысты басқару, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Компаниялары тобы жобаларының шеңберінде жобаларға техникалық қадағалауды жүзеге асыру және басқару;
- жобалау және салу сатысында компанияның үлестерін сенімгерлік басқару.

Компанияның миссиясы мен көзқарасы Бас компанияның даму стратегиясы мен көзқарасын ескере отырып қалыптасты. Миссия компанияның стратегиялық басымдықтарын және оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін көрсетеді.

### Еншілес және қауымдасқан ұйымдар

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі ұйымдарда қатысу үлестері болды:

| Атауы | Орналасқан тіркеу | Негізгі қызметі | Қатысу үлесі | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 2020 жыл | 2019 жыл |
| «СҚ Девелопмент» ЖШС | Қазақстан | Девелопмент, жылжымайтын мүлік объектілерін қаржыландыру және кейіннен басқару/өткізу, техникалық қадағалау | **49%** | 100% |

2020 жылғы 31 желтоқсанда Компания «СҚ Девелопмент» ЖШС-тегі қатысу үлесінің 51% өткізді.

Компания және 51% үлесі 2020 жылғы 31 желтоқсанда сатылған оның еншілес ұйымы бұдан әрі бірлесіп Топ деп аталады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік шоғырландырылған негізде Топтың 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қызметінің қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге оның қаржылық жағдайын білдіреді.

Топтың қаржы нәтижелері құрылыс саласының ерекшелігіне байланысты болады, әрі оған ұзақ өндірістік цикл тән, өйткені жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысы, орташа, 1,5 жылдан 3 жылға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте құрылыс және құрылысқа инвестициялау кезеңінде жылжымайтын мүлік объектілерін өткізуден түсетін кірістердің азаюы, құрылыс объектілеріне жұмсалатын шығындар капиталының / құрылыс ұйымдарына берілген авансардың ұлғаюы байқалады. Тиісінше, жылжымайтын мүлік объектілері тапсырылғаннан кейін Топтың негізгі қызметінен түсетін кірістердің өсімі байқалады.

Осыдан басқа Топтың қаржылық нәтижелеріне, мемлекеттік бағдарламаларды орындауға берілген және оны қаржыландырудан алынған пайыздық кірістер мен шығыстарды және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің депозиттерінде уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан болған пайыздар бойынша кірістерді қоса алғанда, ақша қаражатын басқарудан туындайтын қаржы құралдарын мойындау және кейіннен бағалау ықпал етеді (32-ескертпе).

Жалпы, жылдар бойынша негізгі қызметтен түсетін кірістердің құбылуы құрылыс индустриясында жұмыс істейтін көптеген жергілікті және шетелдік компанияларға тән.

Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ басшылығы 2021 жылғы 25 ақпанда шығаруға бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгесі есеп саясатында және осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде аталмаса, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «теңге») көрсетілген, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңгелектенген.

### Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бас компанияның және оның еншілес компаниясының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Егер Топтың инвестициялауға қатысудан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдері болса немесе соларға ұшыраса немесе мұндай кірісті алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерінің көмегімен кіріске ықпал етуге мүмкіндігі болса ғана, бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар объектісін бақылайды:
- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқықтарының болуы;
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді:
- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

# 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

## Шоғырландыру негізі (жалғасы)

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес компанияға бақылауды алған кезде еншілес компанияның шоғырлануы басталады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес компанияның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының меншік иелеріне және егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі мұндай компаниялардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топішілік барлық активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және Топ ішінде операцияларды жасау нәтижесінде туындайтын ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

Бақылаудан айырылмастан еншілес компанияға қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылып қалса, ол активтерді (оның ішінде гудвилді), тиісті міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және туындап қалған пайданы немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

# 3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеу Топ басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің ағымдағы құнына қатысты келешекте едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін.

Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау сәтіне қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Топ бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олар болатын шамаға қарай жорамалдарда көрсетіледі.

## Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін құннан асатын болса орын алады. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Компанияның жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақша қаражатының күтілетін ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал.

## Күтілетін несие залалдары

Топ берілген қарыздар, кредиттік мекемелердегі қаражаттар және ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша КНЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері шығындардың пайда болуының ұқсас сипаттамаларымен (яғни, географиялық өңір, өнімнің типі, сатып алушылардың типі мен рейтингісі, аккредитивтер арқылы қамтамасыз ету және несиелік тәуекелдерді сақтандырудың басқа нысандары бойынша) түрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлем мерзімін өткізіп алу күндеріне қарай белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтері матрицасының негізінде бұрынғы кезеңдердегі дефолттардың пайда болуының байқалатын деректері жатыр. Топ болжамды ақпаратты ескере отырып несие зияндарының пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзетіп алу үшін матрицаны жаңартып отырады. Мысалға, егер келесі жылдың ішінде болжамды экономикалық талаптардың (мысалы. ЖІӨ) нашарлауы күтілетін болса, әрі ол өндірістік секторда дефолт жағдайларының ұлғаюына әкеп соқтыра алса, дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолттың деңгейі туралы қадағаланатын деректер жаңартылып отырады және болжамды бағалаулардың өзгерістері сараланады.

Экономикалық талаптармен болжанатын дефолттың тарихи қадағаланатын деңгейлері мен және КНЗ арасындағы өзара байланысты бағалау едәуір есепті бағалау болып табылады. КНЗ көлемі жағдайлардағы және болжанатын экономикалық талаптардағы өзгерістерге сезімтал келеді. Топтың несие залалдарының пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптардың болжамы сатып алушының келешектегі іс жүзіндегі дефолты үшін көрнекі болып табылмауы мүмкін.

Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді және ағымдағы қаржы активтерінің құрамында қаржылық жалдау бойынша берешектің едәуір қалдықтары бар. Қаржылық жалдау бойынша берешек Нұрлы жер мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалға алушы – 8.000 астам жеке тұлғаға тиесілі дербес елеусіз қалдықтардан тұрады. Топ басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау берешегі бойынша күтілетін несие залалдарына резервті есептемеді. Топ басшылығы баланстың 100%-ы өтелуге жатады деп есептейді, өйткені қаржылық жалдау берешегі жалдау бойынша активтермен, жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген, әрі оның әділ құны қаржылық жалдау берешегінің баланстық құнынан айтарлықтай асады.

## Операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер – Топ жалға беруші ретінде

Топ инвестициялық жылжымайтын мүлік портфелінің шеңберінде ескерілетін коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалдау шарттарын жасады. Шарт талаптарын талдаудың негізінде (мысалға, соларға сай жалдау мерзімі коммерциялық жылжымайтын мүлік нысанын экономикалық пайдалану мерзімінің негізгі бөлігін білдірмейді және ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны коммерциялық жылжымайтын мүліктің іс жүзіндегі барлық әділ құнына тең келмейді) Топ аталған мүлікке иелік ету құқығымен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайдалар онда сақталып қалатындығын белгілеиді және тиісінше, бұл шарттарға операциялық жалдау шарттары үшін айқындалған есепке алу тәртібін қолданады.

## Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің жіктелуі

Топ жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылатындығын былайша айқындайды:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлікке Топтың қызметінде пайдалану үшін қолданылмайтын, операциялық қызметте сатуға арналмаған, бірінші кезекте жалға беруден кіріс немесе капитал құнының өсімінен кіріс алу үшін ұсталатын пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар кіреді.
- Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке операциялық қызметте сатуға арналған жылжымайтын мүлік кіреді. Негізінен, бұл Топ құрылыс аяқталғаннан кейін сатқысы келген пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар.



Жылдық есеп I «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

# 3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

## Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құны

Инвестициялық жылжымайтын мүлік өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жинақталған тозу мен құнсыздану бойынша жинақталған шығындарды шегеру арқылы көрсетіледі. Әділ құн соған ұқсас сипаттамалары мен орналасқан жері бар жылжымайтын мүлікпен жуырда жасалған мәмілелердің негізінде айқындалады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 6-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік өзіндік құнының ең азы және таза өткізу құны (ТӨҚ) бойынша көрсетіледі. Сатуға арналған жылжымайтын мүлік үшін ӨТҚ есепті күнге қолданылатын нарықтық конъюнктура мен бағаларды ескере отырып бағаланады және Топ тиісті жуырдағы нарықтық операцияларды назарға ала отырып айқындайды.

## Сенімгерлік басқару шарттары

2020 жылдың ішінде Топтың байланысты тарап «Біріккен химия компаниясы» ЖШС-пен (бұдан әрі – «БХК») БХК-ның келесі еншілес компаниялардағы үлестерін басқаруға арналған сенімгерлік басқару шарттары қолданылды: «Karabatan Utility Solutions» ЖШС, «ХИМ-плюс» ЖШС. Сенімгерлік басқару шарттары жобалардың құрылысы аяқталғанға дейін қолданылады: «Ұлттық индустриалды мұнай-химия паркі» Арнайы экономикалық аймақтың инфрақұрылым объектілерін салу», тиісінше «Глифосфат, үшхлорлы фосфор, каустикалық сода мен хлор өндірісі». Топ сенімгерлік басқару шарттарын сенімгерлік басқарудың өтуіне орай БХК еншілес компаниялары бақылауының болуына саралады және БХК еншілес компанияларындағы қатысу үлестерін бақылау амалы Топқа 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді.

2019 жылғы 24 қаңтарда Топ пен Бас компания Офистік ғимаратты сенімгерлік басқару шартын жасады. Топ көрсетілген шартты сенімгерлік басқаруға өтуіне орай бақылаудың болуына саралады және ғимаратты бақылау амалы Топқа 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді. Топ әкімшілік ғимаратты басқару қызметтерін көрсетеді – үй-жайларды басқа ұйымдарға, негізінен байланысты тараптарға жалға береді.

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

## Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Топ 2020 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін бірқатар стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Әр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

***3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Бизнесті айқындау»***

3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерде бизнес болып есептелу үшін қызмет түрлері мен активтердің интеграцияланған жиынтығына кем дегенде үлес және принципиалды маңызы бар процесс кіруі тиіс екендігі түсіндіріледі, олар бірігіп едәуір шамада қайтарымның пайда болуына ықпалдаса алады. Бұл ретте бизнеске қайтарымдылықтың пайда болуына қажетті барлық үлестер мен процестер міндетті түрде кірмей қалуы да түсіндіріледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпалын тигізбеді, бірақ егер Топ бизнестерді біріктіру мәмілесін жасайтын болса, келешекте қолданылуы мүмкін.





***7 ХҚЕС-ке (IFRS), 9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 39 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау»***

«Қаржы құралдары: мойындау және бағалау» 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 9 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер базалық пайда мөлшерлемесінің реформасы тікелей ықпал ететін хеджирлеудің барлық қатынастарға қолданылатын бірқатар босатуларды қамтиды. Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы хеджирлеудің қарым-қатынастарына әсер етеді, егер оны қолдану нәтижесінде хеджирлеу объектісі бойынша және/немесе хеджирлеу құралы бойынша базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген ақша ағындарының пайда болу мерзімдеріне немесе өлшеміне қатысты белгісіздіктер пайда болса. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені оның пайыздық мөлшерлемелерге негізделген хеджирлеудің қарым-қатынастары жоқ.

***1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Маңыздылықты айқындау»***

Түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын ұсынады, соған сай «егер ақпаратты жіберіп алу, оны бұрмалау немесе бүркеу нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын бұл қаржылық есептіліктің негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікті негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады». Түзетулерде маңыздылық бүтіндей қарастырылатын қаржылық есептілік контекстінде ақпараттың (бөлек не болмаса басқа ақпаратпен жиынтығында алынған) сипатына немесе сандық маңыздылығына байланысты болатындығы түсіндіріледі. Егер бұл қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге тұрарлық болса, ақпараттың бұрмалануы елеулі болып табылады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді және оның әсері келешекте де болмайды деп күтілуде.

***2018 жылғы 29 наурызда шығарылған «Қаржы есептерін ұсынудың концептуалдық негіздері»***

Концептуалдық негіздер стандарт болып табылмайды және Концептуалдық негіздердің бірде бір ережесінің стандарттың қандай да бір ережесіне немесе талабына басым түсетіндей күші жоқ. Концептуалдық негіздердің мақсаты мынада: ХҚЕС жөніндегі Кеңеске стандарттарды әзірлеуге жәрдемдесу; стандарттардың бірде бірі белгілі бір операцияны немесе басқа да оқиғаны реттемегенде, есеп саясатының ережелерін әзірлеу кезінде қаржы есептерін жасаушыларға жәрдемдесу; және барлық тараптарға стандарттарды түсінуде және түсіндіруде жәрдемдесу. Бұл құжат өздерінің есеп саясатын Концептуалдық негіздердің ережелеріне сәйкес әзірлейтін ұйымдарға ықпалын тигізеді. Концептуалдық негіздердің қайта қаралған редакциясы бірнеше жаңа тұжырымдаманы, активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамаларын және оларды мойындау критерийлерін қамтиды, сондай-ақ кейбір маңызды ережелерді түсіндіреді. Бұл құжаттың қайта қаралуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

***16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығару»***

2020 жылғы 28 мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды – «Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығару». Бұл түзету Covid-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындайтын жалдау бойынша иеліктен шығарулар болған жағдайда жалдау шарттарының түрлендірулерін есепке алу бөлігінде жалға алушылар үшін 16 ХҚЕС (IFRS) талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдік ретінде жалға алушы жалға беруші Covid-19 пандемиясымен байланысты ұсынған жалдау бойынша иеліктен шығару жалдау шартының түрлендіруі болып табылатындығын сараламау шешімін қабылдай алады. Мұндай шешімді қабылдайтын жалға алушы Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығарумен негізделген жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін мұндай өзгеріс есепте, егер ол жалдау шартының түрлендіруі болып табылса, 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сай көрсетілетіндей етіп ескеруі тиіс. Бұл түзету 2020 жылдың 1 маусымынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

## Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне едәуір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

- 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»;*
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – *«Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»;*
- 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – *«Концептуалдық негіздерге сілтемелер»;*
- 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – *«Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»;*
- 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – *«Ауыртпалық түсіретін шарттар – шартты орындау шығындары»;*
- *«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану»* 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым;
- *«Қаржы құралдары»* 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы;
- *«Ауыл шаруашылығы»* 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзету – әділ құнды бағалау кезіндегі салық салу.

## Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және оның еншілес ұйымының функционалдық валютасы және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен көрсетілген.

Теңге Компания және оның еншілес ұйымы қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда Топ компанияларымен операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын спот-бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі.

Шетел валютасында бейнеленген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы қызмет ететін валюта спот-бағамымен қайта есептеледі. Барлық айырмалар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

ҚҚБ-да 2020 жылғы 31 желтоқсанға белгіленген АҚШ долларының айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңге болды (2019 жылы 1 АҚШ доллары үшін 381,2 теңге).

## Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания – бұл соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Топтың оның қауымдасқан компаниясына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.





Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алған күннен кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер қауымдасқан компанияның капиталында тікелей танылған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылғанда бұл фактіні ашады.

Топтың қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындайтын жұмсалмаған пайда мен зияндар Топтың қауымдасқан компанияда қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Қауымдасқан компанияның пайдасындағы Топ үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетілген. Ол қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан қауымдасқан компаниялардың еншілес компанияларындағы салық салу мен бақыланбайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігіндей есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің қауымдасқан компаниясына инвестициясы бойынша құнсызданудан келген қосымша зиянын тану қажеттігін айқындайды.

Әрбір есепті кезеңде Топ қауымдасқан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының объективті куәлігінің болуын белгілейді. Мұндай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайда мен зияндарда мойындайды.

Қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Едәуір ықпалдан айырылу сәтіне қауымдасқан компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығарылудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

## Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы және айналымнан тыс етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде қолданылатын міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі. Міндеттеме мына жағдайларда, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Топтың есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса, айналымдағы болып табылады.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

## Әділ құнды бағалау

Топ мұндай қаржы құралдарын қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасаудың әрбір күніне әділ құны бойынша туынды құралдар ретінде бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны және әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс қаржылық емес активтер туралы ақпарат тиісінше 32-ескертпеде және 6-ескертпеде ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін алынған немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттеменің берілгені үшін төленген баға әділ құны болып табылады. Әділ құны бойынша бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- немесе бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не болмаса негізгі нарықтың жоқтығы шарттарында, бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер 32-ескертпеде сипатталған әділ құн көздері иерархиясының шеңберінде жіктеледі.

## Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді мойындау

Топ қызметі жылжымайтын мүлікті басқарумен және құрылыспен байланысты. Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім тауарларға бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Топ мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Топ түсім алуды көздейтін өзі жасаған шарттарда әдетте ол принципал ретінде болады деген тұжырымға келді, өйткені әдетте Топ тауарлар сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылап отырады.

Топ шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып түсімді алуды көздейтін өзі жасаған барлық шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді.

#### *Жылжымайтын мүлікті сату*

Жылжымайтын мүлікті сатудан түскен кіріс, әдетте, жылжымайтын мүлікті иелік етуден болған едәуір тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға өткенде мойындалады. Аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілеріне талап ету құқықтарын қайта табыстаудан түскен кірістер сатып алушыға қатысты талап ету құқықтарына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы беру кезінде мойындалады.

#### *Жалдаудан түскен кіріс*

Операциялық жалға берілген инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен кіріс жалдау мерзімінің ішінде тік сызықты әдіс бойынша ескеріледі және оның операциялық сипатына орай түсім құрамына қосылады.





#### *Пайыздық кіріс*

Амортизациялық құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырған болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсуін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Құрылыс компанияларын қаржыландырудан түскен пайыздық кіріс негізгі қызметтен болған кірістердің құрамына және басқа да пайыздық кірістер бөлігінде қаржыландырудан болған кірістердің құрамына қосылады.

## Шығыстарды мойындау

Шығыстар пайда болу шамасына қарай танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

## Қарыздар бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

## Табыс салығы

#### *Ағымдағы табыс салығы*

Активтер және ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей меншікті капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, меншікті капиталдың құрамында мойындалады. Топ басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрады.

#### *Кейінге қалдырылған салық*

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операцияның барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты егер уақыт айырмасын қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкін болса уақытша айырмасы жақын болашақта қалпына келтірілмейді деген айтарлықтай ықтималдылық болса, уақытша айырмалар мойындалмайды.

Жылдық есеп I «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылатын пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын шамада барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнестерді біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте қалпына келтіріледі және соған қарсы уақыт айырмалары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік береді деген ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын немесе іс жүзінде қабылданған салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасына) сүйене отырып активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе зиян құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей меншікті капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан қорғалған ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын ұйымға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

## Қызметкерлерге сыйақы

***Әлеуметтік салық***

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болу сәтіндегі шығыстарға жатады.

***Белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары***

Топ зейнетақы қорына жарналар ретінде өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% дейін ұстап қалады. Заңнаманың талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдері бойынша жауапкершілік Топтың мойнында жатыр, бұл ретте Топтың қызметкерлерге еңбек қызметін аяқтағаннан кейін өтемақыларды төлеу бойынша ағымдағы немесе келешек міндеттемелері жоқ.

## Қаржы активтері

**Бастапқы тану және бағалау**

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕСке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, қаржылық жалдау бойынша берешек, берілген қарыздар, мемлекеттік облигациялар, сауда және басқа да дебиторлық берешек жатады.

**Кейінгі бағалау**

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен зияндарды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зияндарды кейіннен қайта жіктеместен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, ұйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

***Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)***

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және

қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында мойындалады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ берілген қарыздарды, сауда және басқа да дебиторлық берешекті, қаржылық жалдау берешегін жатқызады.

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

## Қаржы активтері (жалғасы)

**Кейінгі бағалау (жалғасы)**

***Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)***

Топ борыштық құралдарды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалатын болса, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалайды:

- бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активі, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу, сол сияқты қаржы активтерін сату болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар болған жағдайда, пайыздық кіріс, валюта бағамдарының қайта бағалануы және мұндай залалдардың құнсыздануынан немесе қалпына келтірілуінен болған залалдар пайда немесе зиян туралы есепте танылады және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріндей дәл осылайша есептеледі. Әділ құнның қалған өзгерістері басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады. Мойындалу тоқтаған кезде басқа да жиынтық кірістің құрамында танылған әділ құн өзгерістерінің жинақталған сомасы пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеледі. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар санатына, Топ басқа да айналымнан тыс қаржы активтерінің құрамына қосылған, бағасы белгіленетін борыштық құралдарға жасалған инвестицияларды жатқызады. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың мемлекеттік облигациялары – басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері бар.

***Топтың қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген қаржы құралдары (үлестік құралдар)***

Бастапқы мойындау кезінде Топ өз қарауына қарай, бірақ одан кейіннен бас тарту құқығынсыз, үлестік құралдарға жасалған инвестицияларды басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеу жөнінде шешім қабылдай алады, егер олар «Қаржы активтері: ұсыну» 32 ХҚЕС-ке (IAS) сай меншікті капиталдың анықтамасына жауап бермесе және саудаға арналмаса. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады. Мұндай қаржы активтері бойынша пайда мен залалдар ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына жіктелмейді. Дивидендтер, Топ қаржы активі құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде пайда немесе зиян туралы есепте басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда осындай пайда басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Топтың қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ол бастапқыда мойындалған кезде айқындалған басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын үлестік құралдары жоқ.

***Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері***

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудаға арналған қаржы активтері, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп бастапқыда танылған кезде Топтың қарауына қарай жіктелген қаржы активтері немесе міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар Топтың қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Амортизацияланған құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарды жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан бастапқыда танылған кезде Топ борыштық құралдарды өз қарауына қарай, егер мұндай жіктеу амалы есептегі сәйкессіздікті жоятын болса немесе айтарлықтай азайтатын болса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян туралы есепте танылады.

Бұл санатқа Топ өз қарауына қарай, бас тарту құқығынсыз, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктемеген туынды құралдар мен бағасы белгіленетін үлестік құралдарға инвестициялар жатады. Бағасы белгіленетін үлестік құралдар бойынша дивидендтер, оларды алу құқығы белгіленгенде, пайда немесе зиян туралы есепте басқа да кіріс ретінде танылады.

Негізгі шарттарға ендірілген туынды құралдар, жекелеген туынды құралдар ретінде ескеріледі және егер оларға тән экономикалық сипаттамалар мен тәуекелдер негізгі шарттардың тәуекелдерімен және сипаттамаларымен тығыз байланысты болып табылмаса және осы негізгі шарттар саудаға арналмаса және табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп жіктелмесе, әділ құны бойынша көрсетіледі. Осы сияқты ендірілген туынды құралдар әділ құны бойынша бағаланады, ал олардың әділ құнының өзгеруі қаржылық кірістердің немесе қаржылық шығыстардың құрамында есепте мойындалады. Есепке алу тәртібін қайта қарау өйтпеген жағдайда қажет болуы мүмкін ақша ағындарының елеулі өзгеруіне әкеліп соқтыратын шарт талаптарында өзгерістер болған жағдайда не болмаса қаржы активті қайта жіктелген және ол пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатынан аударылған жағдайда жасалады.

**Тануды тоқтату**

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідіріссіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады.

Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы ағымдағы құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы**

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несие залалдарына (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконттталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несие залалдары) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несие тәуекелі айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады.

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

## Қаржы активтері (жалғасы)

**Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)**

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға қатысты Топ төмен несиелік тәуекел туралы оңайлатуды қолданады. Әрбір есепті күнге Топ тым аса шығын немесе күш жұмсамай қолжетімді болатын барлық негізделген әрі расталатын ақпаратты пайдалана отырып, борыштық құралдың төмен несиелік тәуекелі бар құрал болып табылатындығын бағалайды. Мұндай бағалауды жүргізу кезінде Топ борыштық құралдың ішкі несие рейтингісін қайта қарайды. Сонымен бірге, Топ несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болды деп есептейді, егер шартта көзделген төлемдер мерзімі 30 күннен артық өтсе. 2020 жылдың 31 желтоқсанына және 2019 жылдың 31 желтоқсанына Топтың бағасы белгіленетін мемлекеттік облигациялармен білдірілген БЖК арқылы бағаланатын борыштық бағалы қағаздары болды.

## Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен оның баламаларына банктердегі ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

## Қарыздар мен дебиторлық берешек

Ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда, қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан түскен кірістердің құрамына жатқызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар қарыздар болған жағдайда қаржыландыру бойынша шығындар құрамында және дебиторлық берешек болған жағдайда басқа да операциялық шығыстардың құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

## Қаржылық міндеттемелер

**Бастапқы тану және бағалау**

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда танылған кезде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер, несиелер мен қарыз алулар немесе кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер алдымен олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды шегере отырып (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда), әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне кредиторлық берешек, қарыздар мен купондық облигациялар жатады.





**Одан кейінгі бағалау**

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер келесі екі санатқа жіктеледі:
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар).

***Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер***

«Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына Топтың қарауына қарай жіктелген саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық міндеттемелер жатады.

Егер олар таяу арада керіп сатып алу мақсатында болса, қаржылық міндеттемелер саудаға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа сондай-ақ Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу қатынастарының шеңберінде хеджирлеу құралдары ретінде Топтың қарауына қарай айқындалмаған туынды қаржы құралдар жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар олар Топтың қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде жіктелген жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе зияндар пайда немесе зиян туралы есепте мойындалады.

Бастапқы тану кезінде Топтың қарауына қарай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ХҚЕС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

***Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар)***

Бұл санат Топ үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зияндар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелім есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда немесе зиян туралы есепте қаржыландыру шығындарының құрамына жатқызылады.

Бұл санатқа, ең алдымен, пайыздық несиелер, қарыздар мен купондық облигациялар жатады.

**Тануды тоқтату**

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады.

Егер Бас компанияның алдындағы қаржылық міндеттеме біршама айырмашылығы бар шарттарда Бас компанияның алдындағы өзге міндеттемеге ауыстырылса немесе, егер бар қаржылық міндеттеменің талаптары біршама өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау деп есептеледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте танылады.

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

## Қаржылық құралдардың өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

## Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Құрылыс компанияларына берілген аванстар жылжымайтын мүлік объектілерін салу үшін төленген аванстық төлемдерді білдіреді, әрі ол кейіннен инвестициялық жылжымайтын мүлік не болмаса өткізуге арналған жылжымайтын мүлік ретінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылады. Құрылыс компанияларына берілген аванстар, егер болса, құнсыздануды шегеру арқылы үлестік қатысу шарттарын жасау күніне құны (нақты аударылған сома) бойынша бағаланады. Объектіге қатысты меншік құқығының құрылыс компаниясынан Топқа ауысу сәтіне құрылыс компанияларына берілген аванстың баптары жабылады.

## Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау ақысын немесе капитал құнының өсуінен түскен кірісті алу үшін ұсталатын жылжымайтын мүлік кіреді.

Жалдау талаптарында меншіктегі жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келгенде инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі. Жалдау бойынша міндеттемелер 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес жалға алынатын жылжымайтын мүлік сыйақысының әділ құны бойынша танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашында бастапқы құны бойынша бағаланады, оған мәміле бойынша шығындар қосылады. Баланстық құнға, егер оларды тану критерийлері орындалса және инвестициялық жылжымайтын мүлікке ағымдағы қызмет көрсетуге арналған шығындар қосылмаса, мұндай шығындардың пайда болу сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүлігінің бөліктерін ауыстыру құны кіреді. Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсызсдануды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Тозу оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік әдіспен есептеледі, әрі оның мерзімі 50 жылды құрайды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте инвестициялық жылжымайтын мүліктің танылуы ол шығарылған кезде не болмаса, егер ол пайдаланудан шығарылған жағдайда және оның шығуынан келешекте экономикалық пайда күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Есептен шығарылудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнындағы айырма оның мойындалуы тоқтаған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алып отыратын жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде кейінгі есепке алу мақсаттары үшін шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісіне айналған жағдайда, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік оның баланстық құны жалғасып отырған пайдаланудың нәтижесінде емес, сату арқылы өтеледі деп күтілгенде, сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтердің санатына аударылады. Егер жылжымайтын мүлік осы сияқты жылжымайтын мүлікті сату үшін әдеттегідей болатын шарттарда өзінің ағымдағы күйінде дереу сатыла алса, сондай-ақ сату мүмкіндігі жоғары болса, мұндай шарт сақталған болып есептеледі.





## Басқа да ұзақ мерзімді активтер

Басқа да ұзақ мерзімді активтерге келешекте қаржылық жалға беруге арналған жылжымайтын мүлік не болмаса сол бойынша есепті күнге оның баланстық құны қалайша өтелетіндігі анықталмаған жылжымайтын мүлік кіреді. Басқа да ұзақ мерзімді активтер мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы мойындалғаннан кейін басқа да ұзақ мерзімді активтер жинақталған құнсыздануды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Басқа да ұзақ мерзімді активтер амортизацияланбайды. Басқа да ұзақ мерзімді активтер санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады.

## Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің шектелген пайдалы қызмет ету мерзімдері бар.

Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзімнің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады.

Пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімінің немесе активте көрсетілген келешек экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі кезеңнің немесе жағдайға қарай амортизацияны есептеу әдісінің өзгеруі ретінде жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі және есепті бағалаудың өзгеруі ретінде ескереді. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активке арналған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активті мойындауды тоқтатудан болған кіріс немесе шығыс активтің есептен шығарылуынан түскен таза түсім мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде өлшенеді және мұндай активті мойындауды тоқтату сәтіне жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Материалдық емес активтер негізінен бағдарламалық жасақтама мен лицензиялардан тұрады. Материалдық емес активтер, әдетте бес жылдан он жылға дейінгі мерзімді құрайтын олардың пайдалы қызметін есептеу мерзімі ішінде желілік негізде өтелінеді.

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

## Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және/немесе олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Тозу активтердің пайдалы қызметін келесі есепті мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Үйлер мен ғимараттар | 8-100 |
| Машиналар мен құрал-жабдықтар | 3-50 |
| Көлік құралдары | 3-15 |
| Басқалары | 2-20 |

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды мойындауын тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

Активтерді тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында сараланады және қажет болғанда түзетіледі.

Негізгі құралдарға көбінесе әкімшілік ғимарат, жер және кеңсе жабдықтары жатады.

## Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Мұндай белгілер болғанда немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тестілеуді орындау қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды.

Активтің өтелетін құны немесе ақша ағындарын жасайтын бірліктің құнсыздануы – бұл келесі көлемдердің ең үлкені: есептен шығару шығындарын шегере отырып активтің (ақша ағындарын жасайтын бірліктің) әділ құны немесе активті (ақша ағындарын жасайтын бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін сома негізінен актив басқа активтер немесе активтердің топтары тудыратын ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін анықталады.

Егер активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомадан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады. Есептен шығаруға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.





Топ жекелеген активтер жататын әрбір ақша қаражатын тудыратын бірлік үшін бөлек әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсім үрдістері бесінші жылдан кейін болжанатын келешек ақша ағындарына қатысты есептеліп, қолданылады.

Қайта бағалау өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған бұрынғы қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық шығын туралы есепте танылатын жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болатын залалдар. Мұндай жылжымайтын мүлік объектілері болған жағдайда құнсыздану залалы басқа да жиынтық кірістің құрамында бұрын жасалған қайта бағалау сомаларының шегінде танылады.

Топ әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шықса, Топ активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің өтелетін сомасын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі.

Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған зиян деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды бұлайша қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелген жағдайларды қоспағанда, жиынтық шығын туралы есепте танылады. Соңғы жағдайда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

## Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық емес қорлар қос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құны және өткізудің таза құны. Шығындарға қорларды межелі жерге дейін жеткізу және оларды лайықты күйге келтіру кезінде болған шығыстар кіреді. Таза өткізу құны - өндірісті аяқтауға болжанған шығыстарды және өткізуге ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысындағы болжамды өткізу бағасы. Барлық қорлар орташа алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

## Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік

Жалға беру немесе капитал өсімі үшін ұстау үшін емес, операциялық қызметтің барысында сату үшін сатып алынған жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік ретінде ескеріледі және өзіндік құнның ең азы және сатудың таза құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына мыналар кіреді:
- меншік құқығы және жерді жалдау құқығы;
- мердігерлерге құрылыс үшін төленген сомалар;

қарыздар бойынша шығындар, жоспарлау және жобалау шығындары, құрылыс алаңын дайындау шығындары, заңгерлік қызметтер үшін кәсіби сыйақы, меншікті беру салығы, құрылысқа үстеме шығыстар және басқа да байланысты шығыстар.

Өткізудің таза құны – бұл есепті күнге нарықтық бағаларға негізделген және ақшаның уақытша құнын бағалауды ескере отырып дисконтталған, егер бұл материалды болса, құрылысты аяқтауға арналған болжамды шығындарды және өткізуге арналған ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында өткізудің болжамды бағасы.

Есептен шығарылу кезінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына, сатылған жылжымайтын мүлікке байланысты болған шығыстар және сатылған жылжымайтын мүліктің салыстырмалы мөлшерінің негізінде бөлінген үстеме шығыстар кіреді.

# 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

## Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері жалға алушылар қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде салатын сомаларды білдіреді. Жалдау мерзімінің соңында кепілдікті міндеттемелердің қаражатын жалға алушылар соңғы жалдау төлемдерін өтеу үшін пайдаланады.

## Жалдау

Келісім жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісім мазмұнын талдауға негізделеді. Келісім жалдау болып табылады немесе активтерді пайдалануға тәуелді болатындығын және мұндай келісімнің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан басқа тарапқа өтетіндігін, тіпті егер бұл келісімде анық көрсетілмесе де, анықтауды талап етеді.

***Топ жалға беруші ретінде***

Сол бойынша Топқа іс жүзінде жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау қатынастарының басталу күніне капиталданады немесе егер осы сома аз болса, – ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады.

Жалдау төлемдері өтелмеген актив сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржыландыру кірістері мен қаржылық жалдау бойынша активтің ұлғаюы арасында бөлінеді. Қаржыландырудан түскен кірістер тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Топ активті иелік етуден тәуекелдерді және табысты бермейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте кіріс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

***Топ жалға алушы ретінде***

Топқа активті иелік етуден тәуекелдер және табыс өтпейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

## Резервтер

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдық міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.





## Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет

Топ айналымнан тыс активтер мен шығарылатын топтарды, егер олардың баланстық құны жалғасқан пайдалану нәтижесінде емес, негізінен сату бойынша мәміле арқылы өтелуге жатса, сатуға арналған деп жіктейді. Сатуға арналған деп жіктелген айналымнан тыс активтер мен шығарылатын топтар сатуға арналған шығындар шегеріліп, екі мәннің – теңгерімдік құн мен әділ құнның ең азы бойынша бағаланады. Сатуға арналған шығындар активтің (немесе шығарылатын топтың) есептен шығарылуына тікелей жататын қосымша шығындар болып табылады және қаржыландыру шығындары мен пайда салығы бойынша шығыс кірмейді.

Объектіні сатуға арналған деп жіктеудің критерийлері, егер сату ықтималдылығы жоғары, ал актив немесе шығарылатын топ өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады. Сатуды жүзеге асыруға қажетті әрекеттер сату бойынша әрекеттердегі едәуір өзгерістердің шағын ықтималдылығына, сондай-ақ сатудың күшін жоюға көрсетуі тиіс. Басшылық активті сату жөніндегі жоспарды іске асыру міндетін өз мойнына алуы тиіс және сатылым жіктелген күннен бастап бір жылдың ішінде аяқталады деген үміт болуы тиіс.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте айналым/қысқа мерзімді баптар ретінде бөлек ұсынылады.

Шығатын топ тоқтатылған қызмет ретінде жіктеу критерийлерін қанағаттандырады, егер ол шыққан не болмаса сатуға арналған деп жіктелген құзырлы ұйым болып табылса және:

- қызметтің бөлек елеулі бағытын немесе операцияны жүргізудің географиялық өңірін білдіреді;
- қызметтің бөлек елеулі бағытын немесе операцияны жүргізудің географиялық өңірін шығарудың бірыңғай үйлестірілген жоспарының бір бөлігі болып табылады; не болмаса
- кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады.

Тоқтатылған қызмет жалғасып отырған қызмет нәтижелерінен алынып тасталады және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін пайда немесе залал ретінде жеке баппен көрсетіледі.

# 5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2020 және 2019 жылдардағы негізгі құралдардың қозғалысы келесідей көрсетілген:

| Мың теңгемен | Жер | Ғимараттар | Офистік құрал-жабдықтар | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құн** | | | | |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | 26.101 | 31.913 | 457.506 | 515.520 |
| Түсімдер | – | – | 31.254 | 31.254 |
| Есептен шығару | – | – | (37.587) | (37.587) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 26.101 | 31.913 | 451.173 | 509.187 |
| | | | | |
| Түсімдер | **–** | **–** | **640** | **640** |
| Есептен шығару | **–** | **–** | **(19.099)** | **(19.099)** |
| Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу | **–** | **–** | **(12.980)** | **(12.980)** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **26.101** | **31.913** | **419.734** | **477.748** |
| | | | | |
| **Жинақталған тозу** | | | | |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | – | (3.245) | (265.796) | (269.041) |
| Бір жылғы есептелген тозу | – | (638) | (32.823) | (33.461) |
| Шығу кезіндегі тозу | – | – | 37.467 | 37.467 |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | – | (3.883) | (261.152) | (265.035) |
| | | | | |
| Бір жылғы есептелген тозу | **–** | **(638)** | **(35.108)** | **(35.746)** |
| Шығу кезіндегі тозу | **–** | **–** | **17.430** | **17.430** |
| Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу | **–** | **–** | **8.441** | **8.441** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **–** | **(4.521)** | **(270.389)** | **(274.910)** |
| | | | | |
| **Қалдық құны** | | | | |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 26.101 | 28.030 | 190.021 | 244.152 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **26.101** | **27.392** | **149.345** | **202.838** |





# 6. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2019 және 2020 жылдардағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің қозғалысы келесідей көрсетілген:

| Мың теңгемен | Ғимарат | Коммерциялық үй-жайлар | Автотұрақ орындары | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құн** | | | | |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | 4.850.854 | 72.649 | 598.000 | 5.521.503 |
| Шығу | – | – | (114.621) | (114.621) |
| Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны *(7-ескертпе)* | – | (62.304) | – | (62.304) |
| Басқа да айналымнан тыс активтерге ауыстырылды *(13-ескертпе)* | – | – | (483.379) | (483.379) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 4.850.854 | 10.345 | – | 4.861.199 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **4.850.854** | **10.345** | **–** | **4.861.199** |
| | | | | |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану** | | | | |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | (749.332) | (12.429) | (106.650) | (868.411) |
| Бір жылғы есептелген тозу | (105.453) | 10.565 | (7.971) | (102.859) |
| Шығу | – | – | 114.621 | 114.621 |
| Басқа да айналымнан тыс активтерге ауыстырылды *(13-ескертпе)* | – | – | 178.399 | 178.399 |
| Құнсыздану | – | – | (178.399) | (178.399) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | (854.785) | (1.864) | – | (856.649) |
| | | | | |
| Бір жылғы есептелген тозу | **(105.453)** | **(207)** | **–** | **(105.660)** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **(960.238)** | **(2.071)** | **–** | **(962.309)** |
| | | | | |
| **Қалдық құны** | | | | |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 3.996.069 | 8.481 | – | 4.004.550 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **3.890.616** | **8.274** | **–** | **3.898.890** |

2020 жылы, инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құнына тұрақты түрде жасалатын талдаудың нәтижесінде, Топ Басшылығы коммерциялық және тұрғын үй-жайлардың баланстық құны үйжайлардың әділ құнынан аспады деген тұжырымға келді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 5.865.212 мың теңгені (2019 жылы: 5.136.047 мың теңге) құрады.

# 7. ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

| Мың теңгемен | Пәтерлер | Аяқтал-маған құрылыс | Коммерциялық үй-жайлар | Тұрақ орын-дары | Басқасы | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | 20.340 | – | – | – | – | 20.340 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударылғаны *(6-ескертпе)* | – | – | 62.304 | – | – | 62.304 |
| Аяқталмаған құрылыстан аударылғаны *(13-ескертпе)* | – | 5.294.673 | – | – | – | 5.294.673 |
| Берілген авансатрдың есебінен жылжымайтын мүліктен түсім *(8-ескертпе)* | 3.736.672 | – | – | – | – | 3.736.672 |
| Басқа ұзақ мерзімді активтерден аударылғаны *(13-ескертпе)* | 8.740.611 | – | – | – | – | 8.740.611 |
| Өткізілген жылжымайтын мүлік *(26-ескертпе)* | (5.346.162) | (5.294.673) | (804) | – | – | (10.641.639) |
| Қаржылық жалдауға берілді | – | – | (61.500) | – | – | (61.500) |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 7.151.461 | – | – | – | – | 7.151.461 |
| Басқа да айналымнан тыс активтерге аударылғаны *(13-ескертпе)* | **(149.693)** | **–** | **–** | **–** | **–** | **(149.693)** |
| Басқа ұзақ мерзімді активтерден аударылғаны *(13-ескертпе)* | **11.200** | **–** | **–** | **10.323** | **121.666** | **143.189** |
| Өткізілген жылжымайтын мүлік *(26-ескертпе)* | **(6.993.430)** | **–** | **–** | **(10.323)** | **–** | **(7.003.753)** |
| Құнсыздану | **–** | **–** | **–** | **–** | **(68.574)** | **(68.574)** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **19.538** | **–** | **–** | **–** | **53.092** | **72.630** |

# 8. ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

Топ құрылыс компанияларымен (бұдан әрі – «Салушылар») пәтерлерді, коммерциялық үй-жайларды және автотұрақ орындарын сатып алуға шарттарды жасайды. Шарттардың ережелеріне сәйкес Топ Салушыларға аванстық төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенді, ал Салушылар белгіленген мерзімде құрылысты аяқтауға міндеттенді. Салушылар құрылысты аяқтағаннан кейін және оларды лайықты түрде мемлекеттік тіркеу органдарында ресімдегеннен кейін Топ тиісті объектілердің иесіне айналады.

Топтың Салушылармен жасаған шарттарында кепілдік ережелер қарастырылған, оған сәйкес Топ берген алдын ала төлемін жоғалтқан жағдайда, тәуекелдерді өтеу үшін Салушылар жер телімдері мен аяқталмаған құрылыс түрінде қамтамасыз етеді.



Жылдық есеп І «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

2019 және 2020 жылдар үшін құрылыс компанияларына берілген аванстардың қозғалысы былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Жыл басына | **4.439.252** | 18.959.858 |
| Бір жылда берілген аванстар | **614.522** | 3.165.321 |
| Берілген қарыздардан аударылғаны | **–** | 3.021.648 |
| Алынған жылжымайтын мүлік объектілері | **(2.744.102)** | (19.841.570) |
| Кепілдік төлемдері | **82.323** | 291.153 |
| Кепілдіктер бойынша берешекпен өзара есепке алу | **–** | (1.059.978) |
| Қаражатты қайтару | **(2.268.164)** | – |
| Басқасы | **(123.831)** | (97.180) |
| **Салынып жатқан объектілер үшін аванстар** | **–** | 4.439.252 |

Жылжымайтын мүлік объектілері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте былайша танылды:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер *(13-ескертпе)* | **2.744.102** | 16.104.898 |
| Сатуға арналған жылжымайтын мүлік *(7-ескертпе)* | **–** | 3.736.672 |
| | **2.744.102** | 19.841.570 |

# 9. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Ұзақ мерзімді қаржы активтері былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Қаржылық жалдау бойынша берешек | **55.552.116** | 53.436.693 |
| Басқа компанияларға берілген қарыздар (15-ескертпе) | **3.999.960** | – |
| | **59.552.076** | 53.436.693 |

Қаржылық жалдау бойынша берешек қолданыстағы қаржылық жалдау шарттары бойынша ең аз жалдау төлемдерінің сомасымен білдірілген. Қаржылық жалдау шарттары бойынша келешек кезеңдерде алынуға жататын ең аз жалдау төлемдері, сондай-ақ таза жалдау төлемдерінің дисконтталған құны кестеде келтірілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | | 2019 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| | Ең аз төлемдер | Төлемдердің дисконтталған құны | Ең аз төлемдер | Төлемдердің дисконтталған құны |
| Бір жыл ішінде | **10.414.152** | **9.898.453** | 9.644.314 | 9.162.490 |
| Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес | **40.373.942** | **30.506.993** | 37.845.467 | 28.492.916 |
| Бес жылдан жоғары | **54.632.611** | **25.045.123** | 57.566.562 | 24.943.777 |
| **Ең аз жалдау төлемдерінің жиыны** | **105.420.705** | **65.450.569** | 105.056.343 | 62.599.183 |
| Қаржылық кірістерді шегере отырып | **(39.970.136)** | **–** | (42.457.160) | – |
| **Ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны** | **65.450.569** | **65.450.569** | 62.599.183 | 62.599.183 |
| Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататын сомалар *(16-ескертпе)* | | **(9.898.453)** | | (9.162.490) |
| **12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар** | | **55.552.116** | | 53.436.693 |

## 10. НЕСИЕЛІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Қазақстандық банктердегі депозиттер | **43.350.969** | 40.238.424 |
| Күтілетін несие залалдарына резерв | **(2.384.281)** | (2.469.709) |
| | **40.966.688** | 37.768.715 |
| | | |
| Минусы: ағымдағы бөлік | **(5.052.698)** | (139.332) |
| **Ұзақ мерзімді бөлік** | **35.913.990** | 37.629.383 |

Ұзақ мерзімді депозиттер «Жасыл квартал» жобасы бойынша жылдық 3,5% пайыздық мөлшерлемесі бар екінші деңгейдегі банктердегі теңгемен нысаналы депозиттерден тұрады. 4.970.000 мың теңге сомасындағы депозиттер кепілдік ретінде «ForteBank» АҚ-мен несиелік қамтамасыз ету шарты бойынша кепілге қойылды (20-ескертпе).

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына** | **2.469.709** | 1.039.293 |
| Қалпына келтіру | **(162.620)** | (141.659) |
| Есептеу | **77.192** | 1.572.075 |
| **Жыл соңына** | **2.384.281** | 2.469.709 |

## 11. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| «Delta Bank» АҚ-дағы ақша қаражаты | **5.067.902** | 5.067.902 |
| «КазИнвестБанк» АҚ-дағы ақша қаражаты | **1.384.903** | 1.407.913 |
| «Альфа Банк» АҚ-дағы ақша қаражаты | **142.908** | 159.010 |
| «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-дағы шектеулі ақша қаражаты | **130.089** | 219.639 |
| Басқа да ағымдағы активтер | **303.164** | 308.205 |
| Күтілетін несие залалдарына резерв | **(6.600.158)** | (6.768.342) |
| | **428.808** | 394.327 |

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да айналымдағы активтер шағымдар бойынша, 1.384.903 мың теңге мөлшерінде «КазИнвестБанк» АҚ-да және 5.067.902 мың теңге мөлшерінде «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған орналастырылған қаражат бойынша берешекті білдіреді, әрі соларға Топ банктердің банктік және өзге де операцияларды жасауға арналған лицензиялардан айырылуына орай 100% күтілетін несие залалдарының резервін құрды.

2017 жылғы 19 мамырда «Альфа-Банк» АҚ мен «КазИнвестБанк» АҚ уақытша әкімшілігі арасында «КазИнвестБанк» АҚ-ның активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру туралы шарт жасалды. 2017 жылғы маусымда «КазИнвестБанк» АҚ-нан берілген қарыздардың пулы бойынша кепіл беруші ретінде болатын «Альфа-Банк» АҚ мен Топ арасында 247.273 мың теңге сомаға ақша қаражатының кепілі туралы шарттарға қол қойылды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 39.404 мың теңге мөлшерінде кепілден резервті қалпына келтірді. Басқа активтер бойынша күтілетін несие залалдарының резервіндегі қозғалыс былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына** | **6.768.342** | 6.839.308 |
| Қалпына келтіру | **(39.404)** | (70.966) |
| Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу | **(9.094)** | – |
| Қайта жіктеу | **(119.686)** | – |
| **Жыл соңына** | **6.600.158** | 6.768.342 |





## 12. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯ

2020 жылғы 31 желтоқсанда Топ «СҚ Девелопмент» ЖШС (бұдан әрі – «СҚ Девелопмент») компаниясының жарғылық капиталында 51% қатысу үлесін өткізді. «СҚ Девелопмент» ЖШС қызметінің негізгі орны және тіркеуге алынған елі Қазақстан Республикасы болып табылады. «СҚ Девелопмент» негізгі қызметі техникалық қадағалау, жобаларды басқару, девелопмент бойынша қызмет көрсету болып табылады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топқа СҚ Девелопменттегі қатысу үлесінің 49% тиесілі. Топтың қатысуы үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескеріледі.

Төмендегі кестеде 2020 және 2019 жылдардағы инвестицияларда болған қозғалыс көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл* |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға арналған сальдо** | **–** | 59.437 |
| Пайдадағы үлес, нетто | **–** | 903 |
| Шығу | **–** | (60.340) |
| Еншілес ұйымды бақылаудан айырылуға байланысты түсім | **13.434** | – |
| **31 желтоқсанға сальдо** | **13.434** | – |

** 2019 жылғы қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардағы қозғалыс 2019 жылы іске асырылған «ФН Менеджмент» ЖШС қауымдасқан компаниясы бойынша қозғалыспен білдірілген.*

Төменде қаржылық есептілікке негізделген қауымдасқан компания туралы жалпылама қаржы ақпараты көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жылғы 31 желтоқсан | 2019 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді активтер | **5.412** | – |
| Қысқа мерзімді активтер | **183.815** | – |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(286)** | – |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер | **(34.891)** | – |
| **Таза активтер** | **154.050** | – |
| | | |
| Минусы: шығудан болған зиян | **(126.634)** | – |
| Иелік ету үлесі | **49%** | – |
| **31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны** | **13.434** | – |

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| | | |
| Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім | **–** | 538.635 |
| Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда | **–** | 1.843 |
| Топтың пайдадағы үлесі | **–** | 903 |

# 13. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР

| Мың теңгемен | Дайын жылжымайтын мүлік объектілері | Аяқталмаған құрылыс | Жер учаскесін пайдалану құқығы | Басқалары | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | 15.817.372 | 3.523.895 | – | 2.047.277 | 21.388.544 |
| Жылжымайтын мүлік объектілерін берілген аванстардан аудару *(8-ескертпе)* | 13.022.861 | 3.082.037 | – | – | 16.104.898 |
| Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған | 6.671.670 | (6.671.670) | – | – | – |
| Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударылғаны *(6-ескертпе)* | 304.980 | – | – | – | 304.980 |
| Берешекті төлеу есебінен алынды | – | 5.294.673 | – | – | 5.294.673 |
| Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны *(7-ескертпе)* | – | (5.294.673) | – | – | (5.294.673) |
| Қаржылық жалдауға берілді | (21.191.772) | – | – | – | (21.191.772) |
| Қаржылық жалдау шартын бұзу | 6.000 | – | – | – | 6.000 |
| Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны *(7-ескертпе)* | (8.740.611) | – | – | – | (8.740.611) |
| Ақша қаражатымен өтелді | – | – | – | (2.241.255) | (2.241.255) |
| Басқасы | (126.353) | 65.738 | – | 214.852 | 154.237 |
| Құнсыздану резервін (есептеу)/ қалпына келтіру | (361.317) | – | – | 1.331.055 | 969.738 |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | 5.402.830 | – | – | 1.351.929 | 6.754.759 |
| | | | | | |
| Жылжымайтын мүлік объектілерін берілген аванстардан аудару *(8-ескертпе)* | **2.744.102** | **–** | **–** | **–** | **2.744.102** |
| Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке аударылғаны *(7-ескертпе)* | **(143.189)** | **–** | **–** | **–** | **(143.189)** |
| Қаржылық жалдауға берілді | **(7.545.348)** | **–** | **–** | **–** | **(7.545.348)** |
| Қаржылық жалдау шартын бұзу | **324.370** | **–** | **–** | **–** | **324.370** |
| Сатуға арналған жылжымайтын мүліктен аударылғаны *(7-ескертпе)* | **149.693** | **–** | **–** | **–** | **149.693** |
| Ақша қаражатымен өтелді | **–** | **–** | **–** | **(2.689.409)** | **(2.689.409)** |
| Қабылдау | **–** | **–** | **1.000.000** | **–** | **1.000.000** |
| Иеліктен шығаруға арналған активтерге аудару *(18-ескерту)* | **–** | **–** | **(1.000.000)** | **–** | **(1.000.000)** |
| Басқасы | **10.423** | **–** | **–** | **(4.674)** | **5.749** |
| Құнсыздану резервін (есептеу)/ қалпына келтіру | **(111.084)** | **–** | **–** | **1.344.704** | **1.233.620** |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | **831.797** | **–** | **–** | **2.550** | **834.347** |

Басқа да айналымнан тыс активтерге Топтың пайдалану бойынша анық жоспарлары жоқ дайын әрі аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілері жатады.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 1.233.620 мың теңге сомада құнсыздану резервінің қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық емес активтердің құнсыздануына резервті қалпына келтіру құрамында көрсетілді (2019 жыл: 969.738 мың теңге).





# 14. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Топтың сауда дебиторлық берешегі операциялық жалдауға беруден, тұрғын үй және коммерциялық үй-жайларды тікелей сатудан әрі өткізуден болған дебиторлық берешекті білдіреді.

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына дебиторлық берешек теңгемен көрсетілген. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешек мерзімі өтпеген және құнсызданбаған болды.

# 15. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Басқа компанияларға берілген қарыздар | **11.903.844** | 1.150.024 |
| «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылыс компанияларына берілген қарыздар | **3.813.941** | 4.524.904 |
| «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС-не берілген қарыз | **–** | 5.485.733 |
| Минусы: күтілетін несие залалдарына резерв | **(3.835.441)** | (1.611.179) |
| | **11.882.344** | 9.549.482 |
| Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататындар | **(7.882.384)** | 9.549.482 |
| | **3.999.960** | – |

## «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС-не берілген қарыз

«Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС-пен 2012 жылғы 6 сәуірде жасалған «Ақкент» ТК құрылысына инвестициялау шартына және 2013 жылғы 12 тамыздағы пәтерлерді сату туралы келісімге сай Топ объектілерді сату құқығы үшін сыйақыны есептей отырып құрылыстың қаржыландыруын ұсынды. Инвестициялау шартының талаптарына сәйкес Топ жылжымайтын мүлік объектісінің құрылысы барысында 11.114.252 мың теңге сомасына авanстық төлемдерді жасады.

«Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС Бас компанияның алдындағы 2010 жылғы 3 наурыздағы несие шарты бойынша «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС ЖШС-ке берілген өткізу және берешек құқығы үшін есептелген сыйлықақымен бірге пәтерлердің негізгі құнын кейіннен өтеу мақсатында объектіні еркін бағамен сату құқығына ие болды.

2014 жылғы желтоқсанда Топ және «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС жол беру туралы келісімге қолдарын қойды, соған сай «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС өз міндеттемелерін толық орындау есебінен 2015 жылдың соңына дейін 11.114.252 мың теңге сомасында ақша қаражатын, сондай-ақ 5% мөлшерлемемен 1.426.232 мың теңге сомасында сыйақыны төлейді. Тиісінше 2014 жылы, Топ қаржыландыру сомасын құрылыс компанияларына қарызға берілген аванстардан қайта жіктеді. 2020 жылғы қарыз бойынша дисконт амортизациясының сомасы 91.235 мың теңге (2019 жылы: 485.874 мың теңге) болды. 2020 жылғы есептелген сыйақы сомасы 155.433 мың теңге болды (2019 жыл: 295.055 мың теңге) (26-ескертпе). 2020 жылдың ішінде қарыз толығымен өтелді.

## «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылыс компанияларына берілген қарыздар

2016 жылы Топ коммерциялық тұрғын-үйлерді жеке меншік тұрғызушыларды қолдау бөлігінде коммерциялық бағыттағы «Нұрлы жер» Мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болды. Бұл бағдарламаға сай Топ бүкіл қаржыландыру кезеңіне 7,5% пайыздық мөлшерлемемен 24 айға дейінгі кезеңге құрылыс компанияларына қарыздар берді. Топ қарыздар қалдығының өтелуін қайта қаралған шарттық талаптарға сәйкес 2021 жылдың соңына дейін күтіп отыр.

# 15. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР (ЖАЛҒАСЫ)

### Басқа компанияларға берілген қарыздар

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа компанияларға берілген қарыздарға, негізінен, құрылыс компанияларынан болған берешек кірді. 2020 жылдың ішінде Топ құрылыс жобаларын іске асыру шеңберінде құрылыс компанияларына 11.702.998 мың теңге мөлшерінде қаржыландыру берді.

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген қарыздар теңгемен көрсетілген.

Берілген қарыздар бойынша күтілетін несие залалдарының резервіндегі қозғалыс былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына** | **1.611.179** | 2.594.039 |
| Қалпына келтіру | **(197.628)** | (1.066.694) |
| Резерв есебінен есептен шығару | **(16.016)** | (1.401.749) |
| Есептеу | **2.437.906** | 1.485.583 |
| **Жыл соңына** | **3.835.441** | 1.611.179 |

# 16. АҒЫМДАҒЫ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері** | | |
| Қаржылық жалдау бойынша берешек (9-ескертпе) | **9.898.453** | 9.162.490 |
| Басқасы | **78.642** | 526.418 |
| | **9.977.095** | 9.688.908 |
| **БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері** | | |
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары | **905.303** | 2.683.845 |
| | **905.303** | 2.683.845 |
| **Ағымдағы қаржы активтерінің жиыны** | **10.882.398** | 12.372.753 |

Мемлекеттік облигациялар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жылдық 6,7% сыйақы мөлшерлемесімен купондық облигацияларын білдіреді. 2020 жылы мемлекеттік облигациялар бойынша жұмсалмаған кірістер 90.486 мың теңге (2019 жылы: кірістер 31.554 мың теңге) болды. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы қаржы активтері теңгемен көрсетілген.





# 17. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Банктердегі ағымдағы шоттар | **14.297.944** | 2.524.607 |
| Бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем болатын «кері автоРЕПО» мәмілелері | **5.763.855** | 4.174.429 |
| Қысқа мерзімді депозиттер | **5.745.943** | 16.650.793 |
| Күтілетін несие залалдарына резерв | **(2.622)** | (2.723) |
| | **25.805.120** | 23.347.106 |

2020 жылғы 31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламаларына теңгемен және ресей рублімен банктердегі ағымдағы шоттар кірді. Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қалдықтарына 5,0% (2019 жыл: 2,5%-дан 8,0% дейінгі) түрлі мөлшерлемелер бойынша пайыздар есептеледі.

Қысқа мерзімді депозиттерге екінші деңгейдегі банктерде 7,0-8,0% пайыздық мөлшерлемемен орналастырылған өтеу мерзімі 3 айдан аспайтын теңгемен депозиттер кіреді.

Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін несие зияндары резервінің қозғалысы былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына** | **2.723** | 1.772 |
| Есептеу | **380** | 2.008 |
| Қалпына келтіру | **(472)** | (1.057) |
| Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу | **(9)** | – |
| **Жыл соңына** | **2.622** | 2.723 |

# 18. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

Есептен шығарылуға арналған активтер Топ мұндай құқықты құрылыс ұйымдарына беру арқылы құрылысқа инвестиция салуға жоспарлап отырған жер учаскесін пайдалану құқығымен білдірілген *(13-ескертпе)*.

# 19. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Топтың жарғылық капиталын толығымен Бас компания төледі және 16.247.541 жай акциядан тұрады: номиналды құны 1.000 теңге болатын 15.000.000 дана, номиналды құны 4.000 теңге болатын 1.247.540 дана және номиналды құны 2.490 теңге болатын бір акция.

## Қосымша төленген капитал

Қосымша төленген капитал Бас компаниядан алдыңғы жылдары алынған қарыздар сомасы мен олардың алынған күнгі әділ құны арасындағы айырмашылықты білдіреді.

## Дивидендтер

2020 жылы Топ өзінің жай акциялары бойынша дивидендтерді жарияламады (2019 жылы: 1.331.236 мың теңге).

## Акцияға пайда

Акцияға базалық пайда сомасы кезеңде болған таза пайданы жай акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептелген. Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде орташа алғандағы жай акциялардың саны 16.247.541 дана мөлшерінде болды (2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 16.247.541 дана). 2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бір акцияға шаққандағы базалық пайда тиісінше 418,43 теңге және 417,95 теңге болды.

## Акцияның баланстық құны

| Мың теңгемен | 31 желтоқсан 2020 жыл | 31 желтоқсан 2019 жылғы |
|---|---|---|
| | | |
| **Бір акцияның баланстық құнын есептеу:** | | |
| Активтер жиыны | **152.082.853** | 166.063.491 |
| Минусы: материалдық емес активтер | **(44.135)** | (52.029) |
| Минусы: міндеттемелер жиыны | **(100.135.128)** | (121.004.762) |
| **Таза активтер** | **51.903.590** | 45.006.700 |
| | | |
| Жай акциялардың саны, дана | **16.247.541** | 16.247.541 |
| **Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)** | **3.194,55** | 2.770,06 |





# 20. ҚАРЫЗДАР

| Мың теңгемен | % мөлшерлеме | Өтеу | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **№ 1 несие желісі** | 0,02-2% | 2024 жыл | | |
| Кезең басындағы қалдық | | | **8.992.366** | 12.171.334 |
| Есептелген пайыздар | | | **38.461** | 189.258 |
| Төлемдер | | | **(9.030.827)** | (3.368.226) |
| **Кезең соңындағы қалдық** | | | **–** | 8.992.366 |
| | | | | |
| **№ 3 несие желісі** | 2,0% | 2032 жыл | | |
| Кезең басындағы қалдық | | | **73.604.190** | 77.169.535 |
| Қарыз алу | | | **1.043.382** | 2.280.184 |
| Есептелген пайыздар | | | **1.313.954** | 1.535.128 |
| Төлемдер | | | **(19.303.691)** | (7.380.657) |
| **Кезең соңындағы қалдық** | | | **56.657.835** | 73.604.190 |
| | | | | |
| **№ 4 несие желісі** | 2,0% | 2034 жыл | | |
| Кезең басындағы қалдық | | | **26.060.924** | 28.004.142 |
| Есептелген пайыздар | | | **481.358** | 542.650 |
| Төлемдер | | | **(3.278.715)** | (2.485.868) |
| **Кезең соңындағы қалдық** | | | **23.263.567** | 26.060.924 |
| | | | | |
| **№ 5 несие желісі** | 0,15% | 2019 жыл | | |
| Кезең басындағы қалдық | | | **–** | 4.031.534 |
| Есептелген пайыздар | | | **–** | 33 |
| Дисконт амортизациясы | | | **–** | (14.424) |
| Төлемдер | | | **–** | (4.017.143) |
| **Кезең соңындағы қалдық** | | | **–** | – |
| | | | | |
| **№ 6 несие желісі** | 10,0% | 2020 жыл | | |
| Кезең басындағы қалдық | | | **–** | – |
| Қарыз алу | | | **2.129.990** | – |
| Есептелген пайыздар | | | **134.308** | – |
| Төлемдер | | | **(2.264.298)** | – |
| **Кезең соңындағы қалдық** | | | **–** | – |
| | | | | |
| **«ForteBank» АҚ-мен несие желісі** | 11,0% | 2021 жыл | | |
| Кезең басындағы қалдық | | | **–** | – |
| Қарыз алу | | | **4.676.773** | – |
| Есептелген пайыздар | | | **133.249** | – |
| Төлемдер | | | **(4.299.336)** | – |
| **Кезең соңындағы қалдық** | | | **510.686** | – |
| | | | | |
| **«СКҚН Финанс» ЖШҚ-мен несие шарты** | 7,0% | 2022 жыл | | |
| Кезең басындағы қалдық | | | **–** | – |
| Қарыз алу | | | **13.975.000** | – |
| Есептелген пайыздар | | | **24.079** | – |
| Бағамдық айырма | | | **150.000** | – |
| **Кезең соңындағы қалдық** | | | **14.149.079** | – |
| | | | | |
| **Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі** | | | **80.456.167** | 108.657.480 |
| **Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі** | | | **14.125.000** | – |

## 20. ҚАРЫЗДАР (ЖАЛҒАСЫ)

№ 1, 3, 4, 5 және 6 несие желілері Бас компаниямен жасалған шарттар бойынша ашылды. Барлық түскен қаражат кепілдік берілмеген және кепілсіз негізде алынды.

### № 1 несие желісі

Мұндай несие желісі 2009 жылы аяқталған объектілердегі немесе салынып жатқан тұрғын үй құрылысы объектілеріндегі тұрғын үй және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу үшін 225 миллиард теңге бастапқы жалпы сомасымен және негізгі борышты төлеу бойынша үш жылдық жеңілдік кезеңімен ашылды. 2010 жылдың тамызында несие желісінің бастапқы сомасы 155 миллиард теңгеге дейін азайтылды. Сондай-ақ несие желісінің пайыздық мөлшерлемесі де қайта қаралып, алынған күннен бастап алғашқы екі жылдың ішінде жылдық 0,02% мөлшерінде және кейінгі жылдары жылдық 2% мөлшерінде белгіленді.

Мойындау күніне (2010 жыл) Топ транштарды алу күніне ұқсас мемлекеттік облигациялар бойынша кірістілік мөлшерлемелерін қолдана отырып алынған соманы дисконттады. Тиісінше, алынған қаражат сомалары мен олардың әділ құны арасындағы айырма ретінде көрсетілген дисконт қосымша төленген капиталдың құрамында көрсетілді. 2012 жылы қарыз қаражатын мерзімінен бұрын өтеу кезінде қарыздар қайта қаралған тиімді пайыздық мөлшерлемелер бойынша қайта есептелді және 4.174.647 мың теңге сомасындағы амортизацияланбай қалған дисконт сомасы капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қарыз шарттарының өзгеру нәтижесі ретінде қосымша төленген капиталдың азаюы ретінде танылды. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына амортизацияланбай қалған дисконт 3.437.245 мың теңгені құрады.

2013 жылдың желтоқсанында несие желісінің шарттарына қосымша өзгерістер енгізілді. Бас компанияның кез келген сәтте несие желісінің шеңберінде берілген транштарды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы елеулі өзгеріс болып табылады.

2020 жылдың ішінде берешек қалдығы толық көлемде өтелді.

### № 3 несие желісі

Мұндай несие желісі 2012 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген «Нұрлы жер» Бағдарламасының шеңберінде, бағыты – сатып алу құқығымен жалдау тұрғын үйі, (бұрынғы – «Өңірлерді дамыту бағдарламасы-2020») тұрғын үй құрылысының жобаларын қаржыландыруға 99.053.000 мың теңге жалпы сомаға ашылды. Шарт талаптарына сай Бас компания берілген қаражаттың төленуін мерзімінен бұрын талап етуге құқылы. Пайыздар жартыжылдық негізде төленеді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы несие желісі бойынша игерілмей қалған ақша қаражатының қалдығы 3.240.724 мың теңгені (2019 жыл: 4.284.106 мың теңгені) құрайды.

2020 жылдың ішінде Топ 17.989.737 мың теңге мөлшерінде борыштың негізгі сомасын және 1.313.954 мың теңге (2019 жыл: тиісінше 5.845.529 мың теңге және 1.535.128 мың теңге) сомада пайыздарды өтеді.

### № 4 несие желісі

2016 жылы Топ жылдық 2% сыйақы мөлшерлемесімен 18 жыл мерзімге «Жасыл квартал» әкімшілік-тұрғын үй кешенінің құрылысы бойынша жобаны қаржыландыруға 29.000.000 мың теңге жалпы сомаға несие шартын жасады. Шарт талаптарына сай Бас компания берілген қаражаттың төленуін мерзімінен бұрын талап етуге құқылы. 2016 жылдың ішінде Топ қарыздың бүкіл сомасын алды.

2020 жылдың ішінде Топ 2.797.357 мың теңге мөлшерінде борыштың негізгі сомасын және 481.358 мың теңге (2019 жыл: тиісінше 1.943.218 мың теңге және 542.650 мың теңге) сомада пайыздарды өтеді.

### № 6 несие желісі

2020 жылғы қаңтарда Топ жылдық 10% сыйақы мөлшерлемесімен 4 ай мерзімге «Vostochka» тұрғын үй кешенінің құрылысы бойынша жобаны қаржыландыруға 7.100.000 мың теңге жалпы сомаға несие шартын жасады. 2020 жылғы мамырда қосымша келісім жасалды, соған сай шарттың жалпы сомасы 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен 2.130.000 мың теңгеге дейін азайтылды. 2020 жылғы 1 қазанда берешек толық көлемде өтелді.





### «ForteBank» АҚ-мен несие желісі

2020 жылғы мамырда Топ «ForteBank» АҚ-мен жылдық 11% сыйақы мөлшерлемесімен 12 ай мерзімге «Vostochka» тұрғын үй кешенінің құрылысы бойынша жобаны қаржыландыруға 4.970.000 мың теңге жалпы сомаға несие шартын жасады. 2020 жылдың ішінде Топ 4.166.693 мың теңге мөлшерінде негізгі соманы және 132.643 мың теңге сомада пайыздарды өтеді. 4.970.000 мың теңге сомасындағы депозиттер (10-ескертпе) осы несиелік желі үшін кепіл ретінде берілген.

### «СККН Финанс» ЖШҚ-мен несие шарты

2020 жылғы желтоқсанда Топ «СККН Финанс» ЖШҚ-мен жылдық 7% сыйақы мөлшерлемесімен 21 ай мерзімге тұрғын үй кешенінің құрылысы бойынша жобаны іске асыру үшін 2.500.000 мың ресей рублі жалпы сомаға несие шартын жасады. Барлық қаражат кепілсіз негізде алынған.

## 21. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер жалға алушылар Топтың қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде салатын кепілдік төлемдерін білдіреді. Топ кепілдік төлемдерін жалға алушылардың жалдау мерзімінің соңында қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелерін өтеу үшін пайдаланады.

## 22. НЕСИЕЛІК БЕРЕШЕК

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына несиелік берешекке Топтың операциялық қызметі үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілердің алдындағы берешек кірді. 85.668 мың теңге (2019 жыл: 198.299 мың теңге) мөлшеріндегі несиелік берешек теңгемен білдірілген және пайызсыз болып табылады.

## 23. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Алынған аванстар | **1.118.749** | 646.146 |
| Эдельвейс ТК және Аккент ТК бойынша СБШ бойынша берешек | **449.906** | 1.438.832 |
| Жалақы бойынша берешек | **335.627** | 333.707 |
| Кепілдік берілген төлемдер бойынша міндеттемелер | **145.103** | 558.023 |
| Офистік ғимарат бойынша СБШ бойынша берешек | **130.089** | 219.639 |
| Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешек | **130.043** | 125.294 |
| «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС-тің операторлық қызметтері бойынша төлемдер | **53.324** | 222.786 |
| Келешек кезеңдер кірістері | **15.306** | 15.306 |
| «Нұрлы жер» бағдарламасының шеңберінде салушылар алдындағы берешек | **–** | 334.689 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | **72.136** | 74.341 |
| | **2.450.283** | 3.968.763 |

## 24. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2019 жылғы 25 маусымда Топ Қазақстанның қор биржасында бір данасы үшін 1.000 теңге номиналды құнымен және жылдық 10,5% купондық сыйақы мөлшерлемесімен және 2020 жылғы 30 маусымға дейін орналастыру мерзімімен 5.203.442 мың теңге жалпы сомаға корпоративтік облигацияларды орналастырды. 2020 жыл үшін бұл облигациялар бойынша есептелген сыйақы 273.181 мың теңге болды (2019 жыл: 283.804 мың теңге). 2020 жылдың ішінде Топ негізгі борыш пен купондық облигациялар бойынша есептелген сыйақы берешегін белгіленген мерзімде толық көлемде өтеді.

## 25. ТҮСІМ

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Дайын тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерін сатудан түскен кіріс | **8.691.511** | 6.373.576 |
| Қаржылық жалдаудан түскен кірістер | **6.634.849** | 5.342.733 |
| «Жасыл квартал» бағдарламасының шеңберінде нысаналы депозиттер бойынша сыйақылар | **1.371.343** | 1.468.732 |
| Құрылысты басқару және техникалық қадағалау үшін түскен кірістер | **1.225.360** | 561.927 |
| Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландырудан болған пайыздық кіріс *(15-ескертпе)* | **810.071** | 758.882 |
| Операциялық жалдаудан түскен кірістер | **341.407** | 386.146 |
| Мүлікті басқару үшін сыйақы | **295.971** | 350.196 |
| Дисконт амортизациясы *(15-ескертпе)* | **96.785** | 1.020.508 |
| Аяқталмаған құрылысты іске асырудан түскен кіріс *(7-ескертпе)* | **–** | 5.579.965 |
| Басқа да кірістер | **129.332** | 59.581 |
| | **19.596.629** | 21.902.246 |

Тауарлар мен қызметтерді өткізуден түскен түсімді мойындау мерзімдері былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Түсімді мойындау мерзімдері** | | |
| Қызметтер уақыт кезеңінің ішінде көрсетіледі | **10.905.118** | 9.948.705 |
| Тауарлар белгілі бір уақыт сәтінде беріледі | **8.691.511** | 11.953.541 |
| | **19.596.629** | 21.902.246 |

2020 және 2019 жылдардың ішінде тауарлар мен қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында өткізілді.

## 26. ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Өткізілген тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүліктің өзіндік құны *(7-ескертпе)* | **7.003.753** | 5.346.966 |
| Пайыздық шығыстар | **519.819** | 729.612 |
| Жылжымайтын мүлік объектілеріне қызмет көрсету | **226.132** | 492.153 |
| Операциялық салықтар | **159.133** | 161.157 |
| Тозу және амортизация | **105.660** | 102.859 |
| Өткізілген аяқталмаған құрылыстың өзіндік құны | **–** | 5.294.673 |
| Берілген қарыз бойынша дисконтты тану (15-ескертпе) | **–** | 306.088 |
| Дисконт амортизациясы | **–** | (14.424) |
| Басқасы | **3.724** | 63.209 |
| | **8.018.221** | 12.482.293 |



Жылдық есеп I «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

## 27. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Жалақы және тиісті салықтар | **1.349.281** | 1.320.711 |
| Кәсіби қызметтер | **160.334** | 178.417 |
| Тозу және амортизация | **48.457** | 43.533 |
| Қосылған құн салығы бойынша шығыстар | **43.533** | 270.456 |
| Жалдау | **34.562** | 41.435 |
| Мемлекеттік баж | **24.056** | 161.670 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | **21.380** | 19.984 |
| Іссапар шығыстары | **16.121** | 37.456 |
| Байланыс | **7.968** | 12.725 |
| Директорлар кеңесін ұстау бойынша шығыстар | **7.550** | 12.915 |
| Материалдар | **5.532** | 8.187 |
| Басқа да салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер | **2.802** | 970 |
| Банктердің комиссиялары | **2.331** | 3.894 |
| Ғимаратты күтіп ұстау бойынша шығыстар | **768** | 1.677 |
| Басқасы | **53.821** | 55.129 |
| | **1.778.496** | 2.169.159 |

## 28. ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАН ТҮСКЕН КІРІСТЕР / (ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШЫҒЫСТАРЫ)

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Қаржыландырудан түскен кірістер** | | |
| Банк депозиттері мен ағымдағы банк шоттары бойынша пайыздық кіріс | **1.212.623** | 1.027.103 |
| «Кері автоРЕПО» мәмілелері бойынша кіріс | **709.363** | 122.978 |
| Мемлекеттік облигациялар бойынша кіріс | **106.298** | 167.203 |
| Қаржы құралдары бойынша әділ құнның өзгеруінен түскен кіріс | **–** | 49.687 |
| | **2.028.284** | 1.366.971 |
| **Қаржыландыру шығыстары** | | |
| Қарыздар бойынша пайыздық шығыстар | **(1.605.590)** | (1.537.456) |
| Шығарылған облигациялар бойынша пайыздық шығыстар | **(273.181)** | (1.055.635) |
| Қаржыландыруды тартумен байланысты шығыстар | **(236.102)** | – |
| Корпоративтік облигацияларды шығарумен байланысты шығыстар | **–** | (53.180) |
| | **(2.114.873)** | (2.646.271) |

# 29. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

2020 және 2019 жылдардағы табыс салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар | **1.777.261** | 1.740.829 |
| Өткен кезеңдердің табыс салығын түзету | **–** | (252.192) |
| Уақытша айырмалардың туындауының және қайтарылуының нәтижесінде кейінге қалдырылған салық бойынша есептеу/(жеңілдік) | **327.909** | (339.660) |
| | **2.105.170** | 1.148.977 |

Төменде 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына табыс салығы бойынша шығыстармен бірге ресми белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік кіріске қолданылатын табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру берілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | **8.903.680** | 7.939.566 |
| Салықтың ресми мөлшерлемесі | **20%** | 20% |
| **Салықтың ресми мөлшерлемесі бойынша есептелген табыс салығы** | **1.780.736** | 1.587.913 |
| | | |
| Мемлекеттік бағалы қағаздардың купондық сыйақылары бойынша кірістер | **(163.132)** | (58.036) |
| Берілген қарыздар бойынша дисконтты тану | **–** | 58.333 |
| Резервтер бойынша кейінге қалдырылған салық активін есептен шығару | **218.203** | – |
| Өткен кезеңдердің табыс салығын түзету | **–** | (252.192) |
| Күмәнді берешек бойынша резервті есептеу | **198.246** | 208.315 |
| Субсидиялаудан болған кіріс | **–** | (268) |
| Қаржы құралдары бойынша дисконт амортизациясы | **(19.357)** | (204.102) |
| Берілген қарыздар бойынша кейінге қалдырылған күтілетін сыйақыны түзету | **–** | (235.339) |
| Басқа да тұрақты айырмалар | **90.474** | 44.353 |
| | **2.105.170** | 1.148.977 |

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің компоненттері төмендегідей көрсетілген:

| Мың теңгемен | Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | | Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | |
|---|---|---|---|---|
| | 2020 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2019 жыл |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | | | | |
| Берілген қарыздарға резервтер, ағымдағы қаржы активтері мен дебиторлық берешек | **42.807** | 261.010 | **(218.203)** | – |
| Салықтар | **2.955** | 2.638 | **317** | 1.444 |
| Капиталдандырылған сыйақылар | **–** | 8.291 | **(8.291)** | (5.805) |
| Келешек кезеңдер кірістері | **27.552** | 30.613 | **(3.061)** | – |
| Басқасы | **72.643** | 71.809 | **834** | 12.626 |
| | **145.957** | 374.361 | **(228.404)** | 8.265 |
| **Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері** | | | | |
| Негізгі құралдар | **(416.770)** | (397.649) | **(19.121)** | 29.738 |
| Берілген қарыздар бойынша күтілетін сыйақылар | **(80.384)** | – | **(80.384)** | 301.657 |
| Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу | **287** | – | **–** | – |
| | **(496.867)** | (397.649) | **(99.505)** | 331.395 |
| **Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері** | **(350.910)** | (23.288) | | |
| **Кейінге қалдырылған салық бойынша таза (есептеу)/жеңілдік** | | | **(327.909)** | 339.660 |



Жылдық есеп I «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелерін салыстыру:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға арналған сальдо** | **23.288** | 362.948 |
| Пайда немесе зиян құрамында мойындалған есепті жыл үшін кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдік | **327.909** | (339.660) |
| Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу | **(287)** | |
| **31 желтоқсанға сальдо** | **350.910** | 23.288 |

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың кейінге қалдырылған мойындалмаған салық активтері болмады.

# 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

«Бас компания бақылайтын ұйымдар» санатына Бас компания бақылайтын ұйымдар кіреді.

Байланысты тараптармен операциялар тараптар арасында келісілген шарттарда жасалды. Сатып алу және сату бойынша транзакциялар нарықтық шарттар бойынша жасалды. Жыл соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар қысқа мерзімді болып табылады, ал есеп айырысулар, төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай жасалады.

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топ байланысты тараптардың дебиторлық берешегінің құнсыздануын көрсетпеді. Мұндай бағалау әрбір қаржы жылы байланысты тараптың қаржылық жағдайын және оның қызметі жүзеге асырылған нарықты тексеру арқылы жасалды.

2020 және 2019 жылдар үшін байланысты тараптармен негізгі мәмілелер төменде көрсетілген.

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Бас компания бақылайтын ұйымдар** | | |
| Операциялық жалдаудан түскен кірістер | **14.958** | 482 |
| Байланысты тараптарға сатулар | **538.343** | 913.000 |
| Байланысты тараптардан сатып алу | **46.815** | 30.284 |
| | **600.116** | 943.766 |

Жоғарыда көрсетілген тармақтардың нәтижесінде Топтың 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптарға алынуға жататын/(төленетін) келесі сомалары болды:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| **Бас компания бақылайтын ұйымдар** | | |
| Сауда дебиторлық берешек | **27.087** | 44.304 |
| Кредиторлық берешек | **(5.954)** | (223.210) |

## Бас компаниядан алынған қарыздар

Бас компаниядан алынған қарыздың егжей-тегжейі *20-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

## 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

### Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2020 жылы негізгі басқарушы персонал жеті адамды құрады (2019 жыл: алты адам). Еңбекақы бойынша шығындарға енгізілген, негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақының жалпы сомасы есепті кезең бойынша 146.572 мың теңгені құрады (2019 жыл: 113.739 мың теңге). Негізгі басқарушы персоналға берілетін сыйақыға жыл қорытындылары бойынша жалақы мен сыйлықақы кіреді.

Топтың негізгі басқарушы қызметкерлердің мүшелеріне қатысты байланысты тараптарды анықтау үшін қосымша бақылау рәсімдерін жасады. Мұндай рәсімдердің нәтижесінде басқарушы персонал арқылы байланыстылық анықталмады.

## 31. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Шарттық міндеттемелер

2020 жылдың 31 желтоқсанына Топтың құрылыс компанияларымен жасалған шарттары бойынша 11.277.439 мың теңге (2019 жылы: 1.388.420 мың теңге) жалпы сомаға шартты міндеттемелері болды.

2019 жылғы 24 қаңтарда, Топ Бас компаниямен Әкімшілік ғимаратты сенімгерлік басқару шартын жасады. Топ коммерциялық алаңдарды байланысты және үшінші тараптарға жалға беру арқылы оларды басқарады. Шарт талаптарына сай Топ мүліктің сақталуын, лайықты қызмет етуін және пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

### Қаржылық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер – Топ жалға беруші ретінде

Топ белгілі бір тұрғын және тұрғын емес алаңдардан тұратын жылжымайтын мүлікті қаржылық жалдау шарттарын жасады. Бұл жалдау шарттары 10-20 жыл аралығындағы кезеңге жасалды.

### Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулер мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдері. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50%-80% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады. Белгілі жағдайларда тексерулер ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесінің екі ұштылығынан, салықтардың, егер олар болған жағдайда айыппұл санкциялары мен өсімақылардың түпкілікті сомасы қазіргі кезеңге жатқызылған және 2020 жылғы 31 желтоқсанға есептелген шығындар сомасынан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2020 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнаманы талқылау сәйкес болып табылады және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделгендерді немесе басқа да тәсілмен ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салықтар бойынша ұстанымы расталады деген мүмкіндік бар деп есептейді.



Жылдық есеп I «Samruk-Kazyna Construction» АҚ

## 32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне Бас компаниядан алынған қарыздар, кредиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер және басқа да ағымдағы міндеттемелер жатады. Аталған қаржылық міндеттемелер негізінен Топтың операциялық қызметін қаржыландыруға тарту үшін пайдаланылып отыр. Топтың ақша қаражаты мен оның баламалары, қаржылық жалдау бойынша берешек, сауда дебиторлық берешек, банктік депозиттер мен мемлекеттік облигациялар сияқты түрлі қаржылық активтері бар.

Осы қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдерге өтімділік тәуекелі мен несие тәуекелі жатады.

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – Топтың қаржылық міндеттемелері байланысты міндеттемелерді өтеуге арналған қаражатты алу кезінде қиындықтардың пайда болу тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтерді олардың әділ құнына жақын баға бойынша уақытылы сатуға қабілетсіздігі салдарынан туындауы мүмкін.

Топ өтімді қаражаттар қажеттілігін үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген орын алатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражатпен қамтамасыз етеді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 32.368.975 мың теңгеге (2019 жылы: 58.809.115 мың теңге) асты. Мұндай асып түсу негізінен Бас компанияның мұндай қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығына байланысты 79.921.403 мың теңге сомасында Бас компаниядан алынған қарыздарды қысқа мерзімді деп жіктеуден қалыптасты. Алайда, Бас компания одан кейінгі қаржылық қолдауды көрсетуге және қарыздардың мерзімінен бұрын қайтарылуын талап етпеуге дайын екендігін растады. Басшылық өзінің операциялық қызметін кеңейту арқылы, сондай-ақ Бас компаниядан алынатын қаржыландыру арқылы өтімді құралдардағы мұқтаждықты қамтамасыз етеді.

Төмендегі кестеде 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдері туралы қорытынды ақпарат берілген:

| Мың теңгемен | Талап етілгенге дейін | 3 айдан кем | 3-12 ай | 1-5 жыл | 5 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | |
| Қарыздар | **79.921.402** | **–** | **1.499.264** | **14.700.986** | **–** | **96.121.652** |
| Кредиторлық берешек | **–** | **85.668** | **–** | **–** | **–** | **85.668** |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | **–** | **–** | **2.450.283** | **–** | **–** | **2.450.283** |
| | **79.921.402** | **85.668** | **3.949.547** | **14.700.986** | **–** | **98.657.603** |

| Мың теңгемен | Талап етілгенге дейін | 3 айдан кем | 3-12 ай | 1-5 жыл | 5 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | |
| Қарыздар | 108.657.480 | – | – | – | – | 108.657.480 |
| Кредиторлық берешек | – | 198.299 | – | – | – | 198.299 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | – | – | 5.749.803 | – | – | 5.749.803 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | – | – | 3.968.763 | – | – | 3.968.763 |
| | 108.657.480 | 198.299 | 9.718.566 | – | – | 118.574.345 |

# 32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

## Несиелік тәуекел

Топты несиелік тәуекелге нақты ұшырататын қаржы құралдары, негізінен, банк салымдарындағы және ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражатынан, дебиторлық берешектен, берілген қарыздан және қаржылық жалдау берешегінен тұрады. Несиелік тәуекелдің барынша көп мөлшері әрбір қаржылық активтің баланстық құнымен берілген.

Топ өзінің операциялық қызметін және белгілі бір инвестициялық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында Топ, негізінен, қазақстандық банктерде салымдарды орналастырады.

Келесі кестеде құрылған резервтерді шегере отырып «Standard & Poor's» және «Fitch» агенттіктерінің несие рейтингілерін пайдалана отырып есепті күнге банктерде орналастырылған ақша қаражаттары, банк депозиттері бойынша сальдо көрсетілген:

| Мың теңгемен | Орналасқан жері | Рейтинг 2020 жыл | Рейтинг 2019 жыл | 2020 жылғы 31 желтоқсан | 2019 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| «АТФ Банк» АҚ | Қазақстан | **B-/тұрақты/B-** | B-/тұрақты/B | **36.029.312** | 37.750.240 |
| «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ | Қазақстан | **BB/тұрақты/BB+** | BB/тұрақты/B | **17.786.033** | 16.269.148 |
| «Forte Bank» АҚ | Қазақстан | **B+/тұрақты/B** | B+/тұрақты/B | **7.192.595** | 2.921.990 |
| First Heartland Jysan Invest | Қазақстан | **Рейтингісіз** | Рейтингісіз | **5.763.855** | 4.174.428 |
| «Альфа Банк» ЕБ АҚ | Қазақстан | **BB-/тұрақты/BB-** | BB-/позитивті/B | **13** | 15 |
| | | | | **66.771.808** | 61.115.821 |

## Қаржы құралдарының әділ құны

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мемлекеттік борыштық бағалы қағаздардан тұрды. Бұл қаржы активтері 1-деңгейге, әділ құнының дерек көздерінің иерархиясы бөлігінде әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жатады.

Басшылық ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттердің, сауда дебиторлық берешектің, сауда кредиторлық берешектің, банктік овердрафттардың және басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің әділ құны, ең алдымен, мұндай құралдарды өтеудің ұзақ емес мерзімдеріне орай шамамен олардың баланстық құнына тең болатындығын анықтады.

Қаржылық есептілікке қосылған қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны мұндай мәмілені жасағысы келетін тараптардың арасындағы ағымдағы мәміленің нәтижесінде мәжбүрлі сатудан немесе таратудан басқа, құралға айырбасталуы мүмкін соманы білдіреді. Әділ құнды айқындау үшін келесі әдістер мен болжамдар пайдаланылды:

- Топ дебиторлық берешекті, қаржылық жалдау берешегін және тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздарды пайыздық мөлшерлемелер, елге тән болатын тәуекел факторлары, клиенттің дербес төлем қабілеттілігі және қаржылық жобаға тән тәуекелдің сипаттамалары сияқты параметрлердің негізінде бағалайды. Осы бағалаудың негізінде бұл дебиторлық берешек бойынша күтілетін шығындарды есепке алу үшін резервтер құрылады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтерді шегере отырып мұндай дебиторлық берешектің баланстық құны шамамен оның әділ құнына тең болды.
- Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнге баға белгілеудің негізінде айқындалады. Бағасы белгіленбейтін құралдардың, банктер берген несиелердің және басқа да қаржылық берешектің, қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелердің, сондай-ақ басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің әділ құны өтеуге дейін қалған ұқсас шарттармен, несиелік тәуекелмен және мерзімдермен берешек үшін ағымдағы мөлшерлемелерді пайдалана отырып келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы айқындалады және әділ құн көздерінің иерархиясы бөлігінде 3-деңгейге жатады.
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны белсенді нарықтарда баға белгілеуінің негізінде айқындалады.

## Әділ құнды бағалау көздерінің иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және бағалау моделінің бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мынадай сатылылықты пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз).
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады.
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

Төмендегі кестеде Топтың активтері мен міндеттемелерін әділ құны бойынша бағалау иерархиясы көрсетілген.

*2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша активтерді бағалау иерархиясы*

| Мың теңгемен | Баланстық құн | Әділ құны | Пайдалана отырып әділ құнды бағалау: Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей) | Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Әділ құны бойынша бағаланатын активтер** | | | | | |
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары *(16-ескертпе)* | **905.303** | **905.303** | **905.303** | **–** | **–** |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер** | | | | | |
| Берілген қарыздар *(15-ескертпе)* | **11.882.344** | **11.882.344** | **–** | **–** | **11.882.344** |
| Қаржылық жалдау бойынша берешек *(9-ескертпе)* | **65.450.569** | **63.735.926** | **–** | **–** | **63.735.926** |
| Сауда дебиторлық берешек *(14-ескертпе)* | **275.445** | **275.445** | **–** | **–** | **275.445** |

*2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша міндеттемелерді бағалау иерархиясы*

| Мың теңгемен | Баланстық құн | Әділ құны | Пайдалана отырып әділ құнды бағалау: Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей) | Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер** | | | | | |
| Қарыздар *(20-ескертпе)* | 94.581.167 | 94.581.167 | – | – | 94.581.167 |
| Кредиторлық берешек *(22-ескертпе)* | 85.668 | 85.668 | – | – | 85.668 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 2.450.283 | 2.450.283 | – | – | 2.450.283 |

# 32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

## Әділ құнды бағалау көздерінің иерархиясы (жалғасы)

*2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша активтерді бағалау иерархиясы*

| Мың теңгемен | Баланстық құн | Әділ құны | Пайдалана отырып әділ құнды бағалау | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей) | Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей) |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын активтер** | | | | | |
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары *(16-ескертпе)* | 2.683.845 | 2.683.845 | 2.683.845 | – | – |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер** | | | | | |
| Берілген қарыздар *(15-ескертпе)* | 9.549.482 | 9.540.294 | – | – | 9.540.294 |
| Қаржылық жалдау бойынша берешек *(9-ескертпе)* | 62.599.183 | 55.962.468 | – | – | 55.962.468 |
| Сауда дебиторлық берешек *(14-ескертпе)* | 6.164.853 | 6.164.853 | – | – | 6.164.853 |

*2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша міндеттемелерді бағалау иерархиясы*

| Мың теңгемен | Баланстық құн | Әділ құны | Пайдалана отырып әділ құнды бағалау | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей) | Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей) |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер** | | | | | |
| Бас компаниядан алынған қарыздар *(20-ескертпе)* | 108.657.480 | 108.657.480 | – | – | 108.657.480 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер *(24-ескертпе)* | 5.487.246 | 5.527.790 | 5.527.790 | – | – |
| Кредиторлық берешек *(22-ескертпе)* | 198.299 | 198.299 | – | – | 198.299 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 2.564.574 | 2.564.574 | – | – | 2.564.574 |





## Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгеріс

| Мың теңгемен | 2020 жылдың 1 қаңтарына | Ақша қаражаттарының түсуі | Ақша қаражаттарының кетуі | Валюта бағамдарының өзгеруі | Төленген пайыздар | Басқасы | 2020 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыздар | **108.657.480** | **21.825.145** | **(34.371.093)** | **150.000** | **(3.805.772)** | **2.125.407** | **94.581.167** |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | **5.487.246** | **–** | **(5.203.442)** | **–** | **(556.985)** | **273.181** | **–** |
| **Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны** | **114.144.726** | **21.825.145** | **(39.574.535)** | **150.000** | **(4.362.757)** | **2.398.588** | **94.581.167** |

| Мың теңгемен | 2019 жылдың 1 қаңтарына | Ақша қаражаттарының түсуі | Ақша қаражаттарының кетуі | Валюта бағамдарының өзгеруі | Төленген пайыздар | Басқасы | 2019 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыздар | 121.376.545 | 2.280.184 | (15.154.644) | – | (2.097.249) | 2.252.644 | 108.657.480 |
| Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер | 20.022.222 | 5.203.442 | (20.000.000) | – | (794.053) | 1.055.635 | 5.487.246 |
| **Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны** | 141.398.767 | 7.483.626 | (35.154.644) | – | (2.891.302) | 3.308.279 | 114.144.726 |

«Басқасы» бағанында қарыздар бойынша, оның ішінде жалдау міндеттемесі бойынша есептелген, бірақ төленбеген пайыздардың сомалары көрсетілген. Топ төленген пайыздарды операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде жіктейді.

## Капиталды басқару

Топтың капиталын басқарудың басты мақсаты қызметін қолдау және акционерлік құнын барынша көбейту мақсатында капитал толықтығының тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету болап табылады.

Топ капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайдағы өзгерістерді ескере отырып түзетеді. Құрылған күннен бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең ішінде мақсаттарға, саясаттарға немесе процестерге бірде бір өзгеріс енгізілмеді.

Топ таза қарыздардың жалпы капиталға қатыстылығын білдіретін қарыз коэффициентін пайдалану арқылы капитал мониторингін жүзеге асырады. Топ Бас компаниядан алынған қарыздар, мемлекеттік облигациялар мен кредиторлық берешекті таза берешектің құрамына қосады.

Кестеде Топтың 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына берешек коэффициенті көрсетілген:

| Мың теңгемен | 2020 жыл | 2019 жыл |
|---|---|---|
| Қарыздар | **94.581.167** | 108.657.480 |
| Кредиторлық берешек | **85.668** | 198.299 |
| Корпоративтік облигациялар | **–** | 5.487.246 |
| **Таза берешек** | **94.666.835** | 114.343.025 |
| | | |
| Капитал | **51.947.725** | 45.058.729 |
| **Берешек коэффициенті** | **1,82** | 2,54 |

# БАЙЛАНЫСҚА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

**«Samruk-Kazyna Construction» АҚ.**
010000, Нұр-Сұлтан қ., «Есіл» ауданы,
ул. Сығанақ, 17/10-үй,
**Тел.:** +7 7172 570210 (қабылдау бөлімі),
**Факс** +7 7172 575522, info@fnsk.kz